Профессор Т.К. Рисимбетовтың [6] мәліметтеріне сәйкес, «соңғы жарты ғасырда Созақ өңірінің табиғи жайылымның өнімділігі гектарына 3 ц-ден 1,5 ц-ге дейін азайып, жайылым отының құнарлығы төмендеумен қатар табиғи өсімдіктердің ботаникалық құрылымында мал жемейтін және зиянды өсімдіктердің үлес салмағы 25%-ға артқан. Созақ өңіріндегі дегредацияға ұшыраған табиғи жайылымның аумағы 599 мың гектарға жетіп, жайылым алқаптарының 26,5%-н құрады.

Табиғи жайылымның өнімділігінің төмендеуі өсімдіктердің қоректік құнарлығының нашарлауы, жайлым бірлігіне мал басының тығыздығының артуы қоршаған ортаға экологиялық қысымды 1,7 есеге арттыра түсті. Сондықтан антропогендік экологиялық факторлардың зиянды әсерін тежеуге жанжақты зерттелген ғылыми негіздеме қажет».

Қазақстан территориясында ядролық зерттеу және энергетикалық құрылғылар, полиметал, мұнай мен газ, уран кен орындарындағы өндіру және өңдеу жұмыстарында радиоактивті ластану байқалады. Елімізде 800-ден астам кәсіпорындар 80000-нан астам иондаушы сәуле көзін пайдаланады екен. Олардың жалпы белсенділігі 250 мың кюриден астам. Шамамен 20000 (80 мың кюри) иондаушы сәуле көзі өндірістен шығарылған және көмілуді қажет етеді.

Шығыс Қазақстан облысындағы «Үлбі» комбинатының өнеркәсіптік территориясында 15 радиоактивті ластану учаскелері табылып, оның 13-і жойылған [2].

Радиоактивті қалдықтар. Радиоактивті қалдықтарға болашақта пайдалануға жатпайтын кез келген агрегаттық күйдегі мына заттар жатады [6].

1) құрамындағы радионуклид Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген деңгейден асып кеткен материалдар, бұйымдар, жабдық, биологиялық туынды объектілер;

2) пайдаланылған, өңдеуге келмейтін ядролық отын;

3) өзінің ресурсын тауысқан немесе зақымданған радионуклидті көздер;

4) құрамындағы радионуклид Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген деңгейден асып кеткен, жер қойнауынан алынған және үйінділерге және жер қыртыстарына қоймаланған тау жыныстары, кендер, кендерді байыту мен сілтісіздендірудің қалдықтары.

Ал Каспий маңы аймағын зерттеуші, биолог-ғалым А. Бегалиев Маңғыстаудағы «Қошқар ата» уран қалдықтарын сақтау қоймасы мен Атыраудағы Ембі кеніштері және мұнай өңдеу зауыты қоршаған орта мен ағзаға зиянды әсері туралы сұхбат берген. Дерекке жүгінсек, жалпы көлемі 400 миллион тоннадан асатын улы және радиоактивтік қалдықтар жиналған «Қошқар ата» уран қалдықтарын сақтау қоймасы Ақтау қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан. 1965 жылдардан бері Каспий маңындағы тау-кен металлургиялық комбинаты, химия-гидрометаллургиялық зауыт, азот зауыты, күкірт қышқылы мен энергия зауыты, сондай-ақ Атырау мұнай өңдеу зауыты, Ембі кеніштерінің қатты радиоактивтік қалдықтары (ондағы уран қалдығы -105 миллион тонна) сол қоймада сақталып, ал оның беткі қабаты өндірістің сұйық қалдықтарымен жабылып отырған.

Жалпы радиация желдің ығымен Мұнайлы ауданының өзге елдімекендері – Маңғыстау-1, Маңғыстау-2, Ақшұқыр ауылдарына дейін созылады. Бұл өңірдегі радиациялық фон шекті мөлшерден 2-3 есеге көп.

Соңғы жылдары Каспий жағалауынан Итбалықтардың жаппай қырылу фактісін жиі кездестіруге болады. Оның басты себебі мұнайдың ластауы салдарынан туындап отыр. Атыраудағы Ембі кеніштері, Құлсары маңындағы радиациялық фон Семей полигоны фонынан да асады.

Сондай-ақ Тайсойған полигонының зардабы баршаға белгілі, бірақ осы күнге дейін ол туралы ешқандай хабар белгісіз

2017 жылдың қарашасында Франция ядролық және радиациялық қауіпсіздік институты (IRSN) Еуропаның үстінен радиобелсенді бұлтты анықтағандарын мәлімдеген еді. Олар «бұлт» Ресейден, не Қазақстаннан тараған деп болжайды. Институт мамандары, «қазір адамдар денсаулығына қауіп жоқ, бірақ радиация тараған кезде сол маңнан бірнеше километр радиуста тұратын адамдарды көшіру керек» деп дабыл қаққан. Ал Қазақстандағы тиісті мекемелердің өкілдері радиацияның Қазақстаннан тарағанын жоққа шығарған [7].

Қорытынды

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін заңмен белгіленген жалпы талаптарды сақтау міндеті жүктелінеді [1]. Бұл талаптарды сақтамағаны үшін заңды жауаптылық көзделген. Жауаптылық халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі болмақ. Дегенмен де, заңды жауаптылық кінәлілерді радиациялық қауіптен келген зардаптың орнын толтырудан босатпайды. Азаматтардың иондаушы сәулелендірудің белгіленген шегінен тыс немесе радиациялық авария салдарынан сәуле алуға байланысты өз өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның орны толтырылуына және мүліктік залалдардың орны толтырылуына құқығы бар [1]. Азаматтардың таза экологиялық жағдайға деген құқығын қамтамасыз ету мемлекет кепілдігінде, деп ресми танысақ та, сот тәжірбиесінде елдегі радиациялық жағдайлар бойынша кінәлі тұлғалар анықталып, жауаптылыққа тартылған заңды сот үкімін кездестіре алмаймыз. Ал бұл, қоршаған ортаны қорғау шараларының нәтижелілігі тек әрбір планета азаматының бойында патриоттық сезім, жоғары құқықтық экологиялық мәдениет пен сана қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады деген сөз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі №219 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000219
2. Ергозова Ж.. Қазақстан Республикасының радиациялық ахуалы. ҚазҰУ Хабаршысы, 2012. //https://articlekz.com/kk/article/16913
3. Қабанбаева Г.Б.. Экологиялық қауіпсіздік және ғарыш: Монография. – Алматы, 2016- 86 б.; Севастьянов, В.И., Урсул А.Д., Школенко Ю.А. Освоение космоса и экологическая проблема: общество и природная среда. – М., 1980. – С. 115-119.
4. Смирнов С.. Атомные горизонты Казахстана // Журнал Kazakhstan №1, 2013 г.
5. ОҚО Созақ ауданында уран өндіруге байланысты қалыптасқан экологиялық жағдайлар. //www.uniface.kz/education/index.php?post=article&section=4&id=317
6. Рисимбетов Т.К. Химический состав и питательность кормов каракулеводческих совхозов Чимкентской области //Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана.-Алма-Ата, 1972. – №7.
7. Р. Мамырбек. Радиацияның Қазақстаннан тарағанын мамандар жоққа шығарды. 10 қараша, 2017 // https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_nuclear_radiation/28845956.html

Mutubaeva D.M.
PhD student
Law faculty
KarSU after E.A. Buketov
Karaganda city
E-mail: www.721-1514@sud.kz, www. dilnaz82@list.ru

HISTORY AND DEVELOPMENT OF THE JUVENILE COURTS

Түйін: *Мақалада әртүрлі құқық жүйесіндегі жасөспірімдер сотының даму тарихының қалыптасу тәжірибесіне және тарихына зерттеу жүргізіледі.*

Түйінді сөздер: *Пекин ережелері, АҚШ, Кәмелетке толмағандар істер жөніндегі Соты.*

Резюме: *В статье раскрывается опыт становления и исследование истории развития ювенальных судов в различных правовых системах.*

Ключевые слова: *Пекинские правила, США, Суд по делам несовершеннолетних.*

Summary: *The article is devoted to the experience of becoming and research of the history development of the juvenile courts in different justice systems.*

Key words: *The Beijing rules, The USA, Juvenile court.*

International standards show the need of internal law improvement and creating of a new system of justice to juvenile. According to the Convention on the Rights of the Child (1989) paragraph 3 article 40, member states tend to assist in the establishment of laws, procedures, bodies and institutions directly relevant to children. The children, who are considered to have violated criminal law, accused or found guilty. [1] The UN rules for the protection of the juveniles rights deprived of their liberty (1990), also highlight the need for a juvenile justice system and the UN standard rules for the administration of juvenile justice (Beijing rules 1995) [2].

The juvenile justice system was originated in the 19th century in Chicago, the United States. When the first-ever juvenile court was established on July 2, 1899, based on "the law on abandoned, homeless and criminal children and their care" Illinois State.

Lucy Flower from Chicago Women's Club and Julia Latrop from the public organization "Hull House" worked to organize the juvenile court.

They followed the aims of establishment of the law and then the creation of the juvenile court [3].

However, it was a long process with gradual formation of the juvenile justice main features.

At first, children' shelters opened. The first shelters in the USA appeared in the 20s of the 19th century in New York, Philadelphia and Boston [3].

At this time, in the USA begins rapid development of the industry. It leads to migration of the rural population to the cities. Further, this situation entails a crisis, disorder, poverty, unemployment, the growth of homelessness and juvenile delinquency [3].

The head of the programs of restorative justice of "Judicial and legal reform" center, Russia, Rustem Maksutov mentions that juvenile justice appeared not because individual children committed crimes, but because the commission of crimes by children became massive [3].

Therefore, first shelters were more as a shelter for street and abandoned children. The purpose was to isolate them from the corrupting and unwholesome urban life influence [3].

The shelters and the foster care system were initially aimed at all children without parental care. Their main aim was to fulfill the role of the family, to help the child to recover and to choose the right way in life [3].

However, the juvenile justice system arises when shelters and child welfare services begin to promote the full rehabilitation of the juvenile offender. And the juvenile delinquency draws more attention [3].

As a result, the specialist courts were established. These courts worked absolutely different from the modern courts. The main actors in the trials, along with the judges, were state and public trustees. Moreover, the judge managed the work of the services of trusteeship [3].

In addition, the trial took place in a quiet atmosphere, in a specially equipped homelike room. During a confidential conversation with a juvenile, the judge has already known not only about the child's deeds, but also could understand whether he regrets or not. The judges were aware of juvenile's life, parents and sur-

roundings. In sentencing, educational measures were taken, in most cases, or suspended sentences for serious offences. The trustees had a great responsibility to control the child's future and help to become a full member of society. Juvenile justice was not focused on punishing, but on recovery and supporting the juveniles.

During two decades after the creation of the first juvenile court in Chicago, the juvenile justice system began its great development in different countries and continents [3].

And in July 1908 juvenile justice began to function in Canada, in August 1905 in England, in May 1912 in Belgium, in 1905 in the Netherlands, in 1910 in Russia, in 1919 in Poland, in March 1914 in France, in 1908 in Hungary, in August 2 1918 in Spain, in May 1908 in Italy, in December 1924 in Greece [3].

The history shows that the first juvenile court in Russia was established in St. Petersburg on January 22, 1910. The court cases were considered by a justice of the peace, who also realized judicial supervision over the work of institutions taking care of minors. However, juvenile justice in Russia ceased to exist on April 17, 1918, in accordance with the decree by the Council of People's Commissars [3].

By the time of the October revolution, juvenile courts already functioned in Petrograd, Moscow, Kharkov, Kiev, Odessa, Libava, Tomsk, Riga, and Saratov.

The work of these courts was highly evaluated in the Russian pre-revolutionary and Soviet legal literature of the 20s [3].

In most countries juvenile courts began to receive the official authorities' support, while being established. But in Tsarist Russia the government actually ignored the efforts of public forces. Nevertheless, progressive Russian pre-revolutionary lawyers considered the model of the Russian court to be the most successful, because of its broad jurisdiction, the relationship with the population and being a world court. The judges for minors were aware of child psychology, plus they had to have the lack of formal judicial process in this court. Up to 70 per cent of juvenile delinquents were sent under the supervision of trustees, who monitored their behavior, rather than being sent to prisons. But after all, this Russian juvenile justice system ceased to exist under the decree of the Council of People's Commissars of January 17, 1918 and was replaced by another system. This system was thought to be more humane, more adapted to children and minors treatment. The juvenile justice system reformation began in January 1918 and continued in March 1920. It referred to decrees of the Soviet government of January 17, 1918 «on commissions on minors' affairs» and «trials of minors" of March 4, 1920 [4].

The decree «on commissions on minors' affairs» brought significant changes in the Russian juvenile justice system. It abolished the imprisonment of minors and juvenile courts.

In all fairness, it should be said that the Commission on minors took the experience of the juvenile courts of pre-revolutionary Russia. It included the organization of social services for the study of the personality and living conditions of juvenile offenders. However, the lack of knowledge and experience in judicial activities of commissions members brought to remember the courts [5].

One of the Russian journals describes the creation of juvenile courts in Russia. The state Duma of the Russian Federation adopted in the first reading the draft law «on amendments to the federal constitutional law of the Russian Federation «On the judicial system of the Russian Federation» (on the creation of juvenile courts) on February 15, 2002. The law was not adopted in the second reading in 2004 [6].

But the establishment of juvenile courts was under consideration before April 15, 2010. Despite this, the juvenile courts have already been established and act in the pilot areas of Russia (30) on orders from above, infracting the Constitution of the Russian Federation (part 3 article 118) [7].

On April 15, 2010 Doroshkov V., the judge of the Supreme court of the Russian Federation, said that the juvenile courts would no longer be established in Russia. Since Russia was not prepared for the juvenile justice establishment. The program of the juvenile courts creation has lost the government control [7].

But, despite this, the new juvenile court opens in Azov on April 20, 2010. And juvenile courts continue to operate in the regions of Russia [7].

In Kazakhstan, Soros Kazakhstan Foundation has launched the pilot project «juvenile justice in Kazakhstan» on March 17, 2003. The project completed in 2007. As a result, the juvenile justice system established and district juvenile courts operate throughout Kazakhstan.

After four years of the pilot project «juvenile justice in Kazakhstan», the first pilot juvenile courts in the country were established by the decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated 23 August, 2007 «on Specialized Inter-District Juvenile Court formation in Astana and Almaty". At the same time, the courts were focused on the protection of the rights and interests of minors. It helped to promote the humanization in

criminal proceedings and to identify problems. In 2012 juvenile courts were established in other regions of Kazakhstan.

The Supreme Court of the Republic of Kazakhstan the first declared the need of a juvenile court establishment. And in Asia such specialized inter district juvenile courts exist only in Kazakhstan. And a lot of efforts have been made for its development in the juvenile justice system.

Juvenile services, together with the work of social services are able to resolve disputes of family legislation.

The juvenile court in Kazakhstan poses as an important part in the juvenile justice system.

The court provides wide opportunities in addressing issues related to the protection of the rights and legitimate interests of minors, and the only one in Central Asia meets modern international standards.

REFERENCES:

1. Convention on the rights of the child of 12 August, 1994, database “Adilet”, Available at: http://zan.kz/rus/search/docs/fulltext/
2. Beijing rules of 29 November, 1985 by UN General Assembly Resolution 40/33, database “Adilet”, Available at: http://zan.kz/rus/search/docs/fulltext/
3. Juvenile system, Available at: //http/www.google.ru/
4. Juvenile system problems, Available at: / http/www.google.ru/
5. Website: http://duma.gov.ru/faces/lawsearch/gointra.jsp?c=38948-3/
6. Website: http://constitution.ru/10003000/10003000-9.html/
7. Website:http://azovsky.ros.sudrf.ru/modules.php?name=press_dep&op=1 &did/
8. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “on Specialized Inter-District Juvenile Court formation in Astana and Almaty” dated 23 August, 2007, database “Adilet”, Available at: http://zan.kz/rus/search/docs/fulltext/
9. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “on Specialized Inter-District Juvenile Court formation dated 4 February, 2012, No.266, database “Adilet”, Available at: http://zan.kz/rus/search/docs/fulltext/

Нұрбек Д.Т.
құқық магистрі,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құқық және
экономика факультетінің қылмыстық – құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
Талдықорған қаласы, rufat.dana@mail.ru

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

Түйіндеме: *Бұл мақалада сотқа дейінгі терген-тексерудің нысандары мен кезеңдері қарастырылған. Сонымен қатар сотқа дейінгі терген-тексеруге қатысты белгілі заңгер ғалымдардың берген анықтамаларына және ой-тұжырымдарына талдау жүргізілген және сотқа дейінгі терген-тексеру құзыреттілігі берілген тергеушінің өкілеттіліктері баяндалған.*

Анотация: *В этой статье рассматриваются формы и этапы досудебного расследования. А также был проведен анализ определений и выводов известного ученых юристов, который по отношению к путем досудебного расследования и полномочия следователя в компетенции предварительного следствия.*

Annotation: *This article discusses the forms and stages of pre-trial investigation. Also, an analysis was made of the definitions and conclusions of the well-known legal scholars, who in relation to the pre-trial investigation and the powers of the investigator are within the competence of the preliminary investigation.*

Жалпы, қылмыстарды тергеуді ұйымдастырудың элементтеріне нақты қылмысты тергеудің мақсаттары мен міндеттерін айқындау, ол міндеттерді шешудің жолдары мен тәсілдерін және жүргізілу ретін анықтау, қолда бар құралдар мен күштерді орнықтыру жатады. Бұл элементтердің жүзеге асырылуы қылмыстарды ұйымдастырудың келесідегідей әдістері мен амалдары арқылы орындалады, яғни қылмыс туралы мәліметтерді тексеру, тергеуді жоспарлау, құқық қорғау және басқа да органдардың өзара әрекеттестігін қамтамасыздандыру, тергеушілер тобының қызметін ұйымдастыру, қылмыстық істің құжаттамасын рәсімдеу. Бұл ретте әрбір әдістемелік элемент жалпы алғанда сотқа дейінгі терген-тексерудің жүргізудің жалпы шарттарын қамтамасыз етеді.

Сотқа дейінгі терген-тексеру дегеніміз – сотқа дейінгі терген-тексерудің басталғаннан кейінгі қылмыстық процестің сатысын басынан аяғына дейін қамтитын қызмет. Сотқа дейінгі терген – тексеру органдары бұл сатыда жасалған қылмыстың барлық мән-жайларын: қылмыс оқиғасын, айыпталушының тұлғасын, оның кінәлілігі мен қылмыстық ниетін, келтірілген шығынның мөлшерін, қылмыстың жасалуына түрткі болған себептер мен басқа да жағдайларды егжей-тегжейлі анықтауға міндетті.

Нақтырақ айтқанда, сотқа дейінгі терген-тексеру – қылмыстарды ашу, адамдарды әшкерелеу, қылмыстық жауаптылыққа тарту, қылмыстық істің барлық мән-жайларын анықтау және қылмыстық іс жүргізудің өзге де міндеттерін шешу бойынша анықтау органдарының, сотқа дейінгі терген-тексеру және прокуратураның заңмен реттелген қызметі болып табылады.

А.А. Гарницкий былай дейді: «Алдын ала тергеу – қылмыстық процестің сатысы, ол кезеңде тергеу және анықтама органдары, жұртшылықтың көмегіне сүйене отырып және заңда белгіленген тәртіпте, қылмыстың алдын алу жөніндегі қызметін жүзеге асырады, жасалған қылмыстарды ашу, кінәлілерді жауапқа тарту жұмыстарын жүргізеді, қылмыстық оқиғаның немесе құрамның немесе істі сотқа жіберу үшін негіздің бар-жоғын анықтайды».

«Алдын ала тергеу дегеніміз – қылмыстық процестің сатыларының бірі» – деп жазады Н.Ц. Логин мен Ф.Н. Фаткуллин [1, 26].

Белгілі профессор ғалым Н.А. Якубович алдын ала тергеудің мынадай міндеттерін атайды:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толықтай ашу, адамдарды әшкерелеу;

2) қылмыстық істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу;

3) дәлелдемелерді табу және оларды кейін болатын соттық талқылау үдерісінде қолдану үшін іс жүргізу бойынша бекіту;

4) адамды және азаматты негігсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге;

5) сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс [2,89].

Ал К.К. Панько пікірі бойынша, қызмет түрі ретінде алдын ала тергеудің мынадай өлшем-белгілері бар:

1) құзырлы орган қылмыс құрамының объективті жақтарының белгілерін көрсеткен себептер мен жеткілікті айғақтар болса ғана алдын ала тергеу басталады;

2) алдын ала тергеу – қашан да қылмыстық процессуалдық әрекет;

3) алдын ала тергеуді заңмен белгіленген сотқа дейінгі қылмыстық-процессуалдық әрекетті жүзеге асыруға өкілеттілігі бар арнаулы маман ғана жүргізе алады [3,77].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру – бұл сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаннан кейінгі қылмыстық іс жүргізу сатыларының бірі болып саналады. Бұл сатыда анықтау органдары, тергеуші және прокурор қылмыстық іс жүргізу заңдары талаптарына сәйкес қылмысты ашу, күдікті адамды ұстау қызметін, айыптау мақсатындағы дәлелдемелер, айғақтар жинау жөніндегі бірқатар тергеу және басқа іс әрекеттерді жүргізеді. Одан кейін соттың әділ жазалау шараларын шығаруын жүзеге асырады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында жинақталған материалдар негізінен сот мәжілісінде зерттеледі. Оны сот бағалап, сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы шешім қабылдайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге дейін қылмыс белгілерін анықтау және қылмыстық істі қозғау процестері жүргізіледі.

Қылмыстардың көпшілігі бойынша алдын ала тергеу жүргізіледі, сондықтан бұл қылмыстық істі сотқа дейін тергеудің негізгі формасы деуге болады. Жеке айыптау тәртібімен қылмыстық қудалау бойынша қылмысты тергеу ерекше жағдай болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау органдарындағы қылмыстық іс жүргізу қызметінің іс жүргізу құжаттарын құрайтын мерзімі мен саны бойынша ең үлкен бөлімі болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс бойынша дәлелдеме айғақтардың ең көп бөлігі жинақталады және ашылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тергеу тергеушілер, анықтау органдары, анықтаушылар арқылы жүргізіледі. Ал бұл қылмыстың қылмыстық іс жүргізу заңдарын дұрыс қолданудың адам мен азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтаудың маңызды кепілі болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жалпы талабына жататындар: *заңдылық, жан-жақтылық, толықтылық, өндірістегі бірқатар жалпы талаптарды сақтауға байланысты болатын алдын ала тергеудің объективтілігі.* Олар өзін заңмен белгіленген және қылмыстық іс жүргізу қызметінің осы түрінің өзіне тән ерекшеліктерін белгілейтін қылмыстық процестің қағидаттарына байланысты ережелер оған қойылатын өте маңызды талаптар ретінде көрсетеді. Қылмыстың мән-жайын ең қысқа мерзімде және күш пен құралды өте аз жұмсау арқылы белгілеу алдын ала тергеу шарттарының бірі болып саналады. Сонымен бірге шарттар жеке адам мен азаматтың құқығы мен бостандығына кепілдік жасайды, мүмкін болатын қателердің алдын алады, болдырмайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру міндеттері болып қылмысты тез және толық ашу, оны жасаған адамды табу және бөлектеу саналады. Әрбір іс бойынша алдын ала тергеу жан-жақтылық, толықтық, объективтілік және істің мән-жайын зерттеудің шапшандығы сияқты талаптарға жауап беруі қажет. Алдын ала тергеудің сапасын арттыру мақсатында заңдылықты қатаң сақтау керек. Ең алдымен қылмыстық жауаптылыққа кінәлілерді дер кезінде тартуды тергеу әрекеттерін жекелеп және олардың барлығын біріктіріп жүргізу тәртібін реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларын сақтау өте маңызды.

Сонымен қатар, тергеу барысында кінәлі адамның айыбын айғақтайтын да, ақтайтын да немесе айыпты жауапкершілігін жеңілдететін де мән-жайлардың ашылуы және зерттелуі мүмкін. Тергеу органдарына қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен мән-жайларды ашу, одан әрі оны болдырмаудың алдын алу шараларын қабылдау міндеті жүктелген. Сонымен бірге алдын ала тергеу қылмыс кезінде келтірілген материалдық шығынды өндіруді қамтамасыз ету жөніндегі дер кезінде шаралар қабылдауға бағытталған [4, 60].

Тергеу іс-әрекеттері – бұл тергеушінің немесе анықтау органының қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес жүргізілетін іс жүргізу әрекеттері. Бұл әрекеттер қылмыстық істі объективті және толық анықтау үшін маңызы бар дәлелдемелерді тексеру, қорыту, жинау жолымен фактілі мәліметтерді белгілеуге бағытталады.

Басқа іс жүргізу әрекеттерімен салыстырғанда тергеу әрекеттері мынадай белгілермен сипатталады:

а) олар анықтау, тергеу органдары, тергеуші, анықтаушы үшін танымдық сипатқа ие болады;

б) алдын ала тергеу немесе қайтадан ашылған жағдайына байланысты қылмыстық істі тергеу сатыларында ғана тергеу әрекеттерін жүргізу;

в) бұл қызмет тек тергеу әрекеттері өндірісінің тәртібін реттейтін іс жүргізу заңы негізінде жүзеге асады (жинау, қорыту, дәлелдемелерді алу);

Ережеге сай, заң әдебиеттерінде тергеу әрекеттері екі топқа бөлінеді:

а) дәлелдемелерді бекіту, тексеру, жинауға бағытталған тергеу іс-әрекеттері (қарау, тінту, алу, тергеу эксперименті, тану, т.б.);

б) сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қатысушы адамдардың құқығын қамтамасыз етуге бағытталған тергеу іс-әрекеттері (мысалы, айыпталушыға іс бойынша өтініштерді, шағымдарды қарау, жәбірленушінің іске қатысты барлық материалдармен танысу құқығын түсіндіру).

Енді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тергеушінің негізгі өкілеттіктеріне тоқталып өтейік.

Жалпы алғанда, тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға заңдарда белгіленген адамдарды тарта отырып, олардың жеке басын анықтайды, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің тәртібін түсіндіреді. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу ісін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде техникалық құралдар қолданылуы және қылмыс іздері мен заттай дәлелдерді анықтаудың, бекіту мен алудың ғылыми негізделген әдістері қолданылуы мүмкін.

Тергеудің алғашқы кезеңінде тергеуші төмендегідей негізгі мәселелерді шешіп алуы қажет:

– сотқа дейінгі тергеп-тексеруге байланысты шешім қабылдау кезіндегі мәліметтер негізінде қылмыстық оқиға туралы жасалған жалпы типтік болжауларды тексеру;

– зерттеуге жататын деректерді анықтау;

– жоғалып немесе жойылып кетуі мүмкін дәлелдемелерді кейінге қалдырмай жинау және бекіту; қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды іздестіру және ұстау үшін қажетті шараларды дер кезінде қолдану;

– қылмыспен келтірілген залалдардың орнын толтыруға байланысты жедел шаралар қабылдау;

– қылмыстың жасалуына мүмкіндік туғызған мән-жайларды анықтауға байланысты жұмыстарды жүзеге асыру;

Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде күш қолдануға, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды қолдануға, сонымен қатар оған қатысушы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызуға жол берілмейді.

Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға анықтау органының қызметкерін тартуға құқылы.

Тергеу әрекеттерінің түрлеріне мыналар жатады:

1) қарап – тексеру;
2) күдіктіні ұстау;
3) жауап алу;
4) беттестіру;
5) тінту;
6) алу;
7) тану үшін көрсету;
8) куәландыру;
9) сараптама тағайындау;
10) тергеу эксперименті;
11) айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау;
12) үлгілерді алу;
13) эксгумация;
14) жасырын тергеу әрекеттері;
15) нәрселер мен құжаттарды беру [5, 96]

Тергеу іс-әрекеттерін тек сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейін арнайы өкілетті органдар мен лауазымды адамдар жүргізеді. Барлық тергеу әрекеттері нақты және заңды негіздемелер болған кезде ғана жүргізіледі.

Нақты негіздемелер – бұл белгілі бір қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін орындау қажеттілігі мен мүмкіндігі растайтын нақты мәліметтердің жиынтығы.

Заңды негіздеме – белгілі бір қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін орындайтын адамның заңды күшінің жиынтығы.

Кейде тергеу әрекеті өндірісі туралы шешім қаулы (тінту) түрінде, ал кейде хаттама түрінде (күдіктіні ұстау) көрініс табады. Бірқатар тергеу әрекеттерін анықтау барысында куәгерлердің және заңмен көзделген адамдардың қатысуы талап етіледі (тінту, қарау, алу, куәландыру, тергеу эксперименті, тану). Тергеу әрекеттері барысында ғылыми-техникалық құралдар мен жабдықтарды қолдану мүмкіндігі туындайтын кездер болады. Мұндай жағдайда ол туралы тергеу әрекеті басталмас бұрын қатысушылардың барлығына хабарлануы керек.

Тергеу әрекеттері өндірісіне арнаулы танымы мен іскерлігін қолдана отырып, жоғарыда аталған құралдармен іске көмек көрсету мақсатында маман, сондай-ақ, аудармашы, педагог, қорғаушы қатысуы мүмкін. Тергеу әрекеттерінің нәтижесі бойынша хаттама толтырылады, яғни арнайы формасы бар, тергеу әрекетінің нәтижесі, мазмұны, фактісі көрсетілген жазбаша құжат толтырылады. Тергеу әрекеттері өндірісінің негізділігіне, заңдылығына және уақытысында өткізілуіне жауапты болу қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізетін адамға міндеттеледі.

Қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу ол күрделі немесе оның көлемі үлкен болған жағдайда тергеушілер тобына (тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда көрсетіледі немесе жеке қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеу жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс. Күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері істі тергеушілер тобының тергейтіні туралы қаулымен таныстырылуға тиіс және оларға тергеу тобының жетекшісінен, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Тергеу тобына алдын ала тергеу жүргізетін бірнеше органның тергеушілері енгізілуі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, осы органдардың тергеу бөлімдері бастықтарының бастамашылығы бойынша да қабылдануы мүмкін. Шешім тергеу бөлімдері бастықтарының бірлескен қаулысымен ресімделеді, ол осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылады. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ерекше жағдайларда тергеудің толық және объективті еместігі фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде алдын ала тергеуді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері арасынан тергеу тобын құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Тергеу тобының жетекшісі қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, тергеу тобының жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілердің іс-әрекеттеріне басшылық жасайды. Істерді біріктіру және бөлу, қылмыстық істі толығымен немесе оның бір бөлігін тоқтату, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе қайта жаңғырту туралы, сондай-ақ тергеу мерзімін ұзарту туралы өтініштерді қозғау, бұлтартпау шарасы ретінде үйқамақты қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді тергеу тобының жетекшісі ғана қабылдайды. Айыптау актісін және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін істі сотқа жіберу туралы қаулыны тергеу тобының жетекшісі жасайды және оған қол қояды. Тергеу тобының жетекшісі басқа тергеушілер жүргізетін тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға, тергеу іс-әрекеттерін жеке өзі жүргізуге құқылы [6, 118].

Қорыта айтқанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру – бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейінгі қылмыстық іс жүргізу сатыларының бірі болып табылады. Бұл сатыны анықтау органдарының, тергеуші және прокурордың қылмыстық іс жүргізу заңдары талаптарына сәйкес қылмысты ашу, күдікті адамды ұстау қызметі, айыптау мақсатындағы дәлелдемелер, айғақтар жинау жөніндегі бірқатар тергеу және басқа іс әрекеттері деп атауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразалиев М., Еркінов С., Есболаев Ғ. «Тергеушіге арналған анықтамалық кітап» // Алматы: Жеті жарғы, 2009 ж., 26 бб.
2. Якубович Н.А. Приостановление и возобновление предварительного следствия // Уголовное право. 2002., С. 89.
3. Панько К.К. Приостановление и возобновление предварительного следствия. Прекращение уголовного дела /Уголовный процесс России. – Воронеж, 2003. – С.77.
4. Төлеубеков Б.Х. Қазақстан республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Алматы. 2001.- 60 бб.
5. Алауханов Е. Қылмыс құрамы: Практикалық оқу құралы / Е. Алауханов, С. Үмбетәлиев, С. Рахметов.- Алматы: Өркениет, 2000. – 96 б.
6. Уголовный процесс / под.ред. К.Ф.Куценко. –М., 1996.- С.118.

Сидорова Н.В.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетінің
экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының доценті,
Қарағанды қ., E-mail: nsidorova75@mail.ru

Сатбаева Қ.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетінің
экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының доценті,
Қарағанды қ., e-mail: abylai1996@mail.ru

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТАСТЫҚТЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЗАҢНАМАСЫН БІРІЗДЕНДІРУ МЕН ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ ЫҚПАЛЫ

Түйін. *Мақала Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық үдерістеріне қатысушы мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіруге және үйлестіруге ықпал етудің белгілі бір аспектілерін зерттеуге арналған. Авторлар ЕАЭО-тың негізгі бостандықтарын жүзеге асырудың құқықтық реттелуінің даулы проблемаларын одақ құқығына сәйкестігі тұрғысынан талдайды, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының деңгейінде құқықтық реттеуді жетілдіру жолдарын ұсынады.*

Түйінді сөздер: *Еуразиялық экономикалық одақ, интеграция, біріздендіру, үйлестіру, заңнама, тауарлардың еркін қозғалысы, қызмет көрсету еркіндігі, капиталдың еркін қозғалысы, жұмыс күші қозғалысының еркіндігі.*

Резюме. *Статья посвящена исследованию отдельных аспектов влияния интеграционных процессов Евразийского экономического союза на унификацию и гармонизацию законодательства государств-участников. Авторы анализируют коллизионные проблемы правового регулирования реализации основных свобод ЕАЭС с позиции их соответствия праву союза, тезисно предлагают пути совершенствования правового регулирования на уровне национальных законодательств государств.*

Ключевые слова: *Евразийский экономический союз, интеграция, унификация, гармонизация, законодательство, свобода передвижения товаров, свобода передвижения услуг, свобода передвижения капиталов, свобода передвижения рабочей силы.*

Summary. *The article is dedicated to study the aspects of an influence of integration processes of The Eurasian Economic Union (EAEU) on the unification and harmonization of the member state legislations. The authors analyze the conflict problems arising from the legal regulation of implementing the EAEU fundamental freedoms from the perspective of their compliance with the Union laws. Furthermore, authors suggest ways to improve the legal regulation at the level of a national legislation.*

Keywords: *The Eurasian Economic Union, integration, unification, harmonization, legislation, free movement of goods, free movement of services, free movement of capital, free movement of labor.*

Еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің интеграциялық қарым-қатынастары күрделі жүйемен сипатталады және оларды дамытудың динамикасы екі деңгейдегі ынтымақтастық – екі жақты және көп жақты сипатта болады. Мұндай интеграциялық механизмдердің бірі – экономикалық интеграцияның халықаралық өңірлік ұйымы және халықаралық құқық субъектілікке ие, шеңберінде тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркіндігі, экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етілетін, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартпен [1] айқындалған Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) болып табылады. ЕАЭО шеңберінде анықталған саясат бағыттарын іске асыру осы интеграциялық білім беруге мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын біріздендіруді және үйлестіруді білдіреді.

Бүгінде Еуразиялық экономикалық одақ бес мемлекетті біріктіреді: Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы, Үндістан, Вьетнам, Мысыр, Түркия, Иран, Сирия, Израиль мемлекеттері, Еуропалық еркін сауда қауымдастығындағы мемлекеттер (Исландия, Норвегия, Швейцария және Лихтенштейн) Еуразиялық

экономикалық одақпен еркін сауда аймағын құруға деген қызығушылықтарын білдірді, тұтастай алғанда қырық мемлекет қызығушылық танытты.

ЕАЭО статистикалық көрсеткіштеріне сәйкес, 2018 жылдың өткен айларында өзара саудаға қатысушы мемлекеттердің экспорттық операцияларының құны 29 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл өз кезегінде ағымдағы жылдың басындағы деңгейдің 113,7% -ын құрады. Оның ішінде 2 839,8 млрд. АҚШ доллары (9,8%) Қазақстан үлесіне тиесілі [2].

Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырушы елдер интеграциясының жылдам алға жылжу жағдайында Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасында жүзеге асырылу деңгейін анықтау мақсатында ЕАЭО қызметінің қалыптасқан халықаралық-құқықтық базасын зерттеу, сондай-ақ осы саладағы проблемалар мен кемшіліктерді анықтау ерекше маңызға ие. ЕАЭО-ға мүше елдердің заңнамасын үйлестіру және біріздендіру тек отандық құқықтық нормаларды шарттық платформаға сәйкес келтіру ғана емес, сондай-ақ жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға бағытталған. Бұл саладағы басым бағыттар тек тауарлар, қызметтер, капитал және еңбек нарығы ғана емес, сонымен қатар сақтандыру, лицензиялау, білім беру және қылмыстың трансұлттық жағдайына қарсы әрекет салалары болып табылады. ЕАЭО шеңберіндегі мемлекеттің интеграциялық саясаты аталған бағыттарды құқықтық реттеуге айтарлықтай әсерін тигізеді.

Н.Ә. Назарбаев өзінің 31 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Халықаралық ынтымақтастық аясында ұлттық экономикалық мүдделерді қорғап, ілгерілету қажет. Бұл, ең алдымен, ЕАЭО, ШЫҰ ішінде Жібек жолы Экономикалық белдеуімен ұштасатын жұмыстарға қатысты. Ол үшін экономикалық дипломатия жұмысын қайта құрып, жандандыра түсу қажет» – дейді [3]. Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін дәл, айқын, нақты нормативтік-құқықтық актілердің архитектурасы болмаса, ұлттық экономикалық мүдделерді іске асыру мүмкін емес.

Жаңа шындыққа және сынақтарға бейімделу мақсатында Қазақстанда негізгі өзегі 2015 – 2019 жылдарға арналған елдің инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы болып табылатын «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа экономикалық саясат қабылданды. Бұл саясат ЕАЭО экономикалық және құқықтық негіздеріне сәйкес жағдайларда, ұлттық мүдделерге нұқсан келтірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Еуразиялық экономикалық одақ құқығына сәйкес қатысушы елдердің заңнамасын жетілдірудің негізгі бағыттары оларды жақындастырудың негізгі механизмдерін пайдалануды көздейді. Негізгі вектор қатысушы мемлекеттердің құқықтық актілерінде қолданылатын терминдерді біріздендіруге бағытталған, мысалы, «макроэкономикалық көрсеткіштер», «макроэкономикалық саясаттың негігі бағыттары», «сыртқы сауда саясаты», «тауарлардың жекелеген түрлерін автоматты түрде лицензиялау», «тарифтік жеңілдіктер», «тарифтік преференциялар» және басқалары. Терминология мен ұғымдық аппараттардың бірлігі көмірсутектерді, энергетикалық ресурстарды, дәрі-дәрмектерді және тағы басқаларын біріктіре отырып, интеграцияланған макроэкономикалық және ақша-кредит саясатын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасында интеграциялық білім беру құқығында қолданылған барлық ұғымдарды модельділік принципін ескере отырып көрсету мақсатқа сәйкес екені анық.

Қазақстан және ЕАЭО-ның басқа мемлекеттері алдында экономикалық дамудың құрылымдық өзгерістерін жою, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инвестициялық ынтымақтастықты нығайту, нақты сектордағы нақты жобаларды жүзеге асыру бойынша аса маңызды міндеттер тұр [4]. Сонымен, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде интеграциялық үдерістерді дамыту инвестицияларсыз мүмкін емес, бұл бүгінгі күні бірлікке ие емес инвестициялар саласындағы мемлекеттердің заңнамасын жетілдіру және үйлестіру мәселесін өзектейді. Құқықтық реттеудегі айырмашылық, ЕАЭО-ға мүше кейбір мемлекеттердің «инвестициялық» және «шетелдік инвестициялар» ұғымдарын, сондай-ақ оларды құқықтық реттеудің ара-жігін ажыратпайтынынан көрініс береді. Айталық, шетелдік инвестициялар мен инвестициялар туралы дербес заң актілері тек Ресей мен Арменияда ғана бар, басқа елдерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында, инвестициялардың барлық түрлері бір ғана заңмен реттеледі.

ЕАЭО-ның құқықтық актілерінің мазмұнына сәйкес, Одаққа мүше мемлекеттердің инвестициялық қызметі шетелдік инвестордың қызметі болып қарастырылмайды, сондықтан инвестициялық мәселелер бойынша үшінші елдермен (ЕАЭО-ға мүше емес) қарым-қатынастардың ерекшеліктері бөлек заң

актісімен реттелуі тиіс. Дәл осындай проблемалар «инвестор» және «шетелдік инвестор», «шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық преференциялар» және осы тәрізді өзге де ұғымдардың заң жүзіндегі анықтамасымен байланысты. Бұл мәселе шетел инвестициялары туралы үлгілік заңдарды әзірлеп, содан соң ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде дербес заңдарды қабылдау қажеттілігін айқындайды.

ЕАЭО-ға мүшелігі жағдайында мемлекеттің сауда қызметінің де ішкі мемлекеттік реттеу ерекшеліктері бар. Айта кету керек, осы саладағы Қазақстанның әрекеттегі заңнамасы ЕАЭО құқығына толық деңгейде сәйкес келмейді. Айталық, Одақтың ішкі мемлекеттік деңгейдегі құқығымен келесі мәселелерді реттеу кейінге қалдырылды: тарифтік жеңілдіктер мен преференциялар, тарифтік преференциялар берудің шарттары мен жағдайлары және т.б. Осыған орай, Қазақстан Республикасының ішкі мемлекеттік құқығында сауда қызметін реттеу саласында тарифтік жеңілдіктер беру тәртібі мен шарттарын бекіту, тарифтік жеңілдіктер берілетін тауарлардың тізбесін бекіту, кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы өтініштерді бекіту бойынша уәкілетті органның құзыретін бекіту қажет [5]. Бұдан өзге, тарифтік емес реттеу шараларын рұқсат ету тәртібімен толықтыру, яғни лицензиялауды, нотификациялау (хабарландыру) шараларын, мемлекеттік бақылауды және т.б. енгізу.

ЕАЭО-ның интеграциялық үдерістерінің аясында ішкі мемлекеттік заңнаманы жетілдірудің тағы бір бағыты Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарын тарту арқылы еңбек қатынастарын құқықтық реттеуді қарастырады. Жұмыс күшінің еркін қозғалысын реттеу туралы ЕАЭО нормаларының бағытын ескере отырып, осы санаттағы еңбекшілердің құқықтарын құқықтық қамтамасыз ету (әлеуметтік кепілдіктер, демалу құқығы, ең төменгі жалақыға құқығы, зейнеткерлікке шығу кезіндегі еңбек өтілін есепке алу, зейнетақымен қамсыздандыру және басқалары), аталмыш саладағы ең маңызды мәселе болып табылады.

ЕАЭО туралы Шарттың 97-бабының 4-тармағына сәйкес мүше мемлекет еңбекшісінің еңбек қызметі жұмысқа орналасу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі. Заңнамаға сәйкес жұмысқа орналасу мемлекеті, әлеуметтік қамсыздандыру мақсатында, еңбекшілердің еңбек өтілін есептейді, дегенмен, зейнетақымен қамсыздандыру тұрғылықты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ жекелеген халықаралық шарттарға сәйкес реттеледі.

Еңбек заңнамасын үйлестіру бойынша негізгі ұсыныстар 2009 жылы ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясы тарапынан тұжырымдалған болатын, оған сәйкес ұсынылған мәселелер: модельді еңбек кодексін жасау (ұсыныстық сипатта), еңбек заңнамасының негіздерін қабылдау (нормативтік сипатта) және мемлекеттердің еңбек кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу [6].

ЕАЭО-ның интеграциялық процедуралары шеңберіндегі ынтымақтастық басымдықтарына енгізілген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасы құқықтық актілердің кең көлемімен ұсынылған. Біз мүше мемлекеттердің заңнамаларын үйлестірудің анықталған аспектілері көп салалы және перспективалық сипатта екенін түсінеміз. Аталмыш мақалада мүше мемлекеттердің заңнамаларын ЕАЭО құқығына сәйкес одан әрі біріктіру үшін бірнеше басым бағыттар ғана қарастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «2014 жылғы 29 мамырда Астанада жасалған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Қазақстан Республикасының Заңы. Электронды ресурс. – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240 (қарау мерзімі 2018 жылғы 27 қыркүйек).
2. Об итогах взаимной торговли товарами Евразийского экономического союза Электронды ресурс. – Кіру режимі:http://eec.eaeunion.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/2018/Analytics_I_201806.pdf.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 31 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar.
4. Кульжабаева Ж.О. Новые зоны свободной торговли ЕАЭС как факторы обеспечения экономической безопасности интеграционного сотрудничества евразийских государств в Азиатско-Тихоокеанском регионе. // Международное сотрудничество евразийских государств: политика, экономика, право. – 2015. – № 2. – С. 23 – 29.

5. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы »Қазақстан Республикасы Заңының жобасының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің сайты. Электронды ресурс. – Кіру режимі: http://www.adilet.gov.kz/ru/node/60621 (қарау мерзімі 2018 жылғы 17 ақпані).
6. Ведерникова Л. Правовое регулирование трансграничных трудовых отношений в рамках Евразийского экономического союза. // Журнал международного права и международных отношений. 2016. № 3-4 (78-79). С. 22-27.

Татаринова Л.Ф.
кандидат юридических наук, доцент,
Университет «Туран»,
г. Алматы, lola.tatarinova@gmail.com

РОЛЬ КОМПЛАЕНСА КАК ЭФФЕКТИВНОГО ИНСТРУМЕНТА ПРОФИЛАКТИКИ И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ РИСКОВ

Түйін. *Бұл мақалада тәуекелділіктің, атап айтқанда банк жүйесінде, алдын алу және ескертудің комплаенс секілді тиімді құралдың проблемасы мен рөлі талқыланған. Автор ұлттық заңнаманың қолданыстағы нормаларын және тәуекелділіктің алдын-алу және ескерту мақсатында ұйымдардың ішкі нұсқауларының рөлін талдайды. Автордың сенімі бойынша, комплаенстің рөлін банктік бизнесте бағаламау жоғарылатылған (басқарылмайтын) комплаенс-тәуекелдерді тудыруы мүмкін.*

Резюме. *Данная статья посвящена проблеме и роли комплаенса как эффективного инструмента профилактики и предупреждения рисков, в частности в банковской системе. Автор анализирует роль существующих норм национального законодательства и внутренних инструкций организаций, направленных на профилактику и предупреждение рисков. Автор убежден, что недооценка роли комплаенса в организации банковского бизнеса может повлечь за собой возникновение повышенных (т.е. неуправляемых) комплаенс-рисков.*

Summary. *This article is devoted to the problem and role of compliance as an effective tool for the prevention of risks, in particular in the banking system. Author analyzes the role of the existing norms of national legislation and internal instructions of organizations aimed at preventing risks. The author is convinced that the underestimation of the role of compliance in the organization of the banking business can lead to the emergence of elevated (i.e. uncontrollable) compliance risks.*

Республика Казахстан, получив независимость в 1991 году, стал позиционировать себя правовым и демократическим государством, которое видит себя не только в списках активно развивающихся государств, но и в списке развитых [1]. В этой связи Республикой Казахстан было проведено значительное количество имиджевых мероприятий, особе место среди которых заняла международная выставка Экспо (EXPO), проходившая в г. Астане, в 2017 году. Все проведенные мероприятия, призваны, прежде всего, повысить индекс Республики Казахстан и улучшить инвестиционный климат, что, безусловно, повлияет на экономический рост.

Так одним из механизмов, способствующих экономическому росту, в том числе посредством повсеместного правового регулирования, выступает комплаенс-контроль предприятий, что приведет к повышению уровня надежности.

Так, в качестве примера можно привести опыт Банка Хоум Кредит, позиционирующего себя «ведущим розничным банком Казахстана» в целях управления Комплаенс-риском в 2014 году разработал внутренние нормативные документы, подлежащие применению и соблюдению всеми работниками Банка, осуществляющими управление Комплаенс-риском [2].

Так что входит в правовую природу термина «комплаенс»? Данный термин неразрывно связан с соответствием чего-либо существующим нормам и стандартам.

Данный термин получил свое распространение и применение на рынке Российской Федерации и Республики Казахстан в период активизации деятельности дочерних компаний иностранных (чаще всего западных) финансовых структур, для которых комплаенс – выступает законодательно закрепленной необходимостью [3].

Кескіндеме саласының терминологиясы жеке дара даму үстінде. Дегенмен оның құрамында мүсін, дизайн, графика сияқты өнер салалаларының терминдері де кездеседі. Көбіне бұл француз, неміс, итальян, грек тілдерінен кірген терминдер. Пән бойынша дәріс алып жүрген студенттерге кескіндеме өнеріндегі қолданылып жүрген терминдер бірнеше топқа бөлініп оқытылады: кескіндеме техникасы мен түрлері; кескіндеме туындылары; кескіндеме жанрлары және кескіндеме туындыларының жанрлық әртүрлілігі; бағыттар, мектептер және кескіндеме стильдері; суретшінің аты; көркем сурет бейнесінің компоненттері; суретшінің жұмысына арналған құралдар; сурет салуға қажетті материалдар; көркем бейнелердегі ақаулар; кескіндеме туындыларын жасауға немесе көрсетуге қажетті орындар және т.с.с.

Кәсіби біліктілікті арттыруда тілдің қандай рөл атқаратындығын және кәсіби қазақ тілін оқып-үйрену студент-шебердің болашағына ықпалы жөнінде тереңірек тоқталып, тіл мен көркемөнердің сабақтастығын айқындайтын фактілерді келтірейік.

XIX ғ. орта тұсында орыс педагогикасынның негізін қалаушы К.Д.Ушинский өз зерттеулерінде былай деп мәлімдеген: «Дербес ойлар адамның айналасындағы заттар мен құбылыстардан алған өзіндік білімдерден туындайды. Сондықтан, білім алушылардың нақты ой мен ақпараттарды өз бетінше түсінуі үшін көрнекті бейне қажет».

Бейнелеу өнерінің ішінде халықтың қалауына көбірек ие болған – кескіндеме өнері. Ол өмірдің түр түске бай, алуан түрлі көріністерінің әсерлі бейнесін бере алатын кеңістік текті өнер. Қай елге барсаң да, алдымен көркемөнерге арналған мұражайлардан көретін жәдігерлердің ең көбі – сол кескіндеме. Кескіндеме өзінің жарқын әдістерімен үлкен қызығушылық пен терең әсер тудыруы мүмкін. Мәселен, сабақ барысында өнертанушылық тақырыптар қолданып, ондағы терминдерге ерекше назар аударса, студенттің түсіндірме сөздігіндегі қоры барынша молаяды. Жас маманның өз мамандығына қатысты тақырыптарды талқылауы, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, қазақ тілі қорының байлығына көзін ашады. Сонымен бірге студенттің өзінің кез-келген ортада еркін сезінуінің кепілі бола алады.

Суретшілер Одағы басқармасының төрағасы Ө.Жұбаниязовтың «Техника и технология масляной живописи» атты еңбегінің, «кескіндеме өнерінің қалыптасуы» атты кіріспе тарауындағы: «Майлы бояу техникасы бірте-бірте темпераны ығыстырды. Өйткені, майлы бояулардың арқасында нәзік мөлдірлету әсері жылдам әрі жеңіл орындалып, төменгі қабаттар көрнекі сипатта араласады да, түстердің мүлдем басқа комбинациясын береді», – деген үзіндіні алып қарайық [2; 5, 6б.]. Бұл мәтіннің өзінде басқа тілден енген бірнеше кәсіби терминдер кездеседі: майлы бояу, темпера, нәзік мөлдірлету. Кәсіби терминдерге түсінік беріп, мағынасын ашатын мысалдар келтіру арқылы студенттердің шығармашылық ойының өрісін кеңейте түсуге болады. Өйткені кәсіби мәтіндер студенттің тілдік қабілетіне сәйкес жеңілдетілген, құрылымы жағынан түсінікті.

Студенттердің тілдік дайындық деңгейіне байланысты, сабақта қарастырылатын тақырыптар да сан алуан болу тиіс. Болашақ маманның кәсібіне байланысты әңгімелерді оқып жаттықтыру үрдісі берік қолға алынса, студент өзіне көп жаңа ақпарат алады. Сонымен қатар, сөздік-стилистикалық жұмыстарды жүргізу қажет, студенттерді синонимдер, антонимдер, эпитеттер, салыстыруларды сөйлемнен табуға ұйымдастырған жөн.

Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған. Альтамир (Испания), Ласко (Франция), Кимберли (австралия) үңгірлері [3; 169б.]. Осындай жан-жақты әңгімелерді талқылауды ұйымдастыру, кескіндеме тарихын, әдістері мен тәсілдерін меңгеруге септігін тигізеді. Дәріс барысында қолданылатын интерактивтік әдістердің сан алуандылығы студенттердің ынтасын оятады. Ал бұл өз кезегінде тіл мен өнердің жаңғыруына әкелетіні сөзсіз. Бұл білім саласының, әрі ұстаздың үлкен жеңісі, еңбегінің жемісі.

Кәсіби тақырыптарды талқылау, ондағы терминологияға ерекше зейін қою, басты қағидат болу керек. Студенттердің мұндай тақырыптарды түсініп оқуы, тілді тәжірибеде қолдана алудың кепілі.

Түрлі-түстердің сан алуан реңктері олардың өзара араласуынан пайда болады. Негізгі екі немесе үш (көк, жасыл, қызыл) түсті қосу арқылы түрлі-түсті реңктерді немесе бояу түрлерін алуға болады. Түр-түстердің өзара араласуының «аддитивтік» (латынша-қосынды) және субтрактивтік (негіз болушы) деп аталатын екі түрі бар [4; 24б.]. Кескіндеме өнерінің тарихи кезеңдеріне шолу жасау, суретшілердің өмірімен танысу, түр-түс, композиция, көрме және т.с.с. әр түрлі тақырыптағы қысқаша мәтіндер жоғарыда айтылып кеткендей студенттердің тілдік дәрежесіне сай жеңілдетіліп немесе қосымша тапсырмалармен күрделендірілуі қажет.

Оқу орны қабырғасында тілді меңгертудегі әдістердің бірі – кәсіби тақырыпта материалдарды оқу. Ол біріншіден, студенттерге өнердегі болып жатқан тың өзгерістер жайлы қосымша ақпарат бер-

се, екіншіден тілді жетік меңгерудегі практикалық құрал болып табылады. Оқу материалдарын іріктеу, ұйымдастыру және таныстыру принциптері, әдістемелік, психологиялық және лингвистикалық талаптарға сәйкес оқытудың әр кезеңінде нақты міндеттермен анықталады. Кәсіби бағдарлы оқуға арналған негізгі мәтіндер, олардың тақырыптық компоненттері және күрделігінің дәрежесін ескере отырып таңдалады және нақты тапсырмалармен бірге жүреді. Сонымен қатар, мұндай мәтіндер түсінуге жеңіл, ақпаратқа толы және мазмұны жағынан толы болуы тиіс. Сондықтан да, кәсіби бағдарлы материалдарды таңдау критерийлері де бар:

1) кәсіби мәтіндер;
2) мәтінде зерттеуді қажет ететін тілдік заңдылықтар мен құбылыстардың болуы;
3) мәтін мазмұны мен жоспарының студенттердің мүмкіндіктеріне сәйкес келуі;
4) білім беру қызметінің студенттердің танымдық қажеттіліктеріне сәйкес келуі.

Білім беру жүйесінде «Қазақ тілі» ерекше орын алады. Себебі, ол тек оқу құралы ғана емес, сонымен қатар зерттеу нысаны. Филология ғылымының дамуына үлес қосып жатқан мамандардың барлығы дерлік әр түрлі салаларда қазақ тілін меңгерудің озық әдіснамаларын даярлап, оны қолдану жағдайларын жақсарту үстінде. Оқу-әдістемелік құралдар студенттердің мамандығы бойынша білімін жетілдіреді, сөздік қорын байытады, сауатты жазып, сөйлеуге дағдыландырумен қатар шешендік шеберлікке, ұтымды ойлау логистикасын дамыта отырып, іскерлікке бейімділігін арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110
2. Жубаниязов У.О., Каскеева А.С. Техника и технология масляной живописи // методическое пособие. У.О. Жубаниязов, А.С. Каскеева. – Алматы, 2009. – 68 с.
3. Алдамбергенова Г.Т., Шота Қ.Н. Өнердегі қазақ тілі: оқу құралы / Г.Т. Алдамбергенова, Қ.Н. Шота, – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2014. – 352 бет.
4. Өмірбеков Б.Е., Сүлейменов Т.О. Кескіндеме. Теориялық негіздері мен әдіс-амалдары // оқу құралы. Б.Е. Өмірбеков, Т.О. Сүлейменов. Алматы, 2015. – 98 б.

Жолтаева Г.Н.
к.п.н., доцент кафедры методик обучения и воспитания
ЖГУ им.И.Жансугурова
gnzh1661@mail.ru

Есимханова Р.К.
магистр педагогических наук, ст.преподаватель кафедры
методик обучения и воспитания ЖГУ им.И.Жансугурова
or_yesimkhanova@mail.ru

Сацевич С.В.
к.п.н., доцент, руководитель центра специальных форм образования
ssatcevitch@prosv.ru

О ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГОВ К РАБОТЕ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Резюме. *Статья посвящена проблеме подготовки студентов педагогических специальностей вузов к профессиональной деятельности в инклюзивном образовательном пространстве. Авторами проанализировано и обобщено освещение вопросов подготовки педагогов к эффективной работе с детьми с особыми образовательными потребностями в психолого-педагогической литературе. Показаны пути, которые могут способствовать формированию готовности педагогов к реализации инклюзивного образования, обеспечению качества подготовки специалистов, соответствующих современным требованиям и вызовам общества.*

Ключевые слова: *готовность педагогов, инклюзивное образование, междисциплинарное обучение.*

Түйін. *Мақала ЖОО-ның педагогикалық мамандықтарының студенттерін инклюзивті білім беру кеңістігіндегі кәсіби қызметке даярлаудың өзекті мәселесіне арналған. Авторлар психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен тиімді жұмыс істеуге педагогтарды дайындау мәселелерін талдап, жалпылаған. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға педагогтардың дайындығын қалыптастыруға, қоғамның қазіргі заманғы талаптары мен шақыруларына сәйкес келетін мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін жолдар көрсетілген.*

Түйінді сөздер: *педагогтардың дайындығы, инклюзивті білім беру, пәнаралық оқыту.*

Summary. *The article is devoted to the vital problem of training of students, majoring in pedagogy at universities, to professional activity within an inclusive educational space. The authors analyzed and generalized the issues of training of competent teachers who are able and ready to work effectively with children with special educational needs in psychological and pedagogical literature.*

The ways are presented to form teachers' readiness for implementation of inclusive education, ensuring the quality of training that meets modern requirements and challenges of society.

Key words: *teachers' readiness, inclusive education, interdisciplinary teaching.*

Одним из приоритетных направлений государственной политики Республики Казахстан в области образования является внедрение и развитие инклюзивного обучения. В Законе «Об образовании» Республики Казахстан понятие инклюзивного образования (ст.1 подпункт 21-4) определено как – «процесс, обеспечивающий равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей» [1].

Для этого процесса характерны поиск новой парадигмы образования, совершенствование стандартов образования, требований к уровню подготовки выпускников учебных заведений, информатизация образования и внедрение новых технологий обучения.

Изучение мирового опыта показало, что в странах, вставших на путь инклюзивного образования, накоплен богатый опыт по созданию равных условий для получения всеми лицами с особыми образовательными потребностями качественного образования, для их социальной инклюзии и, что в развитых странах, тем не менее, идет поиск новых моделей, что между теорией и практикой имеется существенный разрыв.

Многие зарубежные исследователи справедливо отмечают взаимосвязь идей инклюзивного образования и школьной культуры (Sh. Benjamin, S. Carrington, J. Collins, J. Corbett, K. Hall, M. Nind, R.

Robinson, K. Sheehy и др.). Так, J. Corbett выделяет три аспекта, влияющих на становление школьной культуры. Одним из них выступают глубинные личностные установки педагогов относительно способностей, особенностей учащихся с ограниченными возможностями здоровья [2]. Английские педагоги R. Bond и E. Castagnera [2] отмечают, что успешность инклюзивного образования достигается благодаря использованию разнообразных способов педагогической поддержки и сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья. Развивая идею о необходимости разнообразных способов поддержки и различных стратегий организации инклюзивного образования, американские исследователи V. Volonino, N. Zigmond [2] считают, что успешность инклюзии обеспечивается за счет предоставления обучающимся с ограниченными возможностями здоровья специально подготовленного педагога и при необходимости ассистента, сопровождающего этих детей.

В области инклюзивного образования для лиц с ограниченными возможностями здоровья велись и ведутся разработки и в странах ближнего зарубежья.

Так, значимым условием внедрения и развития инклюзивного образования по мнению российских (С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова, И.М. Яковлева и др.) [3, 4, 5], белорусских (Т.И. Мороз, Т.П. Евдокимова) [6, 7] исследователей является подготовка компетентных педагогов, способных и готовых эффективно работать с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья.

В последние годы появились исследования, посвящённые подготовке педагогов к работе в условиях инклюзивного образования (Кузьмина О.С. [8]), контекстному подходу к формированию у учителей компетентности в области инклюзивного образования (И.Н. Хафизуллина [9]), подготовке будущих педагогов к обеспечению психологической безопасности среды в инклюзивном образовании (Беляева Т.Б., [10]), формированию готовности педагогов к инклюзивному образованию в системе повышения квалификации (Возняк И.В. [11]).

В Казахстане вопросами внедрения инклюзивного образования и формирования профессиональной готовности педагога к инклюзивному образованию детей занимаются ученые Р.А. Сулейменова, З.А. Мовкебаева, А.К. Рсалдинова, И.А. Оралканова [12, 13, 14, 15] и др. Они отмечают, что основные проблемы педагогов, которым предстоит работать в среде инклюзии, связаны с их теоретической подготовкой и практическими навыками обучения данного контингента детей.

Таким образом, анализ изученных работ показывает, что как зарубежные, так и отечественные исследователи признают значимость специальной подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. В связи с этим особую значимость приобретает проблема изменения содержания высшего образования.

Анализ педагогического опыта свидетельствует о том, что педагоги-практики испытывают значительные трудности в организации и осуществлении инклюзивного образования детей, следовательно, необходима пропедевтическая теоретическая и практическая подготовка педагога к работе в инклюзивном образовательном пространстве. Изучение научных исследований, материалов международных конференций, нормативных и методических документов показывает недостаточную разработанность методических подходов и педагогических технологий формирования готовности педагогов к работе в условиях инклюзивного образования.

Для построения и реализации системы подготовки будущих педагогов к работе в условиях инклюзивного обучения важно определить составляющие этой системы, определить подходы к формированию готовности педагога к инклюзивному образованию и разработке технологии формирования готовности педагога к инклюзивному образованию. Одной из возможных стратегий организации и построения системы подготовки будущих педагогов выступает необходимость осуществления междисциплинарного взаимодействия, интеграции дисциплин в рамках учебных планов по подготовке специалистов профессионального педагогического образования. Предполагается, что интеграция дисциплин позволит сформировать у будущих педагогов необходимые компетенции, которые позволят им успешно осуществлять свою профессиональную деятельность в условиях инклюзивного образования.

В последнее время междисциплинарное обучение становится все более популярным, в особенности в сфере высшего образования, т.к. выпускник вуза любой специальности должен иметь четкие представления о значимости той или иной науки в предстоящей трудовой деятельности и уметь интегрировать и переносить достижения различных областей знаний в свою профессию и применять их. При подготовке таких специалистов первостепенное значение имеет развитие системного мышления, умения видеть объект в единстве его многосторонних связей и отношений. Кроме того, раскрытие

внутренних связей между учебными дисциплинами имеет большое значение для правильной организации учебного процесса, изменяет его систему, логику и научную направленность. В результате знания становятся не только конкретными, но и обобщенными, что дает будущим специалистам возможность переносить и применять эти знания в новые ситуации на практике [16].

Рассматривая учебный процесс вуза как систему, состоящую из множества дисциплин, Виноградова М.В. [17] выделяет два уровня организации междисциплинарного обучения:

– организация в рамках определенной специальности;

– организация в рамках определенного блока учебных дисциплин.

Одним из путей построения такой системы подготовки педагогов является включение в вариативную часть модулей образовательной программы специальных дисциплин, направленных на формирование у обучающихся потребности и умений использования ее научного содержания для выработки целостной картины процесса решения профессиональных задач при реализации инклюзивного образовательного процесса.

В условиях инклюзивного образования возрастает потребность общеобразовательных учреждений в педагогах-дефектологах. В связи с этим в Жетысуском государственном университете имени И.Жансугурова осуществляется подготовка педагогов-дефектологов по специальности 5В010500 – Дефектология, в учебные планы которой включены такие элективные курсы, как «Деятельность дефектолога в специальных и общеобразовательных учреждениях», «Адаптивная физическая культура», разработанные с учетом специфики работы дефектолога в общеобразовательных школах. Междисциплинарные функции таких учебных дисциплин это обучение исследованию, направленному на интеграцию результатов дисциплинарных этапов решения проблем в целостную систему.

Для формирования готовности учителя массовой школы к работе в инклюзивном образовательном пространстве необходимо понять, из каких составляющих складывается компетенция педагога, позволяющая работать с детьми с особыми образовательными потребностями. Согласно профессиональному стандарту педагога [18] у учителя должны быть сформированы в соответствии с трудовыми функциями 1 (обучающими) знания особенностей физиологии и психологии детей подросткового возраста, педагогических технологий дифференцированного и интегрированного обучения; умения и навыки самостоятельно конструировать условия учебной деятельности в соответствии с заданными целями обучения своего предмета, используя известные педагогические технологии, направленные на учет индивидуальных особенностей обучающихся. В соответствии с трудовыми функциями 4 (исследовательскими) – знания принципов и методов исследования образовательной среды; умения и навыки самостоятельно использовать результаты диагностики индивидуальных особенностей обучающихся; во взаимодействии с коллегами выявлять потребности и затруднения в обучении.

С учетом этих требований подготовка педагогов начальной школы по специальности 5В010200 – Педагогика и методика начального обучения ведется с дополнительной специализацией «Педагог инклюзивного образования». В рамках специализации будущие учителя изучают такие дисциплины, как «Основы дефектологии», «Коррекционно-развивающее обучение детей с задержкой психического развития», «Обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями здоровья», «Инклюзивное обучения детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных учреждениях».

В процессе изучения этих дисциплин у будущих педагогов формируется инклюзивная компетентность, которая относится к уровню специальных профессиональных компетентностей. Это интегративное личностное образование, обуславливающее способность учителей осуществлять профессиональные функции в процессе инклюзивного образования, учитывая разные образовательные потребности учащихся и обеспечивая включение ребенка с ограниченными возможностями здоровья в среду образовательной организации, и создание условий для его развития и саморазвития.

Также в университете создаются условия для переподготовки и повышения квалификации ППС и дополнительного образования для студентов педагогических специальностей с целью формирования готовности преподавателя вуза к преподаванию студентам специальных дисциплин по проблемам инклюзивного образования и готовности будущих педагогов к реализации инклюзивного обучения в образовательных учреждениях. На обучающих семинарах рассматриваются вопросы, касающиеся психолого-педагогического сопровождения участников образовательного процесса в условиях инклюзивного образования, методических основ инклюзивного образования, ресурсного обеспечения подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования и т.п.

Разработанные модульные образовательные программы педагогических специальностей, содержание курсов переподготовки и повышения квалификации педагогов, ресурсное обеспечение подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования могут способствовать формированию готовности педагогов к реализации инклюзивного образования, обеспечению качества подготовки специалистов, способных к решению проблем эффективной социализации лиц с особыми образовательными потребностями.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года №319-III (с изм. и доп. по состоянию на 05.05.2017 г.)
2. Никулина Е.Г., Кузьмина О.С. Тенденции развития инклюзивного образования за рубежом. //Инклюзивное образование: теория и практика: сборник материалов международной научно-практической конференции /отв. ред. О.Ю. Бухаренкова, И.А. Телина, Т.В. Тимохина. – Орехово-Зуево: Редакционно-издательский отдел ГГТУ, 2016. – 955 с. С.79-87.
3. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафонова Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании //Психологическая наука и образование. 2011. № 1. С. 83–92.
4. Кутепова Е.Н. К вопросу подготовки специалистов для реализации инклюзивной практики в системе образования //Инклюзивное образование: методология, практика, технологии. Московский городской психолого-педагогический университет PsyJournals.ru, 2011. С.218-220.
5. Яковлева И.М. Подготовка педагогов к работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья: Учебно-методическое пособие. – М.: Издательство «Спутник+», 2012. – 133 с.
6. Мороз Т. И. Деятельность Минского городского института развития образования по научно-методическому и кадровому обеспечению развития идей инклюзивного образования //Инклюзивное образование: от идеи к воплощению из опыта работы учреждений образования Республики Беларусь, Чешской Республики, Украины. Учеб.-метод. пособие. – Минск, 2015. – 45 с., С.14-20.
7. Евдокимова Т. П. О подготовке педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. //Инклюзивное образование: от идеи к воплощению из опыта работы учреждений образования Республики Беларусь, Чешской Республики, Украины. Учеб.-метод. пособие. – Минск, 2015. – 45 с., С.20-21.
8. Кузьмина О.С. Подготовка педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. Дисс ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Омск, 2015. – 319 с.
9. Хафизуллина И.Н. Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки. Дисс ... канд. пед. наук: 13.00.08. –Астрахань, 2008. – 213 с.
10. Беляева Т.Б., Беляева П.И. Подготовка будущих педагогов к обеспечению психологической безопасности среды в инклюзивном образовании. //Инклюзивное образование: теория и практика: сборник материалов международной научно-практической конференции /отв. ред. О.Ю. Бухаренкова, И.А. Телина, Т.В. Тимохина. – Орехово-Зуево: Редакционно-издательский отдел ГГТУ, 2016. – 955 с. С.773-778.
11. Возняк И.В. Формирование готовности педагогов к инклюзивному образованию в системе повышения квалификации. Дисс ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Белгород, 2017. – 225 с.
12. Сулейменова Р.А. Инклюзивное образование в РК: анализ ситуации и практические шаги. /Р.А. Сулейменова // Открытая школа.- 2014.- №4 (135). С.11-14
13. Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования. //Педагогика и психология. – № 2 (15) – 2013. С. 6-11.
14. Рсалдинова А.К. Организация работы по повышению квалификации педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования РК /А.К. Рсалдинова, И.А. Денисова // Открытая школа (каз). – 2012. – №10 (121). С. 58-61.
15. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Анализ состояния готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования //Успехи современного естествознания. – 2014. – № 12-5. С. 629-634.
16. Никитина Е.Ю. Междисциплинарный подход к осуществлению коммуникативного образования студентов вузов. . htm
17. Виноградова М. В. Некоторые аспекты при разработке междисциплинарного обучения студентов аграрного вуза. //Молодой ученый. – 2016. – №19. С. 340-342.
18. Профессиональный стандарт «Педагог». – Астана, 2017. (Приказ Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года).

Иманова Э.М.
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Байташева Г.У.
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Сартаева А.А.
биология ғылымыдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Қосқараева І.
магистр
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДА ДЕҢГЕЙЛІК БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. *В статье рассматриваются актуальные проблемы и вопросы подготовки специалистов в сфере специального образования в контексте современных требований рынка труда.*

Annotation. *The article deals with current problems and issues of training specialists in the field of special education in the context of today's labor market requirements.*

Аннотация. *Мақалада еңбек нарығының заманауи талаптары контекстінде арнайы білім беру саласында мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері мен мәселелері қарастырылады.*

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен
азаматтарының білімімен өлшенеді»
Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор. Қазіргі оқытушылар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес білім алушылардың білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқу сапасын арттыруда білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, оқушылардың алған білімдері тез өзгеретін әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттандыру болып табылады.

Әрбір оқытушы озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек. Әр оқытушы өз сабағының көшбасшысы. Ал көшті дұрыс бағыттай білу оқытушының шеберлігіне байланысты. Оқытудың жаңа технологияларын орынды пайдалана білуі қажет. Бұл үшін, әрине оқытушының өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудан арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір оқытушы өзінен бастағаны жөн.

Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген оқытушы шәкіртін білім алуға қызықтыра алады және жеке ізденуге дағдыландырады. Нәтижесінде студент еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға дағдыланады.

Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын – еліміздің келер күнгі келбеті. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. Ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: дүниетанымдық көзқарасы,

сенімі, қызметке бейімділігі, кәсіптік білімі мен біліктілігі, қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім, ұйымдастырушылық қабілет, заманға сай жаңашылдық.

Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек.

Қытай философы Конфуций «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» дегендей мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Сондықтан ұстаз алдындағы басты міндет төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімді, дүниетанымы кең, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу.

Жаңа технологияны меңгеру студенттің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда кейінгі толқын жас буынның биіктен көрінуіне күнделікті іс-әрекетіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген біліміміз мен тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. Ендеше бізге бәсекеге қабілетті, ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруда деңгейлік бағдарламаның маңызы зор. Қазіргі заман мұғалімдерден тек өз пәнінің терең маманы болуды ғана емес, функционалдық сауаттылығы жоғары болуды талап етеді. Сындарлы оқыту теориясына негізделген оқыту мен оқудағы стратегиялар мен тәсілдердің теориялық негіздемелерін игеру мұғалімдер үшін өте қажет. Оқушының пәнді терең түсінуіне, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалануына мүмкіндік беруде мұғалімнің үлесі маңызды. Біліктілікті арттыру негізінде бағдарламадағы негізгі жеті модульдер идеялары мен үшін өте тиімді болды. Оқытудың стильдерін таңдап, оқушыны жүйелі ойлануға үйрету және шығармашылық таланттарын барынша жақсарту ол әрбір педагогтың міндеті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. XXI ғасыр-бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр.

Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін білім алушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Қазақтың кемеңгер ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «*Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек*» деген болатын. Сондықтан да, қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге ат салысуда, ертеңгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы-қазіргі қоғамдағы ұстаздарға байланысты.

Педагогтың ұстанымы оның негізгі құндылығы болып табылады. Мен үшін мұғалімнің ұстанымы жаңашыл идеяларды қабылдап, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қаблеттерін дамыту. Шульман айтқан құзырлы мұғалімнің қасиеттері табысты оқыту кепілі болып табылады. Сапалы білім мен дағдылар қалыптасқан жағдайда оқушылардың ынтасы артып, одан ары жоғары деңгейге қол жеткізуге ұмтылады.

Сыныптағы оқу үдерісіндің тиімділігі балалардың қалай және нені оқитынын түсінумен қатар оқу нәтижесін бағалау. Сонымен қатар, А.Маслоу анықтаған ынтаның иерархиялық қажеттіліктері мәні зор фактор болып табылды. Мұндағы 5 сатылы қажеттіліктер пайдалы талдау құралы, яғни төменгі деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда ғана жоғарғы деңгейге көшуге болады делінген.

Сыныптағы диалогтік әңгімені дамытуда Мерсер сипаттаған әңгіменің үш түрі оқудың ажырамас бөлшегі. Мұнда әңгіме-дебат, кумулятивтік және зерттеушілік әңгіме барысындағы талқылаулар ұжымдық білім беру аясы негізінде жүргізіледі. Бірақ мұндағы басымдылыққа ие әңгіменің зерттеушілік түрі болып табылады. Оның басымдылық жақтары пайдалы идея айтылып, мұхият бағаланады.

Сындарлы оқыту теориясының оқу процесі негізінде **б**ірлескен топтық жұмыстың артықшылықтарына көз жеткіздім. Сол себептен тәжірибедегі сабақтардар барысында топтық жұмысқа тапсырма бердім. Артықшылықтары: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің маңыздылығын айқындау, топты сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалаудың тиімділігіне білім алушылардың көзін жеткізу. Зерттей келе талантты және дарынды балаларды айқындау. Топқа түскенде білім алушылардың барлығы өз ойларын ортаға салады. Яғни, идеямен бөлісу арқылы бір-бірімен қарым – қатынасқа түседі. Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды ортада талқылап, дұрыс идеяны сараптап, жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА) қалыптасты. Мұнда тақырып бойынша өз ойларын тек қана білдіру емес, ақпаратты салыстыра отырып, өз пікірлерін дәлелдеуге мүмкіндік берілді.



Сурет 1 – топтық жұмыс барысы

Топтық жұмыстың аясында диалогтың маңызы айқындалды. Оқу мақсатының негізінде осы кезде білім алушылардың әлеуметтік қыры танылды. Мұнда сын тұрғысынан ойлаудағы қабілеттерінің артуы, ақпаратты ортаға салуы, өз ойларын еркін жеткізуі, оны дәлелдеуі, өз ойларына талдау жасауы білім мен дағдыны қалыптастыруы жоғарғы деңгейде айқындалды (сурет 1 – топтық жұмыс).

Белгілі педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сондай бола алады» дейді. Шәкіртке терең білім беріп,оның жүрегіне адами асыл қасиеттерді үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, қоршаған ортамен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде сабақта диалогтық оқытудың маңызды екені айтылады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығымен қатар, білім деңгейінің өсуіне де үлес қосқандығын атап көрсетті. Мұнда ересектермен инербелсенді қарым-қатынас арқылы бірігіп жасалынған жұмыс оқушылардың оқуы мен танымдық дамуына әсер ететіндігінің дәлелі негізінде пайымдалған. Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғарғы жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылады. Дарынды және талантты балаларды анықтауда мұқият шеберлікті талап етеді. Анықталған талантты және дарынды балаларға берілетін тапсырма күрделі болу керек.

Деңгейлік бағдарламаны оқу барысында білім алушыны жаңа әдіс- тәсілдермен оқыту негізгі жеті модульге сараланған. Жеті модульді сабақтарда пайдалану барысында ұстаз дәстүрлі сабақтарымызда қалыптасқан біршама заңдылықтарды өзгерте алады, атап айтар болсақ, мұғалім сабақтарда дайын түрде білім беру емес, керісінше оқушының өз бетімен білім алуына жағдай жасайды. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс -тәсілдерді қолдану барысында , оқушы сыни тұрғыдан ойлауға, өз білімін бағалауға заманға сай ойы мен пікірі қалыптасқан құзіреттті тұлға болуға, ақпараттық -коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы, сандық сауаттылығын арттыруға, өзін- өзі саналы түрде басқаруға бағыт ала отырып, бойындағы дарындылығы мен таланттылығын көрсетіп ,

алған білімін келешекте қолдана алады. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны болып табылатын жеті модульді пайдалана отырып, мұғалім оқушы білімімен қоса өзінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Диалогтік оқыту мақсатында, тізбектелген мына тақырыптарда тәжірибе жүргізілді.

1) Ағзадағы дәрумендердің реттелуі;

2) Ішкі секреция бездері

Әр тақырыпты ашуда диалогтық оқыту әдістері тиімділігін көрсетті. Сабақ барысында мына әдістер қолданылды: «Миға шабуыл», «Ақылдың алты ойлау қалпағы», «Галереяны шарлау» әдісі, «Бэкроним» әдісі, «Ыстық орындық» әдісі, «Сұрақ ілмегі». Миға шабуыл әдісінің мақсаты қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы жазбаша немесе ауызша ой салу. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында оқытушы үшін де, оқушы үшін де нәтижелі көрсеткіш екенінің дәлелі ретінде өткен тәжірибемнің қорытындысын айтуға болады. Оқытушы үшін студенттерге сұрақ қою арқылы оқудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, жаңа ақпараттарды толық игеруге негізгі құрал болып табылды. Оқушыға сұрақты жүйелі түрде дұрыс қою арқылы оқытудың тиімді құралына айналдыру ұстаздың шеберлігіне байланысты. Сұрақтың өзін түрткі болуға арналған, сынақтан өткізуге арналған, басқа оқушыларға қайта бағыттау бойынша дұрыс қоя білу керек. Суреттердің мазмұнына қарай тақырып гормондар туралы болатындығын студенттер болжады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып сюжет қоя отырып, миға шабуыл арқылы ағзада әр гормонның қай жерде орналасқанын, гипосекреция мен гиперсекреция кезінде зат алмасу процестерінің бұзылуын анықтады. Оқытудың осы кезеңінде оқушылардың танымдық қырлары танылды. Сабақты қорытындылауда пысықтау сұрақтары ретінде ыстық орындық әдісін пайдаландым. Нәтижесінде оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. Бұл қолданған әдісте оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау мүмкін болды. Сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы білім алушының ой-өрісін дамыту, пікірлерінің еркін жеткізілуі, ешқандай сынға ұшырамай қағазға түсірілуі, талқылау жұмысының орындалуы диалогты оқытудың табысты нәтижесі екендігін көрсетті.

Берілген тақырыпты тереңірек ашу барысында ақылдың алты ойлау қалпағы әдісін қолданып, әр топқа түрлі сұрақтарға тапсырмалар берділді. «Ақылдың алты ойлау қалпағы» әдісін қолдануда алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой електерін (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу тапсырылды. Аудитория топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ берілді (2 сурет).



Сурет 2 – Жасыл қалпақтылар тобы

Сындарлы оқыту теориясының табысты болған тұстары мынада:

– Практикалық сабақтарда топтық және жұптық жұмыстардың нәтижесінде оқу мазмұны толығымен ашылды;

– Дәріс сабақтарында миға шабуыл әдісі арқылы тақырыптың өзекті тұстарына екпін көрсетілді;

– Сабақтың соңында қорытындылау мақсатында осы интербелсенді әдістерді қолдану арқылы талдау, сараптау жасалынды.

Эмоционалдық, танымдық, әлеуметтік тұрғыдағы қырларын қатар алып жүру арқылы құзырлы мұғалім қалыптастыруда сындарлы оқытудың тиімділігі айқын. Әр ұстаздың шеберлігі, шығармашылық ізденісі бұл тығырықтан шығуына да қол жеткізеді екен. Біздің мақсатымыз- өзімізде бар бұрынғы педагогикалық құндылықтарымызды, жаңамен толықтыра отырып, жаңа белестерге көтерілу. Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 ж.
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж.
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.
4. «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оқыту сапасын арттыру кепілі» http://www.tarbie.kz/
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». Алматы, 2004 ж.

Кадирбаева Д.А.
п.ғ.к., доцент
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті
Қарағанды қаласы
didar_art@mail.ru

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Түйін. *Сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін анықтау, оқыту процессінде оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын дамытудың технологиясын зерттеу және оны пайдаланудың іс-тәжірибелік мәнін ұсыну.*

Резюме. *Определение психолого-педагогических аспектов критического мышления, изучение технологии критического мышления учащихся в учебном процессе и предоставление практической ценности его использования.*

Summary. *Defining the psychological and pedagogical aspects of critical thinking, studying the technology of critical thinking of students in the educational process and providing the practical value of using it.*

Қазіргі кезде географияны оқыту әдістемесіндегі ғылыми зерттеулердің басты бағыты географиялық орта білім беруді модернизациялау, жалпы білім беретін мекемелердегі оқу үрдісін жетілдіру және де осы мекемелерге география пәнінің мұғалімін дайындау болып табылады. Географияны оқыту әдістемесінің өзекті сұрақтарына жалпы білім беретін орта мектептердегі география пәнінің орны, мектеп географиясының концепциясы, мектеп географиясы курсының құрылымы, пәннің құрылымы мен мазмұнындағы оқытудың мәселелерін зерттеу әдістері, педагогикалық сараптама, оның түрлері жатады.

Қазіргі қазақ мектебін жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің жаңа басымдылығын анықтады, оның болжамы бойынша, оқыту үрдісі үлгісінің қалыптасуы мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім ынтымақтастығының қарым-қатынасы негізінде дамуы іске асады, әр түрлі оқыту әдісінің үйлесімді келісуі, түрлі оқыту іс әрекетін қолдануды қамтамасыз етеді. Осы құндылықтардың барлығы жаңа буын мектептерінде географиядан білім берудің даму негізін құрайды. Мектептің әр сатысындағы географияны оқытудағы білім-тәрбие мақсаты, мазмұн құрылымын іріктеу принципі-басты басымдылық болып табылады.

Мектеп түлегінің білімдарлығынын деңгейін анықтайтын қандай құзырлылық ерекшеленеді? Еуропа кеңесі мектептердің жастарды «қаруландыруға» тиіс негізгі құзырлардың 5 тобын анықтаған:

– Саяси және әлеуметтік құзырлар;

– Көпмәдениетті қоғамға қатысты құзырлар;

– Жазбаша және ауызша қарым-қатынас қабілеттілігін анықтайтын құзырлар;

– Ақпараттық қоғамның ұлғаюына байланысты құзырлар;

– Өмір бойы оқуға ынталылығы мен қабілеттілігін жүзеге асыратын құзырлар.

Бұл құзырлылық қазіргі уақытта білім беру саласында кеңінен қолданыста жүрген сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістемесінен анық байқауға болады.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту міндеті бірінші жоспарға шығады. Бүгінгі таңда ақпаратты иеленіп қана қоймай, оны сыни тұрғысынан бағалау, түсіну, қолдана білу де қажет. Жаңа ақпаратты кездестіргенде оқушылар берілген ақпараттың дәлдігі және құндылығына қатысты түйін шығара отырып, жаңа идеяларды ақылмен, сыни түрде, әр түрлі көзқараспен қарастыра білулері қажет [1].

Стефен Нориссаның айтуы бойынша: «Сыни тұрғысынан ойлау – не нәрсеге сену, не сенбеудің рационалды түсінігі».

Сыни тұрғысынан ойлаудың философиялық негіздері оқытушы мен оқушының қызметінің мәнін, заманауи азаматтық қоғамдағы оқыту процессінің мән-мағынасын түсінуге көмектеседі.

Сонымен сыни тұрғыда ойлау дегеніміз не?

Адамның ойлау қабілетінің тірек нүктесі.

– Идея және ақпараттармен қарым-қатынастың табиғи жолы.

– Адамның жеке өмірлік тәжірибесіне жаңа ақпараттар енгізу арқылы дамитын догмаларды қабылдайтын ашық ойлау.

– Бағалық, рефлексті ойлау.

Осылайша балаларды сыни тұрғысынан ойлауға үйрету – «бір мезгілде айқын, анық бағдар бойынша қанағаттандыратын және қиялға берілу қаупін азайтатын заманауи мәдениет пен барша адамзат өркениетінің жалғыз ғана құралы».

Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Сыни тұрғысынан ойлау деген бағалық және рефлексивті ойлау дегенді білдіреді. Бұл өмірлік тәжірибеге жаңа ақпарат енгізу арқылы дамитын догмаларды қабылдамайтын ашық ойлау. Осы тұста сыни тұрғысынан ойлау мен шығармашылық ойлаудың айырмашылығы бар, яғни шығармашылық ойлау бағалауды қарастырмайды. Сыни тұрғысынан ойлау деген бағалық және рефлексивті ойлау дегенді білдіреді. Бұл – өмірлік тәжірибеге жаңа ақпарат енгізу арқылы дамитын догмаларды қабылдамайтын ашық ойлау. Осы тұста сыни тұрғысынан ойлау мен шығармашылық ойлаудың айырмашылығы бар, яғни шығармашылық ойлау бағалауды қарастырмайды. Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез –келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжербиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі қызықтырады. Ол енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал осы бағытты ұйымдастырушы, бағыттаушы мұғалім.

Сыни тұрғыдан ойлау бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады

Сыни тұрғысынан ойлаудың технологиясы ойлау қызметінің ерекше түрлеріне негізделген құрастыру принциптерін басшылыққа алады. Жалпы дидактикалық түрдегі 7 принципті ерекшелеп өтсек:

– нақты дәлелдер, көздер, мәліметтерге негізделген аргументтер, айғақтар немесе теріске шығаруларды қолдануға арналған оқу және практика материалдарының ақпараттық толықтығы;

– ойлану нысанының әлеуметтік келісімі. Алдында айтып кеткендей, сыни тұрғысынан ойлау – бұл талқылауға арналған әлеуметтік ойлау, сондықтан мәселелер, міндеттер топтамасын дәл бір осы қасиетті ескере отырып, жүзеге асырған жөн;

– жеке дербес ойлау екендігін, бірақ ол пікірталас, пікірсайыс, талқылау және ашық түрдегі талдауларда пайда болатындығын ескеретін ойлау мен оны талқылаудағы үйлесімділік;

– материал мазмұнының мәселелігі – бұл жалпы дидактикалық принцип сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыруды ұйымдастыру технологиясында жетекші болып табылады. Бұл принцип мәселелік оқудың жалпы қасиеттерімен, тәсілдерімен және әдістерімен тығыз байланысқан;

– оқудағы мотивациялар мен қажеттіліктер – оқу қызметінің және әсіресе ақылдың сыншылдығын көрсетудегі жіберу пункті – рефлексия болып табылады. Ол көбінесе адам егер бір нәрсені білуге, түсінуге, ақиқатты орнатуға, немесе оң нәтиже алуға тырысқан кезде ғана мүмкін, қарсы жағдайда ешқандай да ақылдың сыншылдығы мүмкін емес. Сол себептен де, бұл ойлау топ түрі мен дәрежесіне байланысты тек 30-60 % -да ғана мүмкін екендігін сыни тұрғысынан ойлаудың зерттеу нәтижелері дәлелдейді;

– ақпараттың ғылымилығы, шынайылығы және қол жетімдігі – сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыруға қажет ақпараттың құндылығын анықтау қажеттілігі [2].

Оқытудың тиімділігі тәуелді педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік шарттарды сипаттай өтейік. Оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастырудағы ең басты шарт – мұғалімдердің дәл осындай ойлаумен иеленуі.

Сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырудағы педагогикалық құралдар келесі:

– білім беру стандарттары мен бағдарламаларына ойлауды дамыту және ойдың сыншылдығын байытуды көздейтін мақсаттарды қосу;

– кәсіби құзырлар, логикалық және сыни тұрғысынан ойлау машықтары мен қабілеттіктерін қалыптастыру және ерекшелеу шарттарына мүмкіндік туғызатын мазмұн;

– логикалық және сыни тұрғысынан ойлаудың обылысындағы кәсіби құзырлар және оларды қалыптастырудағы тәсілдерді білуге бағытталған оқытушыларды дайындау;

– жариялымдар, конференциялар, семинарлар, мастер-класстар және арнайы жобалар арқылы сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырудағы технологиялар мен инновациялар жайлы зерттеушілер мен оқытушылардың тәжірибе алмасуы және ойлауды дамыту облысындағы зерттеулердің үйлесімі.

Психологиялық-педагогикалық түсіндірмелер контекстінде сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырудың 4 деңгейі бар: 1) білімнің өзектілігін, қызығушылықты, тақырыпқа деген әуесқойлықты ояту, берілген тапсырманы оқу мақсатын анықтау; 2) жаңа ақпаратты түсіну, сыни оқу және жазу; 3) ойлау немесе рефлексия, жеке пікірдің және берілген тапсырмаға деген көзқарастың қалыптасуы; 4) ақпаратты, мәселені және оны шешу жолдарын бағалау және өзінің мүмкіндіктерін көрсету [3].

Сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыруда қолданылатын технологияларды оқыту әдістерін таңдау – берілген технология қандай оқыту жүйесіне жақын екендігіне байланысты. Сыни тұрғысынан ойлаудың әдістемелік негіздерінің негіздемесінде мәселелік, шығармашылық ойлаудың, ұйымдастырудың дамуымен байланысты теориялар анықталған болатын және олар сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын жүзеге асыруда негізгі болып табылады. Осылайша, мәселелік оқытудың әдістері ұтымды болып табылады – зерттеуші диалогиялық, эвристикалық, яғни, «Ал егер...?», «... бұл не?» деген сұрақтарға жауап беруде зерттеушілік рефлексия мүмкін болатын жағдайлар.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту деңгейін анықтау әдістерін 3 топқа бөлуге болады:

а) мәселелер, жағдайлар және сынға деген тұрақтылықта кең қолданылатын ақылдың сыншылдық ойлау құзырын бағалау техникаларының, әдістерінің және құралдарының жинағы;

б) белгілі-бір жағдайларда, нақты пәндер облысында сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін және машықтарын бағалаудың жеке әдістері мен техникасы;

в) мәселелерді көру және ұғыну, сол мәселелерді шешуде өзіңнің және басқалардың дәлелдерін салыстырудың нақты машықтар түрінде көрсетілетін сыни тұрғысынан ойлаудың жеке аспетілерін бағалау (2 кесте).

1 кесте

Сыни тұрғысынан ойлауды дамытудың 3 фазасы

Кезең (фаза)	Оқытушының қызметі, берілген фазаның міндеті	Оқушылардың қызметі	Мүмкін болатын әдіс-тәсілдер
Шақырту кезеңі	Зерттеліп отырған сұраққа қатысты бар білімді шақырту, оқушыларды, ары қарай жұмысқа жетелеу	Оқушы зерттеліп отырған сұраққа қатыстыны «есіне алады», (жорамал жасайды), зерттеместен бұрын ақпартты жүйелендіреді	«Белгілі ақпарат» тізімін құрау , кілттік сөздер бойынша жорамал айту; – материалды жүйелендіру (графикалықя): кластерлер, кестелер;
Бірінші кезеңде алынған ақпарат тыңдалады, жазылады, талқыланады, жеке-жұппен-топпен жұмыс жүргізіледі.			
Ұғыну кезеңі (іске асыру).	Жаңа ақпаратқа тікелей қатысты тақырыпқа деген қызығушылықты сақтау, «ескіден» «жаңаға» білімді біртіндеп жылжыту.	Оқытушымен ұсынылған оқудың белсенді әдістерін пайдалана отырып, оқушы мәтінді оқиды (тыңдайды), жол тыстарында белгілейді немесе жаңа ақпаратты қабылдау деңгейіне байланысты жазба жүргізеді.	Белсенді оқу әдістері: – «V», «+», «-», «?» белгілерін қолдану арқылы таңбалау(оқудың өлшеміне байланысты жолдың оң жағына қойылады); – екі күнделік, қосалқы журнал бастау сиякты жазба жүргізу ;
Жаңа ақпаратпен тікелей байланыс (мәтін, фильм, лекция, параграф материалы), жұмыс жеке немесе жұптасып жүргізіледі			
Рефлексия кезеңі	Оқушыларға бастапқы ұсыныс-жазбаларға қайтару, өзгерістер,толықтырулар енгізу, оқытылған ақпарат негізінде шығармашылық, зерттеуші, практикалық тапсырмалар беру.	Оқушылар ұғыну кезеңінде алынған ақпаратты қолдана отырып «жаңа» ақпарат пен «ескінің» арақатынасын белгілейді,	- Кластерлер, кестелерді толтыру , ақпараттардың блоктары арасындағы себеп-салдар байланыстарын орнату; -кілттік сөздерге, дұрыс,қате тұжырымдарға оралу; және т.б.

Бұл кестеде бірінші кезең (фаза) – шақырту. Бұл фазаның мақсаты – оқушының қызығушылығын белсендіріп, оны одан арғы жұмысына жетелеп қана қоймай, онсыз да бар білімді «шақырту» немесе өз алдына маңызды, белсендіруші және жетелеуші фактор болатын, зерттеліп отырған сұраққа қатысты сәйкестіктер табу.

Екінші кезең (фаза) – ұғыну (түсінікті жүзеге асыру). Бұл кезеңде ақпаратпен тікелей жұмыс жүргізіледі. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдері оқушының белсендігін сақтауға, оқу немесе тыңдауды ұғындыруға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең (фаза) – рефлексия (ойлану). Бұл кезеңде ақпарат талданады, түсініктеме беріледі, шығармашылық тұрғысынан өңделеді.

Шақырту фазасы (evocation). Жиі оқудың нәтижесінің жоқ болуы оқытушылардың оларға қойылған мақсаттары сол оқушылардың өзімен қабылданған дегенді тұспалдап, тәлім-тәрбие процессін құрастыру жағдайымен түсіндіріледі. Шынымен де, оқытушылардың мақсат қоюы алдын-ала өтеді, бұл оларға оқыту кезеңдерін айқын жобалуға, оның нәтижелері мен диагностика тәсілдерінің критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді. Дәл сол уақытта өз зерттеулерінде оқудың конструктивистік көзқарас идеяларын дамытатын көптеген ғалым – дидактиктердің (Дж. Дьюи, Б. Блум және басқалар) ойынша, оқушыға оқу процессіне ішкі жетек тудыратын мақсаттарды өз бетінше қоюға мүмкіндіктер беру керек. Осыдан кейін ғана оқытушы осы мақсаттарға жетуге арналған тиімді әдістерді таңдай алады. Осылайша, егер оқушыға оқытылып жатқан тақырыпқа байланысты бар білетінін талдауға мүмкіндік берсе, өзінің мақсат – себептерін тұжырымдауға қосымша қызығушылық тудырады. Шақырту кезеңінде дәл осы міндет шешіледі.

Шақырту кезеңінде шешілетін екінші міндет – оқушыларды белсендендіру міндеті. Сабақ үстінде басқалар берілген тапсырманы орындау сәтін күтіп, өзінің зияткерлік күшін танытпайтын оқушылардың бар болуы сирек емес. Сондықтан да, шақырту кезеңінде әр қайсысы өзінің жеке тәжірибесінің өзектілігін мақсат етіп, жұмысқа белсене қатысуы маңызды.

Шақырту кезеңіндегі тағы бір маңызды аспект – оқушылардың еркін ой – пікірінің нәтижесінде пайда болған барлық ақпараттардың жүйеленуі. Бұл олардың бір жағынан, өзіндік ақпараттарын «үлкейтілген» санаттық түрде көруіне мүмкіндік береді және де бұл құрылымға барлық пікірлер кіре алады: «дұрыс» және «дұрыс емес». Екінші жағынан, айтылған ойларды құрылымдау арқылы қарама-қайшылықтарды көруге болады, олар жаңа ақпаратты түсіну барысында әзденіс бағыттарын анықтайды және де бұл бағыттар әрбір оқушыда болуы мүмкін. Оқушы жеке оқытылып жатқан тақырыптың қай аспектісінде өз пікірін ұштау керек, ал қандай мәлімет тек дұрыстыққа тексерісті қажет ететіндігін анықтайды [4].

Әрбір сабақ алдында қойылған мақсаттар мен тапсырмалардың адекватты әдістерін таңдайтын, сонымен қатар оқытудың арнайы әдістерін, қызмет пен сабақтардағы, лекциялардағы, семинарлардағы, практикалық сабақтардағы бағалауды ұйымдастыру формаларын қолданатын оқытушыларға сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыру технологиясы басшылық ете алады. Технологияның негізі – сабақтың 3 фазалы құрылымы: шақыру, ұғыну. рефлексия. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы оқу және жазу арқылы қабылданатын ақпаратпен жұмыс істеу машықтарын қалыптастыратын толық жүйе болып табылады. Бұл жүйе – оқушыны қызықтыруға (ондағы зерттеушілік, шығармашылық белсенділікті тудыруға), кейін оған ойлауға мүмкіндік тудыруға және де алынған білімді жалпылауға көмектесуге бағытталған әр түрлі әдістердің жиынтығы. Ақпаратпен жұмысты, сыныптағы,топтағы жұмысты ұйымдастурға қатысты әр түрлі әдістер Ч.Темпл, К.Мередит, Д.Сстилл сияқты авторлардың жобаларында ұсынылған. Бұл әдістер – «кілттік сөздер», әр түрлі сұрақтармен жұмыс, белсенді оқу, материалды ұйымдастырудың графикалық әдістері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. География. 6-11 классы: Тематическое планирование. – 2-е изд.стериотип [Текст]/ авт. – сост. Н.В. Болотникова. – Волгоград: Учитель, 2008.
2. Введение в общую дидактику [Текст]: пер. с польского / В. Оконь. – М. : Высшая школа, 1990.
3. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.-Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
4. Борисенкова, И.А. Критическое мышление как объект исследования педагогической науки [Текст]/ И.А. Борисенкова//Педагогические науки ООО «Издательство «Спутник+». – 2006.

Курпишева Г.Ж.
Оқытушы, магистр
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе қ.

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ – ДЕНЕ ТАБИҒАТЫН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НӘТИЖЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада дене мәдениетінің адамның физиологиялық жағынан дамуын қалыптастыратын педагогикалық жүйе екендігі айтылып, оны қалыптастырудағы теориялық мәселелер қарастырылған.*

Аннотация. *В статье рассматривается, что физическая культура – это педагогическая система, которая формирует физиологическое развитие человека и теоретические проблемы его формирования.*

Annotation. *The article considers that physical culture is a pedagogical system that forms the physiological development of a person and the theoretical problems of its formation.*

Еліміздің әлемдік өркениетке демократиялық дәстүрлерге өту жағдайында қоғамның ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтарына мән беріліп, рухани адамгершілік тұрғысында дене мәдениеті мен спортты үйлесімділікте дамытып, салауатты өмір дағдылары арқылы болашақ дене тәрбиесі мамандарын даярлаудың өзектілігі артуда. Дамыған өркениетті елдердің жоғары мектептері қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше процестерін қарастырады: жоғары білімді демократияландыру; ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу – өндірістік кешендер құру; оқуды және студент еңбегін индивидуализациялау, білім беруді жүйелеу; болашақ дене тәрбиесі мамандарының кәсіби даярлығына жоғары талап қою. Бұл мәселе ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан-2030 бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде атап көрсетілген. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі жетілдіру тұжырымдамасында педагогикалық қоғамдастықтың алдында ауқымды міндет тұрғандығы, яғни-білім берудің жаңа моделін құрып, оны сынақтан өткізу, тәжірибеге енгізудің негізгі принциптері көрсетілген. Тұжырымдамада мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру қажеттілігі айтылған [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға дамытуға кәсіби шындауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тән күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан жақты жағдай жасау міндеті көзделген. Ғылым, техника, мәдениет, спорт және білім дамуының өзара байланыстылығы және сабақтастығы тарихи сипатта екендігі ескеріліп жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындылары, озат тәжірибелерді жүйелеу жалпы білім беретін орта мектептер мен жоғары оқу орны студенттерінің дене мәдениетін қалыптастыру процесінде оларды салауатты өмір дағдыларына тәрбиелеу, сондай-ақ дене мәдениетін қалыптастыру мәселесін теориялық сараптамадан өткізу және дене тәрбиесіндегі озық тәжірибелерді объективті тұрғыда талдаудың маңыздылығы өте жоғары екендігі айқындалды.

Қазіргі заман педагогтары В.И. Андреев, Ю.К. Бабанский, Н.В. Кузьмина, В.В. Сериков, В.А. Сластенин, А.В. Усова, С.И. Қасымбекова, А.С. Имангалиева, Н.Д. Хмель және т.б. болашақ маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне, мамандықтың мәніне, өзіндік ерекшеліктері мен функцияларына тоқталды. Оның құрылымын негіздей отырып, маманның іс-әрекетінің кәсіби бағдарын, студенттердің шығармашылық және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағдар ұсынады [2].

Дене мәдениеті – адамдардың дене қуатын жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығын құрайтын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Дене мәдениеті жүйесінің басты мақсаты – күш қуаты мықты, жан – тәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмысқа құштар, жан–жақты дене тәрбиесі дайындығынан өткен адамдар тәрбиелеу. Бұл мақсат төмендегідей жалпы міндеттерге негізделген:

1. Білім беру міндеттері – қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене тәрбиесі көлемінде арнайы білім беру. 2. Сауықтыру міндеттері – дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен денсаулықты

нығайту. 3. Тәрбиелік міндеттері – адамгершілік, жігерлілік қасиеттерді қалыптастыруға, өнегелі, көркемдік танымдарды үйренуге негізделген.

Дене мәдениеті жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік–экономикалық, заң-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, бағдарлама–нормативтік және ұйымдастыру негіздерінен көрінеді. Дене мәдениеті жүйесінің бағдарлама – нормативтік негізіне жататындар: дене тәрбиесінің мемлекеттік бағдарламалары, президенттік сынама, мемлекеттік спорттық классификация.

Дене мәдениеті дене табиғатын тәрбиелеудің нәтижесі. Бұл адамдардың дене дамуын қалыптастырып оны пайдаланудағы материалдық және рухани байлық. «Дене шынықтыру мәдениеті» жекеден жалпыға сияқты, «мәдениет» деген түсінікке жататыны туралы талай айтылып жүр. Енді, оны басқа сөзбен айтқанда – дене шынықтыру адамзат мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Дене шынықтыру адамның өзінің денесін дамытып, өзгерту жолындағы қызмет және осы бағыттағы жұмыс тәртібі деп ұғынуға болады. Немесе оны былай да түсіндіруге болады: тиісті ұйымдардың тарапынан берілген тапсырма немесе жүктеме есебіндегі адамдардың берілген талаптарды орындауы. Мысалы, мемлекеттік бағдарламада көрсетілген «Дене шынықтыру» сабағына қатысуы. «Дене мәдениеті» түсінігін «Мәдениет» түсінігіне жалпы жатқызуға болады, себебі, дене мәдениеті мәдениеттің бір бөлігіне жатады. «Дене мәдениеті дегеніміз адам өз дене күшін, құрылысын, жаттығулар кешенін істеу арқылы өзгертуге арналған үдерісті айтуға болады. Бұл деген адамдардың дене қимылын жетілдіруге арналған материалдың, рухани байлықтың кешені болып табылады» [3].

Дене мәдениеті педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда, дене тәрбиесі дене мәдениетінің негізгі саласы болып табылатыны туралы жоғарыда айтылған. Педагогикада адамның саяси әлеуметтік құқықты эстетикалық жағынан қоғамға лайықты болуына жауап беретін мүмкіндіктердің дамуына бағытталған мақсатты тәрбие деп атайды. Дене тәрбиесі – адамның физиологиялық жағынан дамуын қалыптастыратын педагогикалық жүйе. Мұнымен қоса, ол осы саладағы кәсіптік бағытты анықтайды, білім негізін құрайды. Әр түрлі деңгей мен түрлерде дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыдан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда маңызы зор екенін атап өткен дұрыс.

Дене мәдениеті – студенттерді оқытып, үйрету және тәрбиелеу үдерісіндегі жан-жақты дамытудағы маңызды пәндерінің бірі. Дене мәдениетімен және спортпен шұғылдану барысында студенттердің жан-жақты дамуын іске асыру үшін мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

– денсаулықты нығайту;

– дене мәдениеті мен салауатты өмір бейнесі негіздерінің білім дәрежесін меңгеру;

– дене және психологиялық сапалардың ұтымды деңгейіне жету;

– өмірлік және кәсіби мақсаттарға жету үшін дене мәдениеті мен спорттық қызмет тәжірибелерін пайдалана білу.

Жоғары оқу орындарында дене мәдениетін оқытудың тәсілдерін қалыптастыру және зерттеудегі оқытып, үйрету үдерісінде студенттердің жан-жақты дамуы міндеттерін шешуге ұмтылуды қамтамасыз етеді. Дене мәдениеті бойынша оқу үдерісінің негізгі бағыттылығы мемлекеттің мүддесін, адамдардың дене даярлығын жетілдіруге деген қоғам сұраныстарын, оларды тәжірибелі, маманданған еңбекке және әлеуметтік белсенді өмірге даярлауды іске асыру болып табылады. Жастарды тәрбиелеу оқытушылар мен студенттердің барлық қызмет шараларына қатысты оқу-тәрбие үрдісін демократизациялау, дифференциялау және гуманизациялау, мәдени, табиғат, аймақтық қозғаушы күштерді есепке алу арқылы жүзеге асады. Дене мәдениеті бойынша оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру – бұл білім беру мақсатының, оқытып, үйрету мазмұнының оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынасының қисынды (логикалық) байланысы. Бұл міндеттерді шешу мемлекеттік білім беру стандартының, нормативтік және әдістемелік құжаттардың айқындалған талаптарын сәйкестікте жүзеге асырады.

Студенттерді дене даярлығына оқытып, үйрету және тәрбиелеу – бұл көп жоспарлы үдеріс. Әртүрлі оқытып, үйрету кезеңдеріне қарай оның мазмұны мен формалары өзгереді және ол өмір сүру жағдайы және қызмет динамикасына, студенттің жас ерекшелік өзгерісіне байланысты болады. Оқытып, үйрету үдерісі ретінде дене мәдинетінің маңыздылығы рухани және дене күштерін үндестіру, денсаулық, психикалық орнықтылық, дене жетілуінің жоғары көрсеткіштерін қалыптастыру арқылы көрінеді. Дене мәдениеті педагогикасының негізгі қызметі жеке тұлғаның әлеуметтік мәдени қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытып, үйрету тәрбиелеу және дамыту болып табылады [4;5;6]

Дене мәдениетінің негізгі мақсаты студенттердің салауатты өмір бейнесін сақтауға, оларды саналы еңбекке бағытталатын және әлеуметтік қарым-қатынысқа белсенді қатысуға даярлауды қалыптастыру болып табылады. Соңғы кездері дене мәдениетіне оқытып, үйретудің мазмұнды гендерлік педагогикаға ерекше назар аударылуда, яғни жас өспірімдер мен бойжеткендерді оқытып, үйрету мәселелерін жүзеге асыруда олардың психикалық және физиологиялық ерекшеліктері есепке алынап жүргізіледі. Дене мәдениеті бойынша бағдарламада оқытып, үйретудің мақсаттары мен міндеттері, сол сияқты әрбір оқу тарауын оқытуға бөлінген сағат саны, білім және біліктілігін тексеру және бағалау тәсілдері, қажеттілік туындаған жағдайда практикалық сабақтарда студенттерге қажетті жәрдем берудің мүмкін вариантары көрсетілген. Қазіргі таңда студенттерді оқытып, үйрету және тәрбиелеуде өскелең өмір талабы бойынша білім беру үдерісінің талаптарына сәйкес студенттерді жан-жақты дамытуға және денелерін жетілдіруге бағытталған дене мәдениетінің кешенді шаралары, әдістері мен формалары қолданылады [7]. Дене мәдениетіне оқытып, үйрету мына төмендегілермен жүзеге асады:

– жеке дене белсенділігі негіздерін меңгеру;

– дене мәдениеті бойынша білімді, біліктілікті және дағдыларды меңгеру;

– үйлесімділік қабілеттерін дамыту;

– өздігінен денешынықтыру-сауықтыру және спорттық қызмет дағдыларын жетілдіру;

– ерік-жігер, адамгершілік сапалары мен ақыл, ой қабілеттілігін дамыту.

Студенттердің дене мәдениетін тиімді меңгеруі үшін оқытушылар өздерінің тәжірибесінде оқу қызметіндегі әртүрлі белсенділікке тәрбиелеудің мына тәсілдерін пайдаланады:

– қазіргі заманғы ақпараттық және қатынастық технологияларды қолдану негізінде оқытудың тиімділігін күшейту;

– студенттердің спорттық бағытталған жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға іскерлік қатынас;

Педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыру дегеніміз мыналар:

– дене мәдениетімен және спортпен шұғылдануда оқытып, үйретудің мақсатты бағыттылығын артыру және мотивациясын күшейту;

– шығармашылық әдістерін және оқытып, үйрету формаларын қолдану;

– оқытып, үйретудің қазіргі заманғы құралдарын және компьютерлерді пайдалану;

– диагностика мәселелеріне назар салуды күшейту және студенттердің білімдерін, біліктілігін және дағдыларын бағалау.

Дене мәдениеті бойынша білімдерді табысты меңгерудің маңызды талабы – бұл оқытып үйретуде қызметтегі іскерлік тәсілдерді жүзеге асыру. Қызметке іскерлік қатынастың мәні, мұнда оқытушы сабақ кезінде студентке дайын білім және біліктілікті меңгеруге ғана бағдар беріп қоймайды, сонымен бірге оқу тапсырмаларын (жаттығулар) орындауға шығармашылықпен келуін қалыптастыруға да назар аударады. Іскерлік қатынасты жүзеге асыру кезінде оқытушыға өз әрекетін студенттің дене шынықтыру спорттық жүктемелердің қандай да бір түрлерін орындау қабілеті мен мүмкіндіктеріне сәйкес үйлестіру қажет. Мұндай тәсілді өмірде жүзеге асыру дене мәдениетімен және спортпен шұғылдану үшін тиімді жағдай жасауда ресми тұлғалардың жауапкершілігі бекітілетін, сәйкес құжаттармен анықталады. Дене мәдениеті мен спорт саласындағы білім беру жүйесіне ұсынылатын талап оқып, үйренушілердің жеке тұлғалық ерекшеліктері есепке алынып, жеке тұлғаның үйлесімді үндестікте дамуын қалыптастыруға бағытталған. Тәжірибе көрсеткендей, еліміздегі осы заманғы жоғары оқу орындарында жоғары адамгершілік, ерік-жігер, рухани-өнегелілік және психологиялық сапаларды меңгерген, денелері жан-жақты дамыған мамандарды даярлау үшін барлық мүмкіндіктер жасалынған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы http://www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf
2. Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің ңегіздері. -Алматы, «Санат», 2000г – 125 б.
3. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. – М.: «Академия», 2002 г. – 478 с.
4. Русанов В.П., Колкутин А.М. Основы теории и методики физической культуры и спорта. У- Ка, изд-во ВКГУ, 2003 г. – 325 с.

5. Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті мен спорттың теориясы мен әдістемесі. -Өскемен, ШҚМУ баспасы. 2006 ж. 272 б.
6. Республиканская учебная программа по физической культуре высших учебных заведений. А-Ата, 1992 г. – 40 с.
7. Мананков Н.Е., Колкутин А.М. Физическое воспитание студентов. У-Ка, изд-во ВКГУ, 2001 г. -131с

УДК 15.21.51

Лекерова Г.Ж.
д.пс.н., профессор
Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова

Исабаева А.С.
к.п.н.
Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова

Нурбекова А.М.
к.п.н.
Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова

Омарова Г.А.
к.п.н.
университет «Мирас»

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация. *В школьном образовании существует множество методов обучения, разные типы уроков, которые преследуют одну единственную цель – усвоение знаний учащимися. Приветствуется внедрение новшеств, инноваций и их гармоничное вливание в устоявшуюся структуру урока. Среди моделей обучения выделяют: пассивную, активную и интерактивную. Активные или интерактивные методы предполагают стимулирование познавательной деятельности и самостоятельности учеников. Эта модель предполагает наличие творческих заданий и общение в системе ученик-учитель, как обязательных. Интерактивная модель своей целью ставит организацию комфортных условий обучения, при которых все ученики активно взаимодействуют между собой. Именно использование этой модели обучения учителем на своих уроках, говорит об его инновационной деятельности.*

Ключевые слова: *модели обучения, интерактивные технологии, классификационные параметры, целевые ориентации, концептуальные позиции, идеальная модель обучения.*

Түйін. *Мектепте білім беруде оқытудың көптеген әдістері, сабақтардың әр түрлі типтері бар, олар бірыңғай мақсатты жалғастырады – оқушылардың білімді игеруі. Жаңа құрылымды жаңғырту, жаңалықтарды және олардың қалыптасқан сабақ құрылымына үйлесімді сіңірілуін құптау қолға алынуда. Оқыту үлгілері арасынан: пассивті, белсенді және интерактивті үлгілер көрсетіледі. Белсенді немесе интерактивтік әдістер оқушылардың танымдық іс-әрекеті мен дербестігін ұйғарады. Бұл модель шығармашылықпен айналысуды және мұғалім-оқушы жүйесіндегі үйренуді міндеттейді. Интерактивтік модель барлық оқушыларымен белсенді өзара іс-қимыл жасауға өз үлесін қосады. Бұл үлгіні қолданушылар, өз сабақтарында мұғалімдерді оқып үйреніп, оларды жаңашыл жұмыс жасайтыны туралы айтады.*

Кілт сөздер: *оқыту үлгісі, интерактивтік технологиялар, классификациялық параметрлер, мақсаттық бағдарлану, концептуалды позициялар, оқытудың идеалды моделі*

Summary. *In the school education there is a set of training methods, different types of lessons, which pursue the unique aim – assimilation of knowledge by pupils. Introduction of innovations and their harmonious injection in the settled structure of lesson is welcomed. There are distinguished models of training: passive, active and interactive. Active or interactive methods assume stimulation of cognitive activity and independence of pupils. This model assumes existence of creative tasks and communication in the system pupil-teacher as obligatory. The interactive model sets as the purpose the organization of comfortable conditions of training under which all pupils actively interact among themselves. Using of this model of training by teacher at lessons speaks about his innovative activity.*

Keywords: *training models, interactive technologies, classification parameters, target orientations, conceptual positions, ideal model of training.*

Все, наверное, согласятся с тем, что воспитательный аспект урока является не менее важным, чем и учебный; а также с тем, что эти два аспекта между собой взаимосвязаны. Как ребенок привыкнет выполнять свою работу, коей является учение? Будет ли она его увлекать? Заставлять думать, критически переосмысливать? Все это и многое другое зависит от того, какие условия на уроке созданы для детей [1].

Модели обучения. Как известно в среднешкольном образовании существует множество методов обучения, разные типы уроков, которые преследуют одну единственную цель – усвоение знаний учащимися. Приветствуется внедрение новшеств, или как сейчас модно говорить инноваций, и их гармоничное вливание в устоявшуюся структуру урока. Среди моделей обучения выделяют: *пассивную, активную и интерактивную*. Аналогичное разделение моделей обучения можно встретить и у В.В. Гузеева, но по-другому названные: *экстраактивный, интраактивный и интерактивный режимы соответственно*.

Особенностями пассивной модели или экстрактивного режима является активность обучающей среды. Это значит, что ученики усваивают материал из слов учителя или из текста учебника, не общаются между собой и не выполняют никаких творческих заданий. Примерами такой модели могут быть традиционные формы уроков, например в виде лекции. Эта модель самая традиционная и довольнотаки часто используется, хотя современными требованиями к структуре урока является использование активных методов, вызывающих активность ребенка [2].

Активные или интраактивные методы предполагают стимулирование познавательной деятельности и самостоятельности учеников. Эта модель предполагает наличие творческих (часто домашние) заданий и общение в системе ученик-учитель, как обязательных. Недостатком данной модели является то, что ученики выступают как субъекты учения для себя, учащие только себя, и совершенно не взаимодействующие с другими участниками процесса, кроме учителя. Итак, этот метод характерен своей односторонней направленностью, а именно для технологий самостоятельной деятельности, самообучения, самовоспитания, саморазвития, и ни сколько не учит умению обмениваться опытом и взаимодействовать в группах.

Интерактивная модель своей целью ставит организацию комфортных условий обучения, при которых все ученики активно взаимодействуют между собой. Именно использование этой модели обучения учителем на своих уроках, говорит об его инновационной деятельности. Организация интерактивного обучения предполагает моделирование жизненных ситуаций, использование ролевых игр, общее решение вопросов на основании анализа обстоятельств и ситуации, проникновение информационных потоков в сознание, вызывающих его активную деятельность. Понятно, что структура интерактивного урока будет отличаться от структуры обычного урока, это также требует профессионализма и опыта преподавателя. Поэтому в структуру урока включаются только элементы интерактивной модели обучения – интерактивные технологии, то есть конкретные приёмы и методы, позволяющие сделать урок необычным и более насыщенным и интересным. Хотя можно проводить полностью интерактивные уроки.

Итак, что же такое интерактивные технологии? ***Интерактивными технологиями*** являются такие, в которых ученик выступает в постоянно флуктуирующий субъектно-объективных отношениях относительно обучающей системы, периодически становясь ее автономным активным элементом.

Рассмотрим особенности организации интерактивных технологий, их концептуальные позиции и целевые ориентации [3].

Классификационные параметры

Философская основа: гуманистическая, природосообразная.

Методологический подход: коммуникативный.

Ведущие факторы развития: социогенные.

Вид управления учебно-воспитательным процессом: сопровождение.

Тип управления учебно-воспитательным процессом: взаимообучение.

Преобладающие методы: диалогические.

Организационные формы: любые.

Подход к ребенку и характер воспитательных взаимодействий: интерактивный, демократический, сотрудничества.

Целевые ориентации

Активизация индивидуальных умственных процессов учащихся.

Возбуждение внутреннего диалога у учащегося.

Обеспечение понимания информации, являющейся предметом обмена.

Индивидуализация педагогического взаимодействия.

Вывод учащегося на позицию субъекта обучения.

Достижение двусторонней связи при обмене информацией между учащимися.

Самой общей задачей учителя в интерактивной технологии является фасилитация (поддержка, облегчение) – направление и помощь процессу обмена информацией:

– выявление многообразия точек зрения;

– обращение к личному опыту участников;

– поддержка активности участников;

– соединение теории и практики;

– взаимообогащение опыта участников;

– облегчение восприятия, усвоения, взаимопонимания участников;

– поощрение творчества участников [4].

Концептуальные позиции

Информация должна усваиваться не в пассивном режиме, а в активном, с использованием проблемных ситуаций, интерактивных циклов.

Интерактивное общение способствует умственному развитию.

При наличии обратной связи отправитель и получатель информации меняются коммуникативными ролями. Изначальный получатель становится отправителем и проходит все этапы процесса обмена информацией для передачи своего отклика начальному отправителя.

Обратная связь может способствовать значительному повышению эффективности обмена информацией (учебной, воспитательной, управленческой).

Двусторонний обмен информацией хотя и протекает медленнее, но более точен и повышает уверенность в правильности ее интерпретации.

Обратная связь увеличивает шансы на эффективный обмен информацией, позволяя обеим сторонам устранять помехи.

Контроль знаний должен предполагать умение применять полученные знания на практике [5].

Особенности организации. Интерактивные технологии основаны на прямом взаимодействии учащихся с учебным окружением. Учебное окружение выступает как реальность, в которой учащийся находит для себя область осваиваемого опыта. Опыт учащегося – это центральный активатор учебного познания.

В традиционном обучении учитель играет *роль "фильтра*", пропускающего через себя учебную информацию, *в интерактивном – роль помощника* в работе, активизирующего взаимонаправленные потоки информации.

По сравнению с традиционными, в интерактивных моделях обучения меняется и взаимодействие с учителем: его активность уступает место активности учащихся, *задача учителя – создать условия для их инициативы*. В интерактивной технологии учащиеся выступают полноправными участниками, их опыт важен не менее, чем опыт учителя, который не столько дает готовые знания, сколько побуждает учащихся к самостоятельному поиску [6].

Учитель выступает в интерактивных технологиях в нескольких основных ролях. В каждой из них он организует взаимодействие участников с той или иной областью информационной среды. В роли информатора-эксперта учитель излагает текстовый материал, демонстрирует видеоряд, отвечает на вопросы участников, отслеживает результаты процесса и т.д. В роли организатора-фасилитатора он налаживает взаимодействие учащихся с социальным и физическим окружением (разбивает на подгруппы, побуждает их самостоятельно собирать данные, координирует выполнение заданий, подготовку мини-презентаций и т.д.). В роли консультанта учитель обращается к профессиональному опыту учеников, помогает искать решения уже поставленных задач, самостоятельно ставить новые и т.д.

К недостаткам роли фасилитатора относятся большие затраты труда учителя при подготовке, сложность точного планирования результатов.

Источником помех при интерактивном режиме может быть различие в восприятии, из-за которого может изменяться смысл в процессах кодирования и декодирования информации.

Интерактивные технологии и методы

Познакомимся с некоторыми интерактивными технологиями и методами через которые можно внедрить интерактивную модель обучения в рамках урока:

– работа в малых группах – в парах, ротационных тройках, "два, четыре, вместе";

– метод карусели;

– лекции с проблемным изложением;
– эвристическая беседа;
– уроки семинары (в форме дискуссий, дебатов);
– конференции;
– деловые игры;
– использование средств мультимедиа (компьютерные классы);
– технология полноценного сотрудничества;
– технология моделирования, или метод проектов (скорее как внеурочная деятельность).

Основная цель интерактивного обучения

Принцип гуманизации образовательного процесса требует пересмотра всего содержания обучения, а именно признание творческой природы личности каждого ребенка. Наличия в нем внутренней активности приводит к отказу от усвоения определенного объема соответствующих знаний как главной цели образовательного процесса. Главная цель – целостное развитие личности ученика. Средством же развития личности, раскрывающим ее потенциальные внутренние способности является самостоятельная познавательная и мыслительная деятельность. Следовательно, задача учителя – обеспечить на уроке такую деятельность, чему способствуют современные интерактивные технологии. В этом случае ученик сам открывает путь к познанию. Усвоение знаний – результат его деятельности [7].

Идеальная модель обучения

И еще один немало важный момент, о котором хотелось упомянуть. Среди отечественных исследователей методистов крепнет понимание необходимости создания такой модели обучения (названную ими идеальной), в которой сущность обучения не будет сводиться ни к передаче учащимся готовых знаний, ни к самостоятельному преодолению затруднений, ни к собственным открытиям учащихся. Ее отличает разумное сочетание педагогического управления с собственной инициативой и самостоятельностью, активностью школьника. И именно только такая модель обучения, которая опирается на всю совокупность нынешних знаний о механизмах обучения, целях и мотивах познавательной деятельности. Будет пригодной для реализации главной цели – всестороннего и гармоничного развития личности.

Перед учителями открывается широкое поле деятельности – творить, экспериментировать и искать идеальный вариант обучения. Известный дидакт И.П. Подласый отмечал: «Педагогическая теория – абстракция. Ее практическое применение – всегда высокое искусство». И пусть, каждый рассудит смысл этих слов, как считает нужным для себя. А также «Великим ученым ребенок может и не быть, а вот самостоятельным человеком, способным анализировать свои поступки, поведение, самосовершенствоваться, реализовывать себя в окружающем мире ему научиться необходимо» [8].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студ.пед.вузов. – М.: ВЛАДОС, 1999. – Кр. 1: Общие основы. Процесс обучения. – 576 с.: ил.
2. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП. М.: НИИ школьных технологий, 2005.
3. Лекерова Г.Ж. Педагогическая психология. – Шымкент, ЮКГУ, элект.учеб.пос., 2012
4. Lekerova G.Zh., Dlimbetova B.S., Kylyshbayeva G.B., Karbozova G.K., Zholdasbekova K.A., Sikhimbayeva Zh.S., Aymenov A.Zh. Research of a problem of formation of educational motivation of students.- Espacios, vol.38 (№25), 2017, page 26.
5. Lekerova G. Zh., Karbozova G.K., Isabayeva A. S., Dlimbetova B.S., Mamykova R.U., Omarova G.A., Aymenov A.Zh. Results of the Investigation of Psychological Influence on Development of Students, Motivation.- International Journal of Environmental and Science Education, 2016, 11(8), 1711-1720.
6. Лекерова Г.Ж., Нурбекова А.М. Интерактивные методы обучения как условие активизации познавательной активности студентов.- Труды международного форума педагогов-новаторов «Современное образование в глобальной конкурентной среде».-МОН РК, ЮКГУ, им. М. Ауэзова, 2017,т.2, С.195-202.
7. Лекерова Г.Ж. Успешное обучение в режиме интерактивной технологии. – Труды международного форума педагогов-новаторов «Современное образование в глобальной конкурентной среде».-МОН РК, ЮКГУ, им. М. Ауэзова, 2017,т.1, С.233-237.
8. Лекерова Г.Ж. Активные методы обучения как психологическая основа развития мотивации в процессе обучения.- Психология обучения.- Москва, 2009, № 6, С. 17-29.

Майматаева А.Д.
Phd докторант,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
maimataeva_asia@mail.ru

Кауынбаева Э.
оқытушы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Түйін. *«Биолог мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі» түсінігінің тұжырымдамасы берілді. Биолог мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігңнің құрылымы ұсынылды және компоненттері анықталды.*

Түйін сөздер: *ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық–коммуникациялық технология, базалық құзыреттілік.*

Резюме. *Предложена интерпретация понятие «информационная компетентность учителя биологии». Выявлены компоненты и представлена структура информационной компетентности учителя биологии.*

Ключевые слова: *информационная компетентность, информационно – коммуникационные технологии, базовая компетентция.*

Summary. *The interpretation of the concept of "information competence of a biology teacher" is offered. Components are revealed and the structure of information competence of the teacher of biology is presented.*

Keywords: *information competence, information and communication technologies, basic competence.*

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [1]. Мұның өзі қазіргі білім беру жағдайында студенттердің қоғамға бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, дамытатын, инновациялық үдеріс негізінде ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруды міндеттейді.

Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің талапқа сәйкес келуіне негізделеді. Тұлғаға бағытталған білім беруде студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды оқыту үдерісінде жүзеге асыруда, оның өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу қажет. Бұл өз кезегінде студенттердің ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, бақылау мен бағалау құзыреттілігін қалыптастыру нәтижеге бағытталған өзіндік жұмыстың ретінде алынады.

Студент биологтардың білімін арттыруда келесі проблемаларды шешу қажеттігін анықтап отырмыз:

– биолог мамандардың әдістемелік даярлығын қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының, программалық және ғылыми-әдістемелік жасақтамалардың жеткіліксіздігі;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану бойынша болашақ биолог мұғалімдердің тәжірибесінің болмауы;

– биолог мамандардың АКТ-ны қолдану саласы бойынша даярлайтын дәріскерлердің жеткіліксіздігі;

– АКТ құралдарын қолдануға бағытталған оқу курстарының практикалық түрде жүзеге аспауы;

Құзыреттілік қалыптасқан биолог мұғалімдерді дайындауда құзыреттіліктің үш түрін ерекшелеп алуға болады: базалық, арнайы және кәсіби.

Базалық құзыреттілік − бұл өнімді іс-әрекет үшін кез келген мұғалімдерге қажетті әлеуметтік құзыреттілік.

Арнайы құзыреттілік – бұл белгілі бір кәсіби сала бойынша қалыптасатын құзыреттілік.

Кәсіби құзыреттілік – бұл нақты мәселені немесе кәсіби міндеттерді шешуге қажетті нақты педагогикалық әрекетті орындауға арналған құзыреттілік.

Аталған түрлерге сәйкес компоненттерді биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мен меңгеру деңгейлері ретінде қарастырамыз:

– АКТ-ны пайдалануға негізделген адамның ақпараттық іс-әрекетінің жалпыланған түрлері;

– білім беру үдерісінде, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне АКТ құралдарын пайдалану тәсілдері, ақпараттық іс-әрекеттері;

– ақпараттық іс-әрекеттің барлық түрлерін, пәндік әдістемеде АКТ құралдарын пайдалану бойынша мұғалімнің дайындығын қамтамасыз ету.

Ақпараттық құзыреттіліктің барлық үш түрін (негізгі, базалық, арнайы) бір мезгілде меңгеру үдерісін ұйымдастыру өте күрделі екендігі зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде келтірілген. Бұл зерттелген ғылыми негіздер мұғалімдердің білім сапасына арттыруда ерекше мәнге ие [2].

Болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу үдерісін келесі деңгейлер арқылы ерекшелеп алуға болады:

– қарапайым (ақпараттық сауаттылық);

– қызметтік (ақпараттық білімділік);

– жүйелік (ақпараттық қабілеттілік).

Біздің пікірімізше, болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігі дегеніміз – оқу-тәрбие үдерісіне ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті болса, ал ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік дегеніміз биология пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін қолдану мен әлемдік-ақпараттық білімдік кеңістікке еркін түрде ену арқылы өздігінен білімдерін жетілдіру қабілеті [3].

Сонымен қатар ақпараттық технологияларды биология пәнінде сапалы деңгейде қолданып, оқыту және оларды технология әлеміне ендіре отырып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін мұғалімдерді арнайы дайындау қажет. Мұнда мұғалім АКТ құралдарын оқу үдерісіне енгізудің психологиясын жақсы біліп, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп, ақпараттық технологиялар саласында құзырлылығы қалыптасқан маман болулары тиіс дей келе, олардың меңгеруге тиісті білімдері мен дағдыларын келесі мазмұнда көрсетуге болады:

– оқыту мен тәрбиелеуде компьютердің қолданылу мүмкіндіктерін білу;

– биология пәндерін оқытуды ұйымдастыруда компьютерді қолданудың әдістерін меңгеру;

– өткен материалды меңгеру деңгейін бақылау, өзіндік бақылауларын ұйымдастыруда компьютерді қолдана білу білігі;

– оқытудың дәстүрлі және компьютерлік технологияларын тиімді үйлестіре білу білігі;

– шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыруда АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдана білу [4].

Бүгінгі күні биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру ақпарат ағымымен және әлемдік-ақпараттық білімдік кеңістік арнасынан оқушыға сапалы білім беру мүмкіндігімен түсіндіріледі.

АКТ құралдары мен интерактивтік технологиялар саласынан теориялық білімдер мен практикалық дағдылар мұғалімдердің білімді жаңарту жағдайында шартты түрде бес топқа біріктірілетін кәсіби міндеттерді шешуді талап етеді. Олар:

– оқу үдерісінің мазмұнын АКТ құралдарының мүмкіндіктерін қолдану арқылы жаңарта білу;

– білім сапасын арттыруда АКТ құралдарының мүмкіндіктерін зерттей білу;

– ақпараттық ортада желілік қарым-қатынас орната білуге дағдылану;

– ақпараттық білім ортасын жасау және оны қолдану;

– кәсіби бағытта өздігінен білім алуды жобалау және оны қолдану.

Болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілік қалыптастырудың мақсатқа сәйкестігі оны екі аспектіде қарастыруға мүмкіндік берді:

– технологиялық тұрғыдан (АКТ құралдарының түрлері, олардың құрылымы және әрекет ету ұстанымы, олармен негізгі жұмыс істеу тәсілдері, техникалық қызмет көрсету ережелері және т.б.);

– біліми тұрғыдан (олардың дидактикалық негізі мен әдістемелік қызметтері, құрылу қағидалары, АКТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі) [5].

Жоғарыда келтірілген түсіндірмелерге сүйене отырып, мұғалімдерге қатысты біз келесі анықтаманы тұжырымдадық: «Ақпаратты құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның ақпараттық және

телекоммуникациялық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерін қолдана отырып, биология пәндерін оқыту үдерісінде кәсіби міндеттерді сауатты түрде шешуге қабілеттілігі мен дайындығы».

Соның негізінде жеке тұлғаның әлеуетінің жоғары деңгейдегі қажеттілігін, әріптестерімен бірлесе отырып, жұмыс жасауы және өзінің жеке мәнділігін сезінуін қамтамасыз ететін тұлғаға-бағдарланған болып келеді.

Сөйтіп, биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілгі оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыруда және пәнді оқытудың сапасын арттыруда АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдана білуін және пәннің сапалы тұлғалық-бағдарлы парадигмасын жүзеге асыруда өз кәсіби әрекетінде оларды тиімді пайдалана білуді болжайды.

Білім беру үдерісінде АКТ құралдарын болашақ биолог мұғалімдердің қолдану деңгейін сипаттау картасы төмендегі кесте келтіріліген (кесте 1).

Кесте 1

АКТ құралдарын болашақ биолог мұғалімдердің қолдану деңгейін сипаттау картасы

АКТ-ны қолдануға дайындық деңгейі	Деңгейдің қысқаша сипаттамасы	ББҰ жағдайында деңгейлердің мүмкіндік талаптары
АКТ-хабары болу	Компьютер техникасының бар екендігі туралы мәліметтердің төменгі деңгейі. Мұғалім компьютер арқылы ақпаратпен жұмыстың ерекшелігі туралы біледі. Мысалы, жалпы алғанда мұғалім өзіне қажетті мәліметті іздеп, қолдану дағдысы толығымен қалыптаспаған.	АКТ-ның педагогикалық мүмкіндіктерін алғашқы деңгейде қолдану, мысалы, дайын анимацияланған қор, сандық фильм, мультимедиялық презентациямен сабақ өткізу. АКТ-ны қолдану арқылы сабаққа арналған дидак-тикалық материалдарды әзірлеу.
АКТ-сауаттылық	АКТ-ны демонстрация (презентация), шығарылған құжаттар, дайын СБР деңгейінде пайдаланады. Мысалы, ашық сабақтың алдағы жұмысының нақты тақырыбына байланысты сұраныстарын қамтиды.	АКТ-ны қолданатын оқушылар үшін тапсырмаларды дайындау, мысалы, интернетте ақпарат таңдау мен іздестіруге қатысты үй жұмыстарын беру.
АКТ-құзыреттілік	Оқушылардың білімдерін бақылауды ұйымдастыру үшін АКТ-ны пайдаланады (мысалы, электрондық түрдегі тесттер). Компьютер сыныбында интеграцияланған сабақтар өткізеді. Мысалы, виртуалдық тәжірибелерді өткізу, Интернеттен мәліметтерді (соның ішінде, СБР коллекциясынан) таба алады Өз өнімдерін (әдістемелік, желідегі СБР) жариялайды. Желілік бірлестіктерге қатысады.	АКТ және заманауи білім беру технологияларын кіріктіріп қолдану: АКТ-ның негізінде оқушылармен жоба жасау, кіріктірілген сабақтар өткізу. Сабақтан тыс қызметте АКТ-ны қолдану: сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары Меншікті қорларды жасау үшін программалық қамтамасыз етуді, сандық білім беру қорларын, программалық құралдарды белсенді өздігінен зерттеу.
Ақпараттық мәдениет	Электрондық пошта арқылы кеңестер береді, қосымша сабақтар өткізеді, мектеп сайтында, форумда үйге тапсырмалар беріледі. Өздерінің электрондық оқулықтарын қашықтан оқыту курстарын желілік жобаларды жасайды.	Сандық портфолио жүргізу. АКТ құралдарының көмегімен ғылыми- зерттеу тәжірибесін өткізу. Мысалы, пән бойынша оқыту нәтижелілігіне АКТ құралдарының ықпалы саласында.

Қорыта келгенде, болашақ биолог мұғалімдердің дайындық деңгейлерінен алған градациясы және АКТ құралдарын қолдану спектрлеріне тән әрбір деңгей, АКТ құралдарын қолдануға байланысты мұғалімдерге әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету бағыттарын анықтауға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының білім берудің стандарты. – Алматы, 2001.-50 б.
2. Құдайбергенова Г.Қ. Құзырлық ұғымының теориясымен әдістемесі оқу құралы. – Алматы, 2008.

3 Хеннер Е.К. Формирование ИКТ-компетентности учащихся и преподавателей в системе непрерывного образования [Текст] / Е.К. Хеннер. – М. : БИНОМ. Лаборатория базовых знаний, 2008. –188 с.
4 Blankertz H. Theorien und Modelle der Didaktik [Text] / H. Blankertz. – München., 2000. – p.228.
5. Тришина С.В. Информационная компетентность как педагогическая категория [Электронный ресурс] / С.В. Тришина // Режим доступа: http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-11.htm. – В надзаг. : Интернет-журнал «Эйдос». – загл. с экрана.

Маратова А.М.
Магистрант
Атырауский государственный университет
им. Х.Досмухамедова
г. Атырау
E-mail: asel.maratova07@mail.ru

АКТИВИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА СТУДЕНТОВ В ВУЗЕ

Резюме: *В данной статье раскрываются понятия «познавательный интерес», «учебно-познавательный интерес», учебная деятельность и познавательная деятельность. Целью статьи является определить главные особенности активизации учебно-познавательной деятельности у студентов. Раскрываются методы и приемы, которые послужат для успешной активизации познавательного интереса. Автор дал анализ тому, что развитие творческого потенциала, логическое мышление, совершенствование профессиональных навыков послужит спусковым крючком для успешной и эффективной подготовки будущих специалистов.*

Ключевые слова: *познавательный интерес, активизация, учебно-познавательная деятельность.*

Түйін: *Осы мақалада «танымдық қызығушылық», «оқу-танымдық қызығушылық», оқу қызметі және танымдық қызмет деген ұғымдар ашылады. Мақаланың мақсаты студенттерде оқу-танымдық қызметті жандандырудың басты ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Танымдық қызығушылықты табысты жандандыру үшін қызмет ететін әдістер мен тәсілдер ашылады. Автор шығармашылық әлеуеттің, логикалық ойлаудың, кәсіби дағдыларды жетілдірудің дамуының болашақ мамандарды табысты және тиімді дайындауға арналған іске қосатын құрал болып табылатындығына талдау берді.*

Тірек сөздер: *танымдық қызығушылық, жандандыру, оқу және танымдық қызметі.*

Summary: *This article reveals the concepts such as "cognitive interest", "educational-cognitive interest", educational activities and cognitive activities. This article is aimed at identification of the main features of enhancing the educational and cognitive activities of students. The methods and techniques are developed, which serves for successful the cognitive interest. The author has given an analyzis that developing professional skills will serve as a trigger for successful and effective training of future specialists.*

Key words: *cognitive interest, enhancing, educational-cognitive interest.*

Активизация учебно-познавательной деятельности является одной из актуальных тем изучаемых педагогикой. Развитие творческого потенциала, логического мышления, совершенствование профессиональных навыков с целью подготовки будущих специалистов являются главными задачами для успешной активизации учебно-познавательной деятельности.

Говоря о тщательной подготовке профессиональных специалистов, то впервые эта проблема была затронута в послании Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» где особое значение придается модернизации всей системы образования. Для более качественного обучения будущих специалистов, образование не должно стоять на месте, она обязана улучшаться и обновляться с каждым днем, чтобы повысить уровень конкурентоспособности будущих специалистов. И в этом плане Н.А. Назарбаев активно призывает к приобретению молодыми специалистами качественных знаний как необходимого экономического ресурса государства [1].

Важным условием для успешного формирования учебно-познавательной деятельности в процессе обучения является развитие познавательного интереса студентов. Для развития интереса, самостоятельности, творческого поиска в процессе учебного труда необходимо применение эффективных средств, форм и методов обучения. При этих условиях развиваются профессиональные качества будущего специалиста.

Рассматривая процесс формирования учебно-познавательной деятельности студентов, следует сначала дать характеристику таким понятиям как «учебная деятельность» и «познавательная деятельность».

Понятие «учебная деятельность» предполагает совместную работу преподавателя и студента, где необходимо решение учебных задач, ситуаций, изучение нового учебного материала, ориентированных на усвоение знаний, выработку необходимых навыков и приемов, происходит развитие, саморазвитие и самосовершенствование личности студента.

Главной особенностью учебной деятельности состоит в том, что она направлена на обучающегося как на субъект для развития и формирования его как личности благодаря целенаправленному присвоению опыта в различных видах деятельности, а также творческому его применению в различных ситуациях. Учебная деятельность становится успешной, только если задействовать такие компоненты как: учебная задача, мотивация, контроль и оценка.

Учебная задача представляет собой задачу, имеющую четко поставленную цель и может быть задана лишь в конкретной проблемной ситуации. При анализе проблемной ситуации возникают такие вопросы как «Почему? Как? По какой причине? Вследствие чего?». Преимущества учебной задачи состоит в том, чтобы помочь студенту развить исследовательские способности, творческое и логическое мышление, а также научить студента применять накопленные знания в различных ситуациях.

Мотивация также является важным компонентом учебной деятельности, так как направлена на побуждение интереса к определенному виду деятельности путем решения задач. Мотивация может быть, как внешней, так и внутренней.

На внешнюю мотивацию оказывают влияние факторы, которые никак не связаны с деятельностью, то есть студент чувствует ответственность со стороны преподавателей при выполнении задания, в результате которого студент желает получить похвалу или хорошую оценку за проделанную работу.

Что касается внутренней мотивации, она напрямую связана с деятельностью, другими словами у студента появляется желание овладеть навыками или умениями, необходимых ему для развития профессиональных качеств.

Последними компонентами являются контроль и оценка. Вначале работы, выполнение учебных заданий контролируется преподавателем. Лишь впоследствии они начинают контролировать ее сами.

Студент-жастардың тынығу уақытын дұрыс ұйымдастыру әлі де болса кеңірек назар аударуды қажет ететін, уақыт талабынан туындап отыратын өзекті мәселе. Олардың көп мөлшердегі дұрыс ұйымдастырылмаған бос уақыты әрі оны тиімді қолдана алмауы әлеуметтік мәселелерге әкеліп соқтыратыны да айқын. Қазіргі уақытта жастар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түрлі тақырыптарға еркін бойлай алады. Түрлі материалдардың пайдаланылуы бір жағынан тәрбие институттарының мүмкіндіктерін арттырса, екінші жағынан белгілі бір қиындықтар да туындатады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізілетін ақпараттардың бір мәндес шындыққа, объективтілікке арналғанына сену қиын. Ал бұл болса, жастардың оларға дұрыс баға бере алуына кедергі келтіреді. Білім алушылар мұғалімнің көмегімен нақты деректердің көп түрлілігін ажырата білуі, берілген ақпараттарды өз бетінше объективтік тұрғыда қабылдай алуы тиіс. Ал ол, өз кезегінде «халықтың өзімен жасалынған және халықтық бастамаларға негізделген тәрбие, абстракталық идеяларға негізделген немесе басқа халықтардан алып пайдаланылған ең үздік жүйелерде жоқ тәрбиелік күшті иеленеді». Кезінде К.Д.Ушинский болашақ ұрпақты, жеке тұлғаны тәрбиелеуде халықтың тілі, дәстүрі, тарихы, салты, мәдениеті шешуші әсер ететіндігін атап өткен болатын. Біз ғалымның бұл пікіріне қосыла отырып, болашақ ұрпаққа тынығу жұмыстары барысында тәрбие берудегі этномәдени құндылықтардың маңыздылығын, оның қажеттілігін көреміз.

Мәдени-тынығу тәрбиесінің негізгі мақсаты студенттің әлеуметтік және психологиялық тұрақтылық және бейімделу механизмін құрастыру, өнермен, шығармашылық қызметпен қатынас жасау мүмкіндіктері, эстетикалық дамуы, бастысы – кері әсер етуден қорғаныс болатын мәдени, әлеуметтік орта қалыптастыру. Студенттердің тынығу жұмыстарын ұйымдастыруы жоғары болған сайын, оның тәртібі, іс-әрекеті шығармашылық сипат алады, ал ол өз кезегінде жеке тұлғаның жүйелі қасиеттерінің қалыптасуында болып танылады.

Бос уақыт – қазіргі өмірді терең эмоциялық тұрғыда қабылдау, студенттің таңдап алған қызметте жан-жақты жетілуінің алғышарты болып саналады. Бос уақыт жеке тұлғаның өз қызығушылығын тереңдетуге, кеңейтуге және кез-келген салада өзбетінше шығармашылық ізденіске түсуге мүмкіндік береді. Осы тұста, қызығушылығына байланысты ұйымдастырылатын студенттер арасындағы өнер түрлерімен шұғылдану қажеттілігін ерекше атап өту қажет. Жастардың тынығуын ұйымдастыру мен мәдени қызмет ету жұмыстарының негізгі түрлеріне мыналарды жатқызуға болады:

1.Студенттік ұжымдар, құрылымдар, үйірмелердің жұмысын ұйымдастыру;

2.Мәдени-тынығу іс-шараларды және ашық киноқойылымдарды ұйымдастыру және жүргізу;

3.Студенттер күнін өткізу (құқықтық, психологиялық кеңестер беру, мастер-класстар ұйымдастыру және т.б.);

4.Жастарды клубтық бірлестіктерге және әуесқой шығармашылық топтарға тарту;

5.Кәсіптік білім беру ұйымдары базасында көркемөнер шығармашылық топтардың, шығармашылық және ғылыми топтардың гастрольдік қызметін ұйымдастыру;

6.Шығармашылық студенттік фестивальдерді өткізу және т.б.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті студент-жастардың тынығу жұмыстарын дұрыс бағытта ұйымдастыра алған, дарынды да қабілетті студенттердің шығармашылығының дамуына барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызуда, әрі алған білімдерін шыңдай, жетілдіре түсуге мүмкіндік береді. Осы орайда, парасат мектебінде жүйелілігімен дараланған тынығу жұмыстарының түрлеріне тоқталып өтейік.



1968 жылдары бүкіл әлемге танылған тұңғыш «Айгүл» қыздар квартеті, кейін вокалды-аспаптық ансамблі құрылды. Сол ансамбльді құру идеясын ұсынған, ең алғашқы қатысушылары мен ұйымдастырушыларының бірі, осы білім ордасының түлегі Ағайша Исағұлова бүгінде аталмыш оқу орнында жастардың кәсіби ұстаздық біліктілігінің шыңдалуына, өнер биігінен көрінуіне талмай еңбек етуде.

«Айгүл» – қазақ халық музыкасын жаңғыртып жүрген ансамбльдердің бірі. Репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар басқа да ұлттардың әндері орындалып жүр. Ансамбльге 1975 жылы «Халық ансамблі» атағы берілді. «Айгүл» гастрольдік сапармен бұрынғы одақтас республикаларды аралап, шет мемлекеттерді қазақтың әсем әнімен тамсандырып келеді. 2004 жылы «Айгүль» ансамблі жаңа жас құраммен қайта жаңғырды. Жарты ғасырлық тарихы бар «Айгүл» ансамблінің жас құрамын кезіндегі оның белді мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, профессор Галина Қарамолдаева жетекшілік жасайды. Ансамбль өзіндік тамаша әуездерімен университет мәртебесін талай биіктерге көтеруде. Ансамбльдің маңызды жетістіктер қатарына 2009 жылғы «Алтын дауыс» фестивалінде, 2011 жылы «Алтын микрофон» конкурсында, «Наурыз джем» жастар фестиваліндегі жүлделі орындарын айтуға болады. Алда алар асулары да аз емес деп ойлаймыз [3, 5б].



Осы қатарға студенттер арасындағы «Өнер – жастан» опера театрының жетістіктерін атап өту қажет. 1992 жылы білім ордасының оқытушылары мен студенттер бірлесе құрылған «Өнер – жастан» опера театры қазіргі таңда өз жұмысын киелі мекенде жалғастырып келеді. Бұл музыкалық театрдың атының өзі айтып тұрғандай, өнерпаз жастарға кеңінен жол ашып, олардың бойындағы өнерді көпшілікке таныту болатын. Отаудың алға қойған басты міндеттері – халықтың және қазақ композиторларының әндерін кеңінен насихаттау, студенттерге әлемдік классикаға айналған музыкалық мұраларды таныстыру және өнер шеберлерімен кездесулер ұйымдастырып, жастардың жан-дүниесін рухани байыту. «Өнер – жастан» опера театры М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», А.Жұбанов пен Л.Хамидидың «Абай», Джузеппе Вердидің «Травиата» опералары мен Имре Кальманның «Сильва» опереттасын сахнаға шығарды. Бұл сахналық қойылымдар Алматы облысында, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Шымкент, Астана қалаларының театрларында халық назарына ұсынылды. «Өнер – жастан» театрында өнерлерін шыңдаған бірнеше түлектеріміз бүгінде мақтанарлықтай үлкен сахналарда өнер көрсетіп жүр. Үздік қойылымдармен көрерменнің көзайымына айналары сөзсіз [3, 6б].



Биік таулардың еркін де ерке құсы «Ұлар» есімімен аталған фольклорлық-этнографиялық ансамблі 1987 жылы профессор Б.Р.Раеваның бастамасымен құрылды. Ансамбльдің алғашқы құрамына, музыка факультетінің әр курстарынан арнайы музыкалық дайындығы бар үздік студенттер арасынан 15 қыз іріктеліп алынды. Жылдан-жылға ансамбль құрамы жаңа дарын иелері мен келешек жұлдыздармен толығып, жаңарып отырды. Олардың басым көпшілігі танымал музыкант, эстрада орындаушылары, опера әншілері және музыка мен бидің білікті окытушылары болып еліміздің және әлемнің түкпір-түкпірінде қызметтерін жалғастыруда.

Ансамбль репертуарына қазақ халық әндері мен күйлері, шетел шығармалары да енді. Ансамбльдің бастапқы орындауында 12 фольклорлық аспап колданылса, қазіргі танда аспаптар саны 20-дан асады. Сондай-ақ, ансамбль құрамына би бағдарламасы да енгізілді. Сонымен қатар, әр түрлі ұлт өкілдерінен тұратын тыңдармандарды есепке ала отырып, ансамбль репертуарына орыс, түрік, қытай, кәріс, моңғол, алтай, қалмақ, қырғыз, өзбек, татар және т.б. шығармалары өңделіп өз тілдерінде шырқалды. Ансамбль Түркия, Монғолия, Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан т.б. елдерде болып, түрлі жүлделерге ие болды[3, 6б].

Студент-жастар өзінің қалап алған парасат мектебінде білім нәрімен сусындуымен қатар, бос уақыттарын, тынығу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра да алады. Жоғарыда қарастырылған студенттердің қатысуымен жүзеге асырылып келе жатқан өнер ошақтарының шығармашылығы оған дәлел болмақ. Сонымен қатар университетте студенттердің тынығу жұмыстарына қатысты басқа да өнер ошақтары («Томирис») жұмысын жалғастыруда.

Олай болса, тынығу жұмысының «Дем ала отырып, білім ал!» – басты ұранын алға тарта отырып, қызығушылық пен қажеттілік негізінде ұйымдастырылған өнер ошақтарының іс-шаралары жастарды басқалай бөтен теріс әрекеттерге апармайтынына көзімізді жеткізіп, сендіре түседі.

Олай болса, жоғарыда айтылғандай, білімберу мекемелерінің маңызды міндеттерінің бірі студент-жастардықтынығу жұмыстарын дұрыс бағытта ұйымдастыру, мәдени қызмет пен тынығу формаларын жетілдіру және кеңейту, оның бірыңғай жүйесін дамыту қажеттілік деп танимыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 саяси стратегиялық бағдарламасы. – Алматы, 1997. – 32 б.
2. Сайлауова Н.С. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени құндылықтар негізінде патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Дисс.п.ғ.д. – Атырау, 2010.
3. Қыз Жібек. Студенттер газеті. – №2 (06), 30 маусым 2015.

ӘОЖ 375(077):07

Тұрысбеков С.Ж.
т.ғ.к., доцент,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, tur_sai@bk.ru

Бекмуратова Л.А.
оқытушы,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент

Пошанова Қ.Ж.
аға оқытушы,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент

Мырзакулов Г.М.
аға оқытушы,
ОҚМУ, Шымкент

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Түйін. *Мақалада қазіргі заманғы жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды міндеттері талқыланады: оларды адалдық, жауапкершілік, гуманизм және патриотизм сияқты жоғары рухани моральдық қасиеттермен қамтамасыз ету. Тиісінше, тапсырмалар оларды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдері болып табылады.*

Кілт сөздер: *Тәрбиенің негізгі міндеті-қоғамның қажетті талаптарына байланысты әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар – ожданмен қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.*

Резюме. *В статье рассматриваются самые важные задачи воспитания современного подрастающего поколение это воспитание них высоких духовно нравственных качеств как честность, ответственность, добросовестность, гуманизм и патриотизм. Соответственно поставленным задачам представлены методы и пути их осуществления.*

Ключевые слова: *Основная задача школы – воспитание высоких нравственных качеств, таких как достоинство, честь и достоинство каждого ребенка, в зависимости от потребностей общества.*

Summary. *The article discusses the most important tasks of educating the modern younger generation: educating them of high spiritual moral qualities like honesty, responsibility, integrity, humanism and patriotism. Accordingly, the tasks are presented methods and ways to implement them.*

Key Words: *The main task of the school is to build high moral qualities, such as dignity, honor and dignity for every child, depending on the needs of society.*

Қай заманда да, қай қоғамда да болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған кезде, елде ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі, ұлттың бүгіні де, болашағы да осы өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі-өркениетті, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік еңселі, өрелі және терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие-қоғамдық үздіксіз процесс және қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Оқушының бойында саналы тәрбие мен байыпты мінезді қалыптастыру мен рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті-қоғамның қажетті талаптарына байланысты әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ожданмен қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру-заман талабы екені белгілі Әр халықтың өзіне тән дәстүрі мен оның білім беру мәдениеті осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпымен рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен деректер және ұлттық психологияның ерекшіліктерін ескеру қажет.

Халқымыз ғасырлар бойы ұлан-байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын және халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен-даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау және оны зерттеу бәріміздің азаматтық борышымыз. Сондықтан, бар халықтың мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып және оны рухани-адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

Адамгершілік-адам бойындағы ізгілік, сыйластық, инабаттылық және кісілік сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез-құлықтары осы ұғымдардан тарайды. Мінез-құлық пен қарым қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету және т.б.жақсы қасиеттері.

Рухани-адамгершілік тәрбие дегеніміз, белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі, ол гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді:

– ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру;

– ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту;

– салт-дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтар ды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «… жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе-білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», деп атап көрсетті. Міне, осы тұста қоғамға жан-жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер, ізденімпаз және қабілетті де шығармашыл тұлғалар қажет.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары, ол оқушылардың белсенді өміршілдігін, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басын қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға және еңбекке қатынасы айқындалады. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі, бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетіл-діреді. Ұстаз сонда ғана шәкірттерінің ізгілігінмен адалдығын және кішіпейілділігін қалыптастыра алады.

Ізгілік отбасынан бастау алады, яғни оған ата-ананың берген тәрбиесі мен тұрмысы ықпал етеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»-деген халықтық мақал адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы келешек ұрпаққа тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды және діни ұстанымдар арқылы. Сонымен қатар елдегі қоғамдық бірлестіктердің атқаратын жұмыстары арқылы да жүзеге асырылады.

Халық ауыз әдебиеті адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытып, олардың тіл байлығы мен шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Оқушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі ол халық-ертегілері. Оларда халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым-қатынастары мен отанға, өз халқына туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың зерделеуіне қабілетін жетілдіреді.

Шебердің қолы ортақ-деп адам бойындағы өнері мен жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық, өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім-тәрбиелік құралы ғана емес және ол дауға да тоқтам салған қаруыда болған.

Оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі әрбір ата-ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің де алдында тұрған негізгі мәселелерінің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі проблемалар қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани-адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени және ғылыми-техникалық шығармашылық жұмыстарының әлсіздігі, балалардың физикалық дайындығының нашарлауы және тағы басқа да мәселелер өзекті болып отыр. Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие-бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым-қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы. Бұл жағдайда әр-түрлі саладағы музейлердің алатын орны бөлек.

К.Д. Ушинский: «Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды» -десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын»-деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана, Адам-тұлға болып қалыптасады.

Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдары-нан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрба-нына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер -бұл күннің шындығы. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады.

Әрине, әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, дегенмен басқа адамдармен қарым-қатынас жасап, қателіктерге бой алдырады. Өзіңді қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, себебі оны терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез-құлыққа бекіту керек.

Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез-құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде көріне бастайды. Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу-ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарасы мен отанына деген ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-ананы қадірлеп, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым-қатынасы дамиды.

Жас жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық және т.б. қасиеттер әсер етеді.

Жасөспірімдердің немесе 10-11 сынып оқушыларының ғылымға, мамандық таңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар-намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым-қатынас жасауда өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, оқушыны адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі-тарих.

Ол шәкірттердің бойында отан сүйгіштікті, ұлтжандылықты және сенімділікті қалыптастырады. Қазақ халқы тарихындағы хандар мен билердің, шешендер мен жыраулардың орны бөлек. Өйткені олар аңыз тұлғалар.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне сынып жетекшісінің эстетикалық әңгімесі, өткізілетін түрлі, ой жарыстары мен пікір таластарын жатқызуға болады. Жас өсіпірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдайлардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс-әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-ананы оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс.

Ағартушы педагог В.А. Сухомлинский «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады» деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегісі мен бүгінгісі және болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі-бұл адамның туғаннан баста-латын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекше-ліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008 ж.
2. Трубецкая О.К. Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48), 2012 ж.
3. Омарова Л. Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері / /Бастауыш мектеп № 2, 2004 ж.

ӘОЖ 375(077):07

Тұрысбеков С.Ж.
т.ғ.к., доцент,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, tur_sai@bk.ru

Қырғызбаев Т.К.
т.ғ.к., аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент

Мырзакулов М.Е.
аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент

Қожақұлов Н.К.
аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Түйін. *Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы екені белгілі Әр халықтың өзіне тән дәстүрі мен оның білім беру мәдениеті осы оқу – тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы,өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп-ғұрпымен рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу – тәрбие процесінде қолданылатын әдіс – тәсілдер мен деректер және ұлттық психологияның ерекшеліктерін ескеру қажет.*

Кілттік сөздер: *Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгешілік – рухани тәрбие беру.*

Резюме. *В настоящее время организация образовательного процесса в национальном характере зависит от происходящих в стране социальных, экономических, политических и культурных событий, это традиция каждого народа, и его образовательная культура напрямую связана с этим образовательным процессом. Казахский народ унаследовал свое богатое историческое наследие, свое искусство и язык, свои обычаи и традиции, свои духовные и нравственные учения. Поэтому необходимо учитывать особенности национальной психологии и методы, используемые в образовательном процессе.*

Ключевые слова: *проблема образования в новую эпоху – молодому поколению – человечество – духовное воспитание.*

Summary. *At present, the organization of the educational process in the national character depends on the social, economic, political and cultural events taking place in the country, it is a tradition of every nation, and its educational culture is directly related to this educational process. The Kazakh people inherited their rich historical heritage, their art and language, their customs and traditions, their spiritual and moral teachings. Therefore, it is necessary to take into account the peculiarities of national psychology and the methods used in the educational process.*

Key words: *the problem of education in the new era – the younger generation – humanity – spiritual education.*

«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор.

Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық деп атап көрсеткен атақты педагог В.А.Сухомлинский.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгешілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туылған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған бұтақ кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына балабақшадан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбие-екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата- аналардың, тәрбиешінің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, тәрбиеші істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек [1].

Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен бірге қайнасып жетіледі. Сондықтан да, адамгершілік мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшелігімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамгершілік тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады.

Адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі.

Мектепке дейінгі балаларға адамгершілік тәрбие беру, балалар бақшасында адамгершілік тәрбие берудің жалпы сипаттамасы. Адамның моралдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады.

Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама (инициатива) көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады.

Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері. Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері-балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтың ізгі дағдылары мен әдеттердің адамгершілік ұғымдары мен мінез-құлық түрткілерін қалыптастыру. Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі ренішті немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді. Ал, ол өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен қолдау табады.

Мектепке дейінгі жаста бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама және ықпал көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніші немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рахат алады. Эмоциялық әсерлену: жақсы қылық-тарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің орынсыз қылықтарынан:

үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады, қапалану, уайымдау оның адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың негізіне айналады. Мектепке дейінгі шақта балада қайырымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Сезім балаларды белсенді іс-әрекетке: көмек көрсетуге, қамқорлық жасауға, көңіл аударуға, жұбатуға, қуантуға итермелейді. Патриоттық сезім-туған өлкесін, Отанын сүюге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңыздылығы. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Бала ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына, олардың қарым-қатынасы мен еркелеткеніне мұқтаж. Ата-ананың балаға деген махаббаты мен олардың қамқорлығы баланың да жауапты үн қатуына шақырады, сөйтіп бала ата-ананың сөзіне құлақ салып, тәрбиелі болып өседі. Егер бала махаббат пен қамқорлыққа бөленсе, ол өзінің қандай екеніне қарамастан жақсы көретінін, өзгелер үшін қажетті де, сүйікті жан екенін түсінсе, ол өзін қорғаған, біреуге қажеттілігін түсінеді. Осының бәрі оның мейірбан болып өсуіне жақсы ықпалын тигізеді.

Қазіргі қоғамда білім берудің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі дамыту болып табылады. Оны ұйымдастыру мен жүзеге асыруда өзінің мақсатының жүйесі бойынша, мазмұны, ұйымдастыру түрі, технологиясы, нақты білім беру жүйесімен басқарылуы, ішкі және сыртқы байланыстары арқылы әрбір адамның және жалпы қоғамның идеясын дамытуы қажет.

Мектепке дейінгі жас-әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі. Дәл осы кезде әлеуметтену үдерісі басталады.

Бала адамдардың қарым-қатынасы туралы алғашқы түсінікті үлкен-дердің арасындағы өзара қарым – қатынасын бақылау арқылы қабылдайды.

Олардың тәртібі, өзіне деген, оның қылығына қарым-қатынасы бала тәртібінің бағдарламасын құрайды. Үлкендердің осы үлгісі бойынша ол адамдармен қарым-қатынас жасайды.

Нақты осы кезде баланың адамдар әлемімен, табиғатпен, заттармен байланысы басталады. Адами құндылықтарға, мәдениетке тартылуы байқала бастайды. Денсаулығының іргетасы қаланады. Сезімінің дамуы өзінің өмір сүріп жатқан жағдайына байланысты тәрбиелеу әдісі мен құралдарына тәуелді болады. Бұл-отбасы мен балабақшадағы, өзі сезінетін айналадағы қызығушылығы мен істеріне қатысты жағдайлар. Дәл осы мектепке дейінгі жаста балалық қарым-қатынасты дамытуға маңызды мән беретін адамгершілік сезімі қалыптаса бастайды. Осы кезде баланы рухани-адамгершілік аясында дамыту міндетінің жетістікті шешілуі үлкендердің бала тәрбиесіндегі мейірімділігіне, әділдігіне және адамилығына байланысты. Осылар арқылы олар балаға үлгі көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершлік дамуы бала-бақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас /тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау /кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б./ Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланып немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие-бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету.

Халық педагогикасы-нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмба-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті-халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының рөлі ерекше.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен бала-бақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата- аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылу қажет. Түйіндей келе, әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен, өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым-қатынас, өзін қоршаған орта ғажайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған. Балабақша тәрбиешісінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан сымбатты, халықтың рухани тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. Москва: Издательство, 2002.
2. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы: Издательство, 1992, 59б.
3. Трубецкая О.К. Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады//Сынып жетекшінің анықтамалығы, 2012, № 12(48), С.22-26.

Фалеева А.А
к.п.н., профессор АтГУ
ctvbjyxtdf@mail.ru

Катков А.
магистрант АтГу
г. Атырау
aleksandr_2295@mail.ru

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ИМИДЖ ПЕДАГОГА – ПРЕПОДАВАТЕЛЯ МУЗЫКИ

Резюме. *В данной статье рассмотрен профессиональный имидж и методологическая культура преподавателя музыки, которая предстает в виде многокомпонентной и многоуровневой структуры. Целостность структуры методологической культуры охватывает духовно нравственную, мотивационную, интеллектуальную и деятельностную сферы личности преподавателя музыки и определяет инновационный характер его мышления и активность музыкально-педагогической деятельности.*

Түйін. *Бұл мақалада көп компонентті және көп деңгейлі құрылым ретінде көрінетін саз мұғалімнің кәсіби бейнесі және әдістемелік мәдениеті қарастырылады. Саз мұғалімнің әдістемелік, тұлғалық рухани моральдық, мотивациялық, зияткерлік, әдістемелік мәдени қызметі құрылымының тұтастық салаларын қамтиды және оның ойлаудағы инновациялық сипатын, саздық-педагогикалық қызметінің белсенділігін анықтайды.*

Summary. *The professional image and methodological culture of the music teacher, which appear in the form of a multicomponent and multilevel structure, are considered in this article. The integrity of the structure of methodological culture includes the spiritual, moral, motivational, intellectual and active spheres of the personality of the music teacher and determines the innovative character of his thinking and the activity of musical and pedagogical work.*

В связи с модернизацией образования происходят изменение и обновление квалификационных требований и квалификационных характеристик современных педагогов. Основой продуктивного функционирования педагога являются общие и специальные профессионально – педагогические компетентности. Под понятием профессиональная компетентность предполагается теоретическая и практическая готовность к осуществлению профессиональной деятельности. Социальная и педагогическая действительность обуславливают содержание данного понятия. Современный педагог должен быть с профессиональной точки зрения гибким, мобильным, способным адаптироваться к происходящим переменам. Поэтому профессиональная компетентность должна соответствовать требованиям времени и помогать, адекватно действовать в постоянно изменяющихся ситуациях. В последние годы внимание к имиджу приняло актуальность в связи с обострившимися проблемами, вставшими перед людьми и конкуренцией на рынках. Имидж необходим для любого вида социальной деятельности в нашем обществе.

Рассмотрим профессиональный имидж педагога. Имидж – это инструмент, который помогает выстраивать отношения с окружающими людьми. В имидже отражается не только профессионализм педагога – психолога, но и его профессиональные черты. Профессиональный имидж – это важная компетенция каждого педагога, но и его формирование, как процесс и результат самопознания и саморазвития. Профессиональный имидж, как востребованное профессиональное качество, повышает эффективность педагогической деятельности. К наиболее важным компонентам, формирующим имидж педагога – психолога являются: а) профессиональная компетентность и его эрудиция; б) педагогическое целеполагание; в) педагогическое мышление и импровизация; г) педагогическое мышление, импровизация и педагогическое общение; д) педагогическая техника.

Существует дисциплина, которая позволяет лучше изучить имидж педагога и ее название «Педагогическая имиджелогия».

Предметом педагогической имиджелогии является процесс сознательного и целенаправленного развития позитивного имиджа учителя в профессиональной деятельности. *Объектом* педагогической имиджелогии выступает социально и личностно детерминированная деятельность педагога, характеризующаяся педагогическим целеполаганием и педагогическим руководством по приобщению чело-

века к жизни в обществе. *Целью* педагогической имиджелогии является целенаправленно организованный процесс по развитию позитивного имиджа педагога в представлении коллектива обучающихся, коллег, социального окружения, в массовом сознании.

Когда возникает вопрос: для чего педагогу нужно создавать свой профессиональный имидж? Ответ указывает на несколько моментов, важных для педагогического процесса:

1) имидж позволяет предъявить обучающимся свою профессию, свое дело;

2) имидж дает возможность педагогу более адекватно выстраивать отношения с обучающимися благодаря четкому обозначению преподавательской позиции, настраивает обучающихся на деловые отношения с педагогом;

3) имидж помогает проявить педагогу профессиональное своеобразие, его «индивидуальное в профессиональном»;

4) имидж удерживает поведение учителя в рамках профессионального;

5) работа над своим имиджем служит средством самопознания и профессионального самосовершенствования.

Л.М. Митина в структуре имиджа профессионала выделяет внешний, процессуальный и внутренний компонент. Внешний компонент включает мимику, манеру поведения, походку, костюм, жесты, тембр и силу голоса. Внутренний компонент – это внутренний мир человека, его духовное и интеллектуальное развитие, интересы ценности и его личность в целом. Позитивный имидж педагога способствует росту мастерства, приводит к положительным изменениям его личности. Имидж современного педагога опирается на такие качества, как уверенность, так и раскрепощенность самого себя. Важным компонентом продуктивного взаимодействия и условием эффективности педагогической деятельности становится компетенция имиджа. [7, с. 212]

Ряд условий влияет на формирование педагога:

1) развивать жизненные ценности и установки;

2)сформировать позитивный имидж;

3)проявлять активность при работе над имиджем; 4)выполнять требования аудитории к личности и деятельности педагога; 5)выявлять начальный уровень развития качеств, составляющих позитивный имидж педагога; 6)соблюдать принципы систематичности при формировании имиджа и принципа форм и методов работы по коррекции имиджа .[4, с. 202]

Построение имиджа – процесс сложный и развивается по определенным законам и технологиям. [10, с.21] Каждый преподаватель должен обладать ярко выраженной рефлексией, т.е. осознавать, какими качествами он обладает и какие требования предъявляет ему аудитория и коллеги, а также прилагать усилия по изменению имиджа и его улучшению. Имидж – это впечатление, которое производит человек на окружающих, это целостное представление об образе, который формируется в сознании людей. [2, с.13]. Имидж обусловливает самореализацию личности: для педагога он служит индикатором признания со стороны общества, оценки и отношения окружающих. В процессе взаимодействия педагога с участниками педагогического процесса создается образ субъекта – это его профессиональный имидж. Интеллектуальная и эмоционально – волевая сферы личности характеризуются профессиональными личностными качествами педагога. Результатом самопознания и саморазвития является компетенция педагога, такая как профессиональный имидж. Инструментом и условием успешной деятельности педагога является профессиональный имидж. Общество, порождая требования к профессиональному имиджу педагога, влияет на его содержание. Но из поколения в поколение неизменными остаются такие качества идеального педагога, как любовь к детям, доброжелательность, искренность, умение общаться. [8, с. 15-19] Рассмотрим профессиональный имидж и методологическую культуру преподавателя музыки, которая предстает, в виде многокомпонентной и многоуровневой структуры. Целостность структуры методологической культуры охватывает духовно нравственную, мотивационную, интеллектуальную и деятельностную сферы личности преподавателя музыки и определяет инновационный характер его мышления и активность музыкально-педагогической деятельности. [3, с. 105] Высокий уровень профессиональной культуры преподавателя музыки немыслим без адекватного уровня развития ее психологического компонента. Совершенная психологическая культура преподавателя музыки является важнейшим созидательным фактором воздействия на духовный мир подрастающего поколения. Личность преподавателя музыки, обладающего искусством художественно-диалогического общения, глубоко и полно раскрывается на музыкальных занятиях в процессе исполнения произ-

ведений, рассказа о нем, передаче своего отношения к композитору, музыке, усиления ее эмоционального воздействия. При этом проявление педагогом чуткости, внимания к переживаниям обучающихся порождает ответное чувство уважения и доверия. Способность преподавателя музыки выстраивать свою творческую профессиональную деятельность по законам добра, гармонии и гуманистической личностно ориентированной педагогики является важнейшей способностью, формирующейся на основе слияния творческих и специальных способностей личности.

Следует помнить, что основной целью музыкального воспитания выступает музыкально-эстетическая культура личности, которая рассматривается Б.Т. Лихачевым [6, с.185], как совокупность способностей личности воспринимать, переживать и преобразовывать природу, общественную жизнь, самого человека по законам красоты, открывающим путь наиболее полного гармонического раскрытия всех сущностных сил человека. От уровня ее развитости во многом зависит качественный уровень профессиональной деятельности преподавателя музыки и его профессиональный имидж. О т с ю д а следует, что профессиональная культура преподавателя музыки включает такие составляющие: как общая культура, педагогическая культура, этическая культура, эстетическая культура, философская культура и профессиональный имидж. [1, с. 223]

В условиях информационного общества и современных реформ образования статус педагога значительно зависим от нового педагогического явления и современного профессионального качества «имиджа педагога». В Казахстане понятие «имидж» стало предметом общественного внимания и научного анализа в конце XX столетия. В середине 90-х годов появились первые серьезные казахстанские и российские разработки по имиджированию, посвященные психологическим аспектам формирования имиджей политиков, журналистов, бизнесменов (Р.Ф. Ромашкина, Е.И. Манякина, Е.В. Гришунина, П.С. Гуревич, Ф.А. Кузин, В.М.Шепель, И.А. Федоров и др. [12]). В Казахстане проблемой имиджа занималась научная школа А.А. Калюжного. Известны учебник А.А. Калюжного «Педагогическая имеджелогия» [5], а также работы его ученицы Г.К. Кусаметовой [13]. Кроме того, издана программа курсов по повышению квалификации педагогов Х.Т. Шерьяздановой с включением раздела по имиджу педагога.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике – М, 199,с.223.
2. Брежнева Е.В. Формирование методологической культуры учителя// Педагогика, 1996, №4, с.105.
3. Захарова С.Н Имидж педагога как составляющая профессиональной компетентности – М, 216, с.16-18.
4. Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя-М, 2004, с.222.
5. Калюжный А.А. Педагогическая имиджелогия. Уч пособие для вузов –А-Ата, Гылым, 2004, с.199.
6. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь-М, 2001, с.176.
7. Лихачев Б.Т. Теория эстетического воспитания школьников – М,1985, с.185.
8. Митина Л.М.Психология труда и профессионального развития учителя-М,2004, с.320.
9. Панасюк А.Ю. Формирование имиджа – М, 2007, с.266.
10. Рыданова И.И. Основы педагогики общения – Минск, 1998.
11. Шепель В.М. Имиджелогия-М, 2002, с.576.
12. Мынбаева А.К., А.Жаманкулова Имидж учителя и преподавателя вуза: сравнительный аспект – Алматы, Вестник КазНУ, Серия «Педагогические науки» № 2(36), 2012, с.64.
13. Кусаметова Г.К Педагогические особенности формирования имиджа преподавателя вуза. – Атырау, 2010, с.25.

УДК 37.01/.09

Хамитова Д.С.
докторант специальности «6D010500-Дефектология»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы
E-mail: momi_91@mail.ru

Камзина А.М.
докторант специальности «6D010500-Дефектология»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы
E-mail: aiko1710@mail.ru

Жагипарова Г.Б.
магистрант специальности «6M010500-Дефектология»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы
E-mail: yellow_fish12@mail.ru

НЕОБХОДИМОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ ДОСТУПНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ-ИНВАЛИДОВ

Резюме. *В статье рассматриваются проблемы получения высшего образования студентов-инвалидов и студентов с особыми образовательными потребностями. Проведен анализ теоретических источников по актуальным вопросам дистанционного обучения студентов с особыми образовательными потребностями. Проведено анкетирование студентов инвалидов с целью определения степени удовлетворенности качеством высшего образования. Сделаны выводы по успешной реализации системы дистанционного обучения студентов с особыми образовательными потребностями.*

Ключевые слова: *дистанционное обучение, высшее образование, студенты-инвалиды, студенты с особыми образовательными потребностями, интернет технологии.*

Хамитова Д.С.
«6D010500-Дефектология» мамандығының докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.,
E-mail: momi_91@mail.ru

Камзина А.М.
«6D010500-Дефектология» мамандығың докторанты,
«Ай» сөзі әмбебаптық ұғым туғызатын денотаттық бейне. Сондықтан ай туралы айтылған ғылыми ойлар аса көп, әрі өте қызықты. Халықтың рухани байлығы оның өмірлік құндылықтарының қайнар көзі ретінде жалпы адамзаттық құндылықтармен, адамзаттық таным-түсінікпен сабақтасып жатады. Көне түркі сөздігінде «айды» көкте жортып жүрген күш ретінде тану Турфаннан табылған түркі мәтіндерде де ұшырасатындығы мәлімденген. Ол ескерткіштердегі ай жерді желеп-жебеп жүретін көптеген аруақтардың бірі болып саналған. «Ай» (планета) аты қазіргі қазақ тілінде сол күйінде өзгеріссіз қолданылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «айдың» бірнеше мағынасы: «түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета»; екінші мағынасы: «жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл»; «отыз күндік мерзім» деген анықтама берілген [1,19]. Осы сөздіктің 1996 жылғы басылымында (жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов) өңделіп, толықтырылып төмендегінде берілген: 1) «жердің табиғи серігі; түнде жерге жарық сәуле түсіріп тұратын аспан денесі»; 2) «жылдың он екіден бір бөлігін көрсететін уақыт өлшемі; отыз күндік мерзім» [2,19].

Ж.М. Гузев түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктеріндегі көп мағыналы сөздердің мағыналық құрамы мен ол мағыналардың сөздік мақалада орналасу тәртібінде айтарлықтай кемшіліктердің болатынын баса көрсетеді. Ғалым жетекші мағына туралы пікірлерді: а) ең көп таралған мағына; ә) ең жалпы, кең мағына; б) басқа мағыналардың пайда болуына негіз болатын басты, контексте байлаусыз мағына, – деп бөледі [3,32].

Біз автордың сөздіктерде берілетін жетекші мағына – парадигматикалық тұрғыдан шарттылығы, шектеулілігі ең көп, ал синтагматикалық тұрғыдан шарттылығы ең аз мағына деген пікірді қостаймыз. Демек, лексикалық бірліктің жетекші мағынасы сөздің ішкі мағыналық құрылымы арқылы анықталады.

Ж.М. Гузев жетекші мағынаны көрсетуде түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кездесетін үлкен, көзге ұрып тұратын кемшіліктердің жоқ екенін де айқын жазады. Біздің пайымдауымызша, жетекші мағынаны анықтауда, тек қазіргі тіліміздегі сөздіктерде ғана емес, тарихи екі тілді аударма сөздіктер мен әртүрлі салыстырмалы сөздіктердің өзінде де мұндай кемшіліктер кездесе қоймайды. Тіпті қазақ халқының ұлттық менталитеті мен дәстүріне қатысты атаулардың өзін авторлар соншалықты ғылыми тұрғыдан анық беруге ұмтылады. Сірә, мұның өзі сол кезеңдегі ғылыми ойдың тазалығынан болса керек.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген «ай» семантикасының екінші мағынасы ежелгі түркі тілі сөздігінде берілген анықтамаға жуықтайды. Құтадғу біліктің Каир (Мысыр), Наманган

көшірмелерінен және Білге қаған ескерткіштерінен мысал келтіре отырып, бұл сөздікте ай II – месяц «мера времени» деп түсіндіріледі.

К.К. Юдахин құрастырған қырғызша-орысша сөздікте «ай» атауы жан-жақты қамтылып, толығырақ түсіндірілген. Лексикалық омонимдердің бірінші сынары болатын «ай» сөзінің негізгі мағынасы «луна, месяц» деп беріледі де, оның мысалы ретінде ай қараңғысы «безлунная ночь» деген тіркесім келтіріледі. Осы ұяда ай арасы тіркесімі беріліп, оның бірінші мағынасы «новолуние», екінші мағынасы «пасмурная погода» деп түсіндіріледі.

Қырғыз сөздігінде келтірілген бір қызықты мысал ай тиген жер деген үш мүшелі тіркесім бар. Бұл фразаның беретін мағынасын автор «весь мир» деп түсіндіреді, яғни бүкіл әлем деген ұғымды танытады. Қырғыз фольклорынан келтірілген ай тийген жердин баарысын алат экен балаңыз деген репликаны К.К. Юдахин «всю подлунную, как видно, завоюет ваш сын» деп аударған [4,28]. Қырғыз тілінде ай сөзін қатыстырып айтатын орныққан тіркесім ай башы фраземасы. Бұл бинар тіркестің ай жаңасы түріндегі нұсқасы бар екендігі ескертіліп, бірінші мағынасы орыс тілінде «новолуние» деп берілген. Екінші мағынасы этнографизм деген белгімен «канун праздника Рамазана» дей келіп, одан әрі: «в этот день производятся расходы на приготовления к празднику» деген түсінік берілген. Бұл орайда мысал ретінде: ай башы думанадан үмүт қылат (үмүт этет) қазақшасы: «ай басы дуанадан үміт етеді (дәметеді)» ал орысшасы: «канун рамазана даже на нищего рассчитывает» деп аударылады. Екінші мысал ретінде қырғызша өлеңнің бүгін ай башы, ертең – айт деген бір жол келтіріліп, ал орыс тіліне: сегодня, завтра праздник деп аударылып берілген. Сондай-ақ, ай сөзінің уақыт өлшеміне қатысын білдіретін қолданыс есебінде сөздікте айына (ай сайын), ай жылында, айдың жарымы – қараңғы, жарымы – жарық «половина месяца темная, половина – светлая» деген мысалдар келтіріледі.

К.К. Юдахин сонымен бірге қырғыз тілінде «ай» космонимі әдемілiктің, сұлулықтың теңеуі ретінде қолданылатындығын айтады. Сөздік авторы тамақ сөзіне сілтеме жасап келтірген ай тамақ тіркесімі тамақ сөзінің анатомиялық атауы ретіндегі мағынасына байланысты түсіндіріледі де, фраземаның ай тамақ бірінші мағынасы «нежная шея (жен.)», екінші ауыс мағынасы «женшина с нежной шеей (красавица)» деп беріледі [4,199].

Қазақ тілінде «ай» сөзінің тамақпен құрамдасып келетін тіркесімін біз сөздіктерден ұшырата алмадық. Одан әрі қырғызша-орысша сөздікте төртінші мағына етіп «изображение в виде полумесяца» деген түсініктемемен бірсыпыра сөз тіркестері берілген. Олардың ішінде ай балта тіркесімі балтаның бір түрі ретінде қазақ тілінде де бар, ал ай балқа тіркесімі балқа сөзіне сілтеме жасалып, «молоток, молот» деп түсіндірілген. Соған қарағанда, бұл қазақ тіліндегі балға сөзінің қатаң қ-мен айтылатын фонетикалық сыңары болуы тиіс. Ал фраземасы кейде бірігіп жазылады – айбалқа «белый топор, секира» деп аударылып, ай балта ретінде түсіндіріледі.

Бұдан басқа ай пішінді деген ұғымға саятын ай қазанақ және ай тигендей сарала немесе ай сарала деген тіркесімдер берілген. Бұлар шамасы негізінен қырғыз тіліне ғана тән фразеологизмдер болуы ықтимал. Өйткені алғашқы тіркесті түсіндіргенде сөздікте қазанақ сөзіне сілтеме жасалған. Бұл лексема осы тұлғада немесе қысқарған қазнақ формасында тұрып, көр қазғанда моланың бір бүйірінен ойып жасалатын «жандама» (лақат, ақым) дегенді білдірсе, ай қазанақ фраземасы тарихи көне сөз ретінде былай түсіндірілген: «полумеся на древке знамени» [4,316]. Яғни ту байлаған сырықтың басындағы айшықтың атауы болған. Ал ай тигендей сарала деген суреттемелі фразаның ай сарала түріндегі қысқарымы жылқы малының түсін түстейтін қолданыс ретінде, орысша: «булано-пегий с большими белыми пятными», деп берілген [4, 28].

К. Юдахин қарастырған қырғызша-орысша сөздіктегі «ай» сөзінің қатысуымен жасалған басқа тіркесімдер фразалық пішінде болғанымен, нағыз фразеологиялық сипатқа көше қоймаған лексикалық-семантикалық бірліктер деуге болады. Бұлардың көпшілігінде айға ұқсату, айды қастерлеу белгілі бір құбылысты айға телу нышаны болғанымен, тіркесім құрамындағы сөздер өздерінің негізгі лексикалық мәнінен ажырамаған. Қараңыз: ай тұяқ «лошадь»; ай мүйіз «корова»; орыс тіліндегі медовый месяц тіркесімінің калькасы «бал айы»; ай айланып, жыл тегеренбей «не успели оглянуться, как прошло много времени»; айға қолы жеткендей «будто руки его луны достигли»; айы оңынан туған «у него луна взошла с правой стороны»; ай он бешінде қайда бара дисің «куда пойдет луна после 15 дней дальше луна может быть только на ущербе»; бирдин айындай чоюл «оттягивать без конца, заставлять ждать» [4,370]; айы күнү жетип (толуы) отурады «ей настало время родить»; айы жетпеген бала «недоносок»; ай-асман «небесная высь»; ай асмандап кет «вознестись в небеса, возомнить о себе»; ай батқандай бол «быть в большом горе, причинять большое горе».

Бұл қолданыстар сөз жоқ фразеологиялық процесте жүрген қырғыз тілінде белсенді қолданыс тапқан түйдек тіркестер болып табылады. Бірақ оларды қазақ не басқа түркі тілдеріне ортақ немесе тікелей қатысты деу қиын. Тілдің тек коммуникативті сипаты ғана емес, оның кумулятивті қасиеттері жағынан қарастыратын болсақ, халық санасының жинақталушылық сапасына орай бұндай тіркесімдер әлі де дерексізденіп (абстрактыланып), белгілі дәрежедегі фраземалық мәртебеге ие болуы әбден мүмкін.

Сөздіктерде басқа жетекші мағыналы сөздерді берумен қатар, фразеологиялық атауларды берудің де өзіндік қиыншылығы мен ерекшелігі бар. Көптеген түсіндірме сөздіктерде ауыспалы мағыналы атаулар жеке реестрмен емес, атаудың ішінде ғана беріле салатыны бар. Бұл туралы Ж.М. Гузев мынадай ой айтқан еді. Автор туынды мағыналы атаулардың барлығы да жетекші сөздердің мағынасы негізінде жасалатынын ескере отырып, туынды атауларды былайша жіктеп көрсетеді: а) еркіндігі жоқ мағына (фразеологиялық байлаулы, синтаксистік шартты және құрылымы шектеулі); ә) ауыспалы мағына (генетикалық тұрғыдан ауыспалы және жалпы ауыспалы); б) стилистикалық бояуы бар мағына; в) арнаулы мағына; г) диалектілік мағына [3,49]. Біздің талдап отырған «ай» сөзіміздің тарихи дамуы да кең әрі терең болғандықтан, көптеген сөздермен тіркесіп, әртүрлі күрделі сөз жасай алатын қабілетке ие. «Ай» атауының мағыналық құрылымының кеңдігі оның осындай тіркесімділік, валенттілік қасиетінің молдығынан да айқын көрініп отырады.

Белгілі түрколог Л.З. Будагов «ай» сөзімен тіркесіп келетін фразаларды орысша былайша түсіндіреді: ай бату «захождение луны»; ай туған «восхождение луны»; ай тұтылу «затмение луны»; бұ (бұл) ай «нынешний месяц»; өткен ай «прошлый месяц» деп қазақ тілінің әдеби қолданыстарына жақындатып атаса, айлы деген туынды түбірдің жеке өзін «лунный, лунатик» деп түсіндіре отырып, орыс тіліндегі лунная ночь деген ұғымды үш мүшелі тіркесіммен ай йарық түн деп атайды. Бұл жерде үш сөзді фразаның ортаңғы компоненті йарық түрінде татар тілінің дыбысталуынша берілгенін, бұл сөздің қазақша фонациясы жарық болып есептелетінін атамағанның өзінде келтірілген тіркесім қазақша айлы түн немесе жарық айлы түн болуы ықтимал [5,19].

1978 жылы жарық көрген орысша-қазақша сөздіктің бірінші томында луна сөзінің ұясы былайша берілген: луна «ай», полная луна «толған ай»; при свете луны «айдың жарығында»; серп луны «ай орағы»; фаза луны « айдың толып-кемуі»; лунный «айлы, айдың»; лунное затмение «айдың тұтылуы»; лунная ночь «айлы түн»; при лунном свете «айдың жарығында». Ал орыс тілінің месяц деген атауы бірінші рет мезгіл ұғымы ретінде беріледі: 1) ай «мезгіл – месяц тому назад»; 2) луна «көктегі ай», молодой месяц «жаңа туға ай». Осы соңғы мағынаға қатысты месячник, месячный сөздері беріліп, олар айлық деп аударылады [6,410]. ЫІбырай Алтынсарин жариялаған дидактикалық материалдарда «ай» сөзінің «луна» деген мағынасы келтірілген [7,23].

1987 жылы баспадан жарық көрген қазақша-орысша сөздікте де «ай» сөзінің үш омонимі бар деп көрсетілген. Оның біріншісі луна деп аударылып, толғанай ай «полная луна»; ай басы «новолуние»; ай тұтылу «затмение луны» деген тіркесімдермен түсіндіріледі де, екінші мағынасы – месяц (30 дней) деп көрсетіліп, оған бір ай «один месяц»; ай сайын «ежемесячно» деген мысалдар берілген. Бірақ осы ұядағы айы оңынан туды «ему повезло» деген фразеологизм бұл жерде мезгілді меңзеп тұрған жоқ, «тек жолы болды, ісі сәтті болды» дегенді ғана білдіреді. Бұдан кейінгі екінші және үшінші омонимдер «ай» деген одағай сөздің дыбысталуы ретінде және ай дала деген фразаның құрамында кездесетін компонент есебінде берілген. «Ай» түбірлі туынды сөздер ретінде айлы, айлық тұлғалары айлы түн тіркесімінде келетін және айлық ақы, айлық мерзім деген сөз тіркестерінде ұшырасатын лексемалар есебінде түсіндіріледі [8,21].

Түркологияда өзіндік орны бар В.В. Радлов өзінің әйгілі сөздігінің басында «ай» тұлғалы атаудың бес түрлі мағынасын береді. Оның бірінші мағынасы «ай-ғай» тәрізді таңырқау одағайы; екінші мағына қойбал, сағай және қарағас диалектілерінде тағам ретінде пайдалануға болатын «жабайы жуаның аты»; үшінші мағынасы қара қырғызша, моңғолша «қорқыныш, үрей» дегенді білдіретін атау; төртінші мағынасы «дұрыс, таным, түсінік ереже, түсінісу» деген мағынада басқа бір толық мағыналы сөздерге қосылып айтылатын көмекші есім, ал ең соңғы бесінші мағынасы түркі нәсілді көптеген халықтардың тілінде «көкте туған ай» деген ұғымды беретін космоним.

Бұл реестр сөзді В. Радлов барлық диалектілерге ортақ деп атайды және оның ұйғыр, шағатай, осман түріктері, қарағас диалектісі, якут және әзірбайжан т.б. тілдерінің деректерін келтірген. Осынша кең ауқымды тілдік материалды молынан қамти отырып, В. Радлов сол тілдердің бәрінде де ұшырасуы ықтимал мысалдардың толық тізбесін берген.

Мәселен, ол «ай» сөзінің бірінші мағынасы «луна» деп аударады да, осы ұяда ай айдыны «айдың беті, жүзі»; ай қарағы «айдың көзі»; жаңа ай «первые 15 дней луны»; ескі ай «последние 15 дней луны»; айдың жаңазы (жаңасы); таза ай алт. «прибывающая луна»; айдың ескізі (ескісі), көһна ай алт. (көне ай) «убывающая луна»; айдың толуны, тамам ай «полнолуние»; айдың кызыл толуну алт. «день перед полнолунием»; айдың кара толуну алт. «день после полнолуния»; айдың ырылап әскі алт. «новолуние»; ай ара парчар шор.саг. «новолуние наступило»; ай пыркан полгон, айды жалбагап жіп-жат алт. «лунное затмение»; айдың назы саг. «прибывающая луна»; айын гуппасы ост. ад «первый день или первые два или три дня лунного месяца»; айдың апгізі саг. «убывающая луна»; ай ісі; іч апгі полды саг. «второй, третий день убывающей луны»; ай әкілі, йрми алт. «двухдневная, трехдневная луна»; айдың пәшнйилә алтунда шор. «на 5,6 день луны»; айдың пәш, алты назында іг шор. ай тогду «месяц народился»; ай толды саг.кир., тулган каз. «полнолуние»; ай төтөлған каз., ай тутулмасы осм. «затмение луны»; ай қалқуы каз. «восхождение луны»; ай туған іг кир), ай батуы каз. «захождение луны»; ай басмак осм. «быть лунатиком»; ай басар, ай басмыш осм. «лунатик»; ай йылдыз осм. «луна и звезда, герб османской империи»; ай рибизәл олан кыз осм. «девица прекрасная как луна»; айын он дөрду гібі дір «она прекрасна как полная луна»; ай парчасы «кусок луны – выражение похвалы, комплимент в отношении к красавице»; ай ағылы осм. «радужный круг»; ай дәдәсінің одасында мысафыр алмақ осм. «быть в гостях у луны, ночевать под открытым небом» және т.б.

Космоним «ай» атауының кісі есімінің құрамында Сібір түріктерінің тілінде жиі ұшырасатындығына В. Радлов арнайы тоқталған. Ол былай деп жазады: «В абаканских, алтайских и шорских боғатырских сказках образуются сложные имена героев и героинь со словом аі (луна), напр.: Ай-Кан – Луна Хань; Ай сылдыр – Луна-Звезда; Ай –Канат – Луна-Крыло; Ай-Кун – Луна-Солнце; Ай Мәргән – Луна Стрелок; Ай Мөкө – Луна Силач; Ай Тас – Луна Камень; Ай Толузу (Ай Далай) – Полная луна; Ак ай – Белая луна; Ай Арыг – Чистая Луна.

Осы ай космонимінің қазақ тіліндегі ономастикалық атауларда әр түрлі тұрғыдан қолданыс тапқандығы жайлы қазақ лексикографы, профессор Т. Жанұзақов мол деректер келтірген. Мәселен, ол «ай» компонентінің ер адамдар есімдерінде және әйел адамдар, ер адамдар есімдерінде түрліше модельде ұшырасатындығына көптеген мысалдар береді. Атап айтқанда ай сөзі күрделі есімнің бірінші сыңары болып келетіндігін ғалым мынадай мысалдармен көрсеткен: Айжарқын, Айжігіт, Аймырза, Айтуған, Айтуар, Айкүн, Айсұлу, Айшолпан, Айнахан, Айым т.б. [9,36-438].

В.В. Радлов сондай-ақ батырлар жырындағы басты қаһармандар мінетін аттардың түр-түсін атауда да халық жырларында «ай» анықтауышы жылқы малының тұрақты эпитеті ретінде қолданылатындығын айтып былай деп жазған: «К названиям масти лошадей, принадлежащих таким героям, чатсо прибавляется также слово «ай», напр. ай қара ат «светло-вороная лошадь, ай сокур ат «лунопестрая лошадь».

Қазіргі қазақ тілінде мал атауының ішінен В.В. Радлов айтқан мысалдарды көп ұшырата алмаймыз. Әйтсе де қазақта мүйізді малға қарата айтылатын ай мүйізді ақ қошқар сияқты ақындық теңеулердің барын, сондай-ақ маңдайының ағы (төбелі) бар жылқыны ай маңдай ат деп атайтыны ауыз екі көркем тілден мәлім. Тұтас алғанда «ай» сөзінің семантикасы ақ деген түске синонимдес болып қолданылады. Сондықтан жүзі аймаңдай болу деген тіркесімде жағымсыз эмоцияны білдіретін «әшкере болу, бет пердесі ашылу» деген семантика аңғарылады.

Т. Жанұзақов осы «ай» лексемасының күн, жұлдыз терминдерімен қатар күрделі есімдер құрайтындығына кеңінен тоқталған. Сындық мағынаны білдіретін айдай деген қолданыста бұл сөз беті айдай деседі, бойы талдай деген тәрізді поэтикалық тіркес құрап, сұлулықты, көріктілікті танытса, жоғарыдағыша аймаңдай тұлғасында жағымсыз эмоцияны ауыстырып кеткен [10,21].

«Ай» аттарына анықтама беру, кірме атауларының мағынасын түсіндіру, кейбір семантикасы көмескіленген күнтізбелік терминдердің этимологиясын іздестіру талабы қазақ тілін зерттеуші мамандардың бір талайына тән деуге болады. Лингвист-ғалым Г.Б. Мадиева жалпы ономастиканың мәселелеріне тоқтала келе, мынадай жақсы ой айтады: «Народные названия были даны тем космическим объектам, которые видны невооруженным глазам. Появление народных названий относится к глубокой древности, когда люди должны были орентироваться во времени и пространстве посредством реалий окружающей действительности. На помощь приходили небесные объекты, которые получали названия, соответствовавшие мировидению древного человека» [11,64].

Біз автордың осындай теориялық ғылыми пікірімен толық келісеміз. Шынында да, космостық ұғымдар халықтың көне дүниетанымымен астарласып жатады. Кез келген космонимдік ұғымдардың

атауында халықтық таным бар. Тіпті көптеген космонимдік атаулардың шығуы туралы мифологиялық түсінік қалыптасқанын, аңыздар мол екенін аңғарамыз.

Демек, космонимдердің табиғатын терең зерттеудің маңызы өте зор. Бұл тек атаулардың табиғатын тану үшін ғана емес, халықтық дүниетанымды, түсінікті меңгеру үшін де өте маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Бас.ред. Ысқақов. – Алматы, Т. 1 1982. – 509 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ред. Жанұзақов – Алматы, Т. 1 1996. –397 б.
3. Гузев Ж.М. Проблематика словника толковых словарей тюркских языков. – Нальчик, 1984. – 158 с.
4. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – Фрунзе, Т. I. 1965. – 450 с.
5. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869-1871. – 1056 б.
6. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1978. –258 б.
7. Алтынсарин Ы. Хрестоматия. – Алматы, 1994. –108 б.
8. Қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 1987. – 506 б.
9. Радлов В.В. Киргизское наречие. СПб., 1871. – 506 б.
10. Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики., – Алматы, 1982. –196 с
11. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы, 2003.

Бөрібаева С.
филология ғылымдарының кандидаты,
дипломатиялық аударма кафедрасының доценті м.а,
халықаралық қатынастар факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: sofikazgu@mail.ru

Бақытов А.
филология ғылымдарының кандидаты,
дипломатиялық аударма кафедрасының доценті м.а.,
халықаралық қатынастар факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: bakitov77aitkali@mail.ru

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Abstract. *This article discusses issues such as how to create diplomatic terms in the Kazakh language, making the structure of making their lexical – semantic analysis, determined the etymology of loan words, the role of «калька» in the construction of terms, the role of education in terms of tracing paper. In this article we define the concept of the term and analyzes the views of various scientists.*

In the main part there is a translation (etymology) of some diplomatic terms in the Kazakh language and their equivalents, considering the creation of forms of diplomatic terms, the conditions of transformation, transcription methods of tracing paper for students of international relations under the program on the subject "Fundamentals of diplomatic translation from the Kazakh language".

At the end of the article, it was felt the need in the future to increase the number of subjects in a state language teaching for students of the faculty of international relations with the aim of training qualified professionals that meet the requirements of modern times.

Key words: *term, diplomatic, translation, international, political.*

Аннотация. *В данной статье рассматриваются такие проблемы, как способы создания дипломатических терминов на казахском языке, структура создания их лексическо-семантического анализа, определяется этимология заимствованных слов, роль кальки в образовании терминов. Дается определение понятия «термин», анализируются мнения различных ученых.*

В основной части для студентов международных отношений в соответствии с программой по дисциплине «Основы дипломатического перевода на государственном языке» приводится этимология некоторых дипломатических терминов и их эквиваленты на казахском языке, рассматриваются формы создания дипломатических терминов, условия трансформации, транскрипции, методы кальки.

В заключении статьи делается вывод о необходимости увеличения количества дисциплин на государственном языке обучения для студентов факультета международных отношений с целью профессиональной подготовки квалифицированных специалистов, соответствующих требованиям нового времени.

Ключевые слова: *термин, дипломатический, перевод, международные, политические.*

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ тіл білімінде дипломатиялық терминдердің жасалу жолдары, олардың лексика-семантикалық құрылымына талдау жасау, кірме сөздердің этимологиясын анықтау, терминжасамдағы калькаының рөлі сияқты мәселелері қарастырылады. Термин ұғымына анықтама беріліп, әр түрлі ғалымдардың пікірі талданады. Негізгі бөлімінде халықаралық қатынастар факультетінің студенттері үшін, мамандық бағдарламасына сәйкес «Мемлекеттік тілдегі дипломатиялық аударма негіздері» пәні сабағы барысында орыс тілінен аударылып берілген кейбір дипломатиялық терминдердің шығу тегі мен қазақ тіліндегі баламасы, дипломатиялық терминдердің жасалу жолдары – трансформация (ауыстыру), транскрипциялау, калька әдістері қарастырылады.*

Мақаланың қорытындысында, болашақта жаңа заман талабына сәйкес кәсіби, білікті мамандар дайындау үшін, халықаралық қатынастар факультетінің студенттеріне мемлекеттік тілде жүргізілетін пәндердің санын көбейту қажет екендігі туралы пікір білдіріледі.

Түйін сөздер: *термин, дипломатиялық, аударма, халықаралық, сөз, саяси.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің қолданыс аясы күннен – күнге артқан сайын оған ғылыми қажеттілік те өсіп келеді. Қазақ тілін қоғамдық және ғылыми салада қолданып өркендетуге, оның жан – жақты әлеуметтік – коммуникативтік рөлін арттыруға жағдай жасалып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан халықаралық қатынастар субъектісіне айналып, мемлекетаралық қатынастар, коммуникация саласы жаңа белеске көтерілді. Бұл тұрғыдан алғанда елімізде мемлекетаралық қарым-қатынаста жемісті қызмет атқаратын, шетел тілдерін жоғары деңгейде меңгерген білікті мамандар даярлау бүгінгі заман талаптарының бірі болып табылады деп ойлаймыз.

Әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы мәдениетаралық, дипломатиялық, саяси қарым – қатынастар жемісті болу үшін тілдің маңызы зор екендігіне дау жоқ. Дипломатиялық қарым – қатынаста тілдердің ерекшеліктерін ескере отырып, шет ел өкілінің айтқан ойын дәл түсіну, тілдік бірліктердің ұлттық реңктерін жоғалтпай жеткізе білу қажет. Сондықтан да шет тілін жете меңгерген, қазіргі заманғы талаптарға толығымен сай, білікті мамандар еліміздің шетелдермен әр түрлі саладағы ынтымақтастығын дамытып, жаңа белеске жеткізу үшін өте қажет.

«Дипломатия» ұғымы және дипломатиялық құжаттар

Әр түрлі елдер арасындаға халықаралық қатынастар кең көлемді әр алуан деңгейлерде өрістейді. Халықаралық қатынастарды дамыту құралы ретінде дипломатияның маңызы өте зор екендігі сөзсіз. «Дипломатия – халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешетін құрал өнері. Дипломатия сондай-ақ, халықаралық қатынастарға үйлесімді ықпал ететін және белгілі дәстүрлер мен ережелерге бағынатын техника мен шеберлік. Дипломатия тілі – бұл екі түрлі ұғымдарды белгілеуде қолданылатын айтылым. Біріншіден, бұл тілде ресми дипломатиялық қатынастар орнатылып, халықаралық шарттар бекітіледі. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы» [1]. Сондықтан да дипломатия әр түрлі қарым-қатынас әдістері көмегімен халықаралық қатынас орнату және оны дамытып, өркендету шеберлігі десек артық емес деп ойлаймыз. Дипломатияда қолданылатын қарым-қатынас әдістерін біз дипломатиялық құжаттарда көрініс табатын сөз оралымдарынан көруімізге болады.

Т.А. Волкова өзінің ғылыми еңбегінде «дипломатия» ұғымын келесі құрамдас бөліктерімен анықтаған:

«- мемлекеттің сыртқы саясаты концепциясы мен халықаралық құқық нормаларына сәйкес мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастар мен мемлекеттің сыртқы саясаты мәселелерін шешуге негізделген рәсімдер мен аппарат;

– мемлекет мақсаттары мен міндеттерін мемлекет ішінде және сыртында жүзеге асырушы ведомстволар мен қызметкерлер» [2].

Халықаралық аренада мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қойып, дамытуда дипломаттардың тактикасы мен стратегиясы, іс жүргізу шеберлігі маңызды қызмет атқарады. Мемлекеттік мүдделерді қорғаушы өкіл ретіндегі дипломаттың шеберлігі сөз саптай білуімен де көрініс табады. С.Б.Бөрібаева өзінің «Дипломаттың іскери сөйлеу мәдениеті» атты еңбегінде атап көрсеткендей: «Сөйлеу этикетін меңгеру дәрежесі адамның кәсіби жарамдылық дәрежесін белгілейді. Бұл ең алдымен, мемлекеттік қызметкерлерге, дипломаттарға саясаткерлерге, педагогтарға, заңгерлерге, дәрігерлерге, кәсіпкерлерге, журналистерге, қызмет көрсету саласының қызметкерлеріне, яғни өзінің қызмет бабы бойынша үнемі адамдармен араласатындарға қатысты. Сөйлеу этикетін меңгеру беделге ие болуға, сенім мен сыйлау құрметін тудыруға ықпал етеді. Сөйлеу мәдениетін тек әдеби тіл нормаларының деңгейінен жоғары меңгерсе ғана, ол өз сөздерінің өткір ойымен, көркемдігімен, мәнерлілігімен табысқа кенеледі. Сөйлеу этикеті ережелерін білу, оны ұстану адамға өзін сенімді сезінуге жол береді» [3].

Сондықтан да дипломатияның әр тілге тән тілдік құрамын, дипломатиялық құжатты лингвистикалық түсіну тұрғысынан зерттеу, халықаралық өзара байланыстың жұмыс жасау үдерісінің қосымша аспектілерін қарастыруға мүмкіндік береді. Тіл мамандары дипломатия тілін екі тұрғыда қарастырады:

«1. Біріншіден, бұл (дипломатиялық тіл –А.Б.) – ресми дипломатиялық қатынастар жүргізілетін және халықаралық келісімшарттар жасалатын тіл.

2. Екіншіден, жалпы жұрт қабылдаған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен сөйлемшелер жиынтығы» [4 Баландина, Кураченкова 2011:6-15].

Дипломатиялық дискурстың басқа дискурстардан айырмашылығы функционалды стилді анықтайтын және сөз саптаудың лексикалық құралдарын таңдауды шектейтін қатаң тілдік аяның болуы болып табылады.

Мемлекеттердің сыртқы саяси мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудағы дипломатиялық әрекетінің формалары болып табылатын дипломатиялық құжаттардың тілін анықтайтын фактор – ешқандай «артық» сөзсіз қажетті мазмұнды тура және толық жеткізе білу деңгейі. Белгілі бір мемлекеттің саяси немесе халықаралық-саяси ұстанымын көрсететін дипломатиялық құжаттардың ішінен ауызша және жазбаша дипломатиялық қарым-қатынас құжаттары болып табылатын дипломатиялық қатынасхаттарды (ресми хаттар, жеке және вербальды ноталар, меморандумдар, өтініштер және т.б) және сыртқы саяси ведомоствалар өкілдерінің конференцияларға, жиналыстарға, конгресстерге қатысқанда қолданған құжаттарды, мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының ресми ақпараттарының жарияланымдарын және т.б. атап көрсетуге болады.

А.Н.Ковалевтің айтуынша, дипломатиялық құжаттардың құрылымында міндетті түрде төмендегі элементтер болады:

– протоколды формулалар (жолдауларда, ноталарда ғана болады);

– құжаттардың мағыналық өзегі;

– дәлелдемелік бөлім;

– деректі немесе деректерді баяндау.

Сонымен қатар, ғалым дипломатиялық құжаттарға шартты түрде төмендегідей топтарға бөледі:

1. ұсыныс жасау құжаттары;

2. наразылықты білдіру құжаттары;

3. мүмкін жауап қадамдар туралы ескерту құжаттары;

4. басқа мемлекеттің қандай да бір әрекетіне немесе халықаралық уақиғаларға қатысты саяси немесе халықаралық-құқықтық ұстанымдарын бекітетін құжаттар;

5. халықаралық маңызды іс-шаралар туралы ақпарат құжаттар;

6. уағдаластық немесе қол жеткізілген келісім деңгейін рәсімдеуші құжаттар [5].

В.И.Поповтың жасаған классификациясына сәйкес дипломатиялық құжаттардың төмендегі категорияларын атап көрсетуге болады:

– ноталар (вербалды, жеке);

– жартылай ресми сипаттағы жеке хаттар;

– естелік жазбалар;

– меморандумдар;

– үкіметтің мәлімдемесі;

– мемлекет басшыларының сөздері;

– ведомство ішіндегі қатынасхаттар (жылдық саяси есеп, саяси хаттар, ақпараттық хаттар/ тақырыптық анықтамалар, баспасөзге шолу, саяси сипаттамалар, жеделхаттар);

– экономикалық тақырыптар бойынша дипломатиялық құжаттар;

– дипломатиялық әңгімелесулердің жазбалары [6].

И.И. Борисенко және Л.И. Евтушенко секілді ғалымдардың ұсынған дипломатиялық құжаттардың классификациясы бойынша, дипломатиялық әрекет барысындағы құжаттар мынадай топтарды қамтиды:

1. Келісімшарттар және басқа да халықаралық келісімдер (келісімшарт, конвенция; келісімдер; декларациялар; протоколдар);

2. БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың конституциялық актілері (БҰҰ хартиясы (жарғысы); Халықаралық сот жарғысы; БҰҰ-ның арнайыландырылған мекемелерінің конституциясы);

3. Біржақты заң актілері (ратификация, келісімшартқа қосылу, ескертпе, ратификацияға қосымшалар, келісімшартты бұзу (денонсация);

4. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының және басқа да халықаралық ұйымдардың резолюциялары және есептері (резолюциялар (шешімдер, ұсыныстар), директивтер, ережелер, процедуралар, қысқа есептер);

5. Қорытынды құжаттар:

5.1. Үкіметаралық іс-сапарлар және келіссөздердің қорытынды құжаттары (коммюнике, ортақ өтініштер, декларациялар, келіскендік туралы меморандумдар);

5.2. Халықаралық конференциялардың қорытынды құжаттары (қорытынды актілер, декларациялар);

6. Дипломатиялық корреспонденция:

6.1. БҰҰ корреспонденциясы (ресми хаттар, бейресми хаттар, вербалды ноталар, жадынама тілхаттар/меморандумдар);

6.2. мемлекетаралық дипломатиялық құжаттар;

6.3. өзге де дипломатиялық құжаттар (агремандар, консулдық патент, экзекватура, грамоты (сенім, кері шақыру), құзыреттілік [7].

Дипломатиялық терминдердің жасалу жолдары

Дипломатиялық құжаттардың құрылымдық элементтері мен түрлерін анықтап алған соң, енді дипломатия тілінің лексикалық және стилистикалық ерекшеліктеріне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Дипломатия тілінде терминологиялық қабатты құрайтын лексикалық қор дипломатиялық қызмет реалияларын сыртқы саяси қызметтің ерекше түрі ретінде көрсетеді. Дипломатиялық мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктеріне байланысты тіл құралдарының лексикалық қолданымы қатаң тәртіпке бағынады. Дипломатиялық мәтіндерде қолданылатын сөздердің ерекшеліктеріне төмендегі сипаттар жатады:

– терминологиялық (дипломатиялық) лексика;

– сөз клишелері мен штамптардың қолданылуы;

– кірме сөздер;

– эвфемизмдер (сыпайы сөздер);

– қысқартылған атаулар, қысқартулар.

Дипломатиялық мәтіндердің лексикалық құрамының негізгі өзегі -дипломатиялық дискурстың ажырамас бөлігі болып табылатын терминология. Дипломатиялық терминология тілдің лексикалық және семантикалық жүйесін құраушылардың бірі болып табылады. Дипломатиялық терминологияның пайда болуы мен дамуы халықаралық қатынастардың орнауы және дипломатияның пайда болуы, келісімшарттар жасасу секілді экстралингвистикалық категориялармен тығыз байланысты.

Дипломатия саласындағы құжаттардың лексикалық ерекшелігі халықаралық дипломатиялық терминологияның, халықаралық құқық терминологиясының және жалпы саяси терминологияның қолданылуында болып табылады. Себебі дипломатия құқық, саяси салалармен тығыз байланысты, өйткені мемлекеттің сыртқы саясатын жүргізу барысында дипломатия халықаралық құқықтар мен саясатқа арқа сүйейді.

Алғашында дипломатиялық тіл латын тілі болғандықтан, дипломатия саласындағы көптеген халықаралық терминдер латын немесе француз тілінен енген. XX ғасырда дипломатиялық тілдің терминологиялық жүйесіне халықаралық тіл статусына ие болған ағылшын тілі ықпал ете бастады. Дипломатия тіліндегі кірме сөздерді екі түрге бөлуге болады:

1. кірме сөздер;

2. калькаланған сөздер.

Латын және француз тілінен дипломатиялық салаға енген кірме сөздердің қатарында бүгінгі таңда мына сөздерді айтуға болады: атташе (Attaché), дипломат (Diplomate), демарш (Démarche),агреман (Agrément), коммюнике (Communiqué), консул (Consul).

Фарафонова Л.Г. өз ғылыми еңбегінде дипломатиялық терминологияны төмендегідей топтарға бөліп қарастырған:

1. Қызметкер тұлғалардың, дипломатиялық өкілдердің атауы;

2. Дипломатиялық өкілеттіліктердің атауы;

3. Құжаттар мен олардың құрамдас бөліктерінің атауы;

4. Дипломатиялық тәжірибедегі рәсімдерді білдіретін терминдер;

5. Дипломатиялық протокол терминдері;

6. Консулдық терминология.

Зерттеуші консулдық терминологияны дипломатиялық терминдермен қатар қызмет ететін, дербес терминологиялық жүйе ретінде қарастырады. Бұл халықаралық құқық талаптарына сәйкес ерекше консулдық қызметтің болуымен негізделеді.

Консулдық терминолоия да өз кезегінде төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Қызметтік тұлғалардың, консулдық рангтердің атаулары: (Consul, consul général, vice consul);

2. Консулдық өкілеттіліктердің атаулары (Consulat);

3. Құжат атаулары (Visa, Note) [7];

Біз сіздерге «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу» оқу құралында орыс тілінен аударылып берілген кейбір дипломатиялық терминдердің шығу тегі мен қазақ тіліндегі баламасын ұсынып отырмыз.

Декларация – (латын тілінен declaration – жариялау, мәлімдеу), ресми мәлімдеу; қандай бір қажетті мәліметтерді хабардар ететін кейбір ресми құжаттардың атауы.

Декларация – (от латинского declaration – объявление, провозглашение), официальное заявление; название некоторых официальных документов с сообщением каких-нибудь нужных сведений.

Преференциялар (латын тілінен praeferentia – қалау) – мемлекетпен белгіленетін, жеке елдердің барлық немесе кейбір тауарлары үшін, басқа елдердің тауарларына қатысты емес кедендік салықтық (баж) жеңілдіктер.

Преференции (от латинского praeferentia – предпочтение) – льготные таможеннные пошлины, устанавливаемые государством для всех или некоторых товаров отдельных стран и не распространяемые на товары других стран.

Коммюнике – (француз тілінен – communique, латын тілінен – communicatio –мәлімдеу, хабар) – Халықаралық келіссөздер, келісімдер, мемлекет өміріндегі маңызды оқиғалар барысы немесе нәтижелері туралы ресми хабарлама. Мысалы, әскери операциялардың, саммиттердің, кездесулердің барысы жөнінде.

Коммюнике (фр. communique от лат. communicatio – сообщение, передача)

Официальное уведомление о ходе или результатах международных переговоров, соглашений, ключевых событиях в жизни страны. Например,

о ходе военных операций, саммитах, сборах [1, 202-203 бб.].

Саяси терминдерді аудару түрлі трансформация (ауыстыру) әдістерімен жасалады. Оған жататындар: 1. Транскрипциялау: саммит – саммит, президент – президент; диктатура – диктатура. Мысалы, түрік тілінің elçi, elçilik,hukuk сөздерінен қазақ тілінде трансформация әдісі арқылы елші, елшілік, құқық сөздері пайда болды.Түрік және қазақ тілдерінде де мағыналары тепе-тең; 2. Транслитерация: чиновник – шенеунік; 3. Калькалау: Soviet Union – Советский Союз–Совет Одағы.

«Калькалау – басқа тілдің лексика-семантикалық, лексика-синтаксистік үлгілерін (модельдерін) қабылдау арқылы жаңа сөздер, жаңа синтаксистік құрылымдар жасау» [8]. «Калька – сөзбе-сөз аудару тәсілі. Сөздің немесе сөз тіркесінің ішкі мағынасын дәлме-дәл сол күйінде аудару»[9]. Демек, түпнұсқадағы сөздердің аударылатын тілдегі дәлме-дәл сөздермен алмастырылуы арқылы жүзеге асатын аударма түрі. Мысалы, халықаралық лаңкестік– международный терроризм, халықаралық құқық– международное право.

Сондай-ақ ғалымдар калькалық аударманы мағыналық және құрылымдық-мағыналық деп бөледі. Аударма жұмысында назар аударатын мәселенің бірі – термин сөздер. Осы тұрғыдан алғанда, калька – сөздің, сөз тіркесінің сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын дәлме-дәл сол қалпында аудару арқылы кірме сөздердің енуіне, неологизмдердің пайда болуына жаңа терминдердің жасалуына ықпал ететін тілдік амал-тәсіл болып табылады.

Калька арқылы термин жасаудың жолдары көп, атап көрсетсек: сөздердің бірігуі – келіс+сөздер (переговоры); тіркесуі арқылы – келісімшарт (договор); жұрнақ арқылы–мәміле+гер (дипломат), бітім+гер (парламентер), консул+дық мекеме (консульское учреждение), кеден+дік артықшылықтар (таможенные привилегии); фразеологиялық тіркестер – төртінші билік, шара қолдану; еркін сөз тіркесі –кедендік тексеру, ядросыз аймақтар, Қауіпсіздік Кеңесі т.б.

Зерттеушілер: «...терминдік тұрақты тіркестерді қалыптастыру жағдайында және ғылыми оқулықтар жазуда кальканың орны айрықша. Кейде ғылым тілі калькалауды талап етеді. Демек, калька тәсілі – ғылыми әдебиетті аударудың қажетті амалы. Сөзбе-сөз аудару терминдік лексиканы қалыптастыруға бірден бір қызмет ететін амал болып қала береді» – деп жазады, профессор Г. Смағұлова» [9].

Калька әдісімен термин жасаудың қиындығына қарамастан өткен ғасыр басында А. Байтұрсынұлының сәтті жасаған, лингвистикада күні бүгінге дейін қолданылып жүрген терминдердің бар екендігін ғалымдар мойындап отыр.

Дипломатия тілінде қоғамдық өмірдің басқа салаларында қолданылатын терминдер, яғни жалпыға ортақ лексикалар да қызмет атқаратындығын атап өткен дұрыс, яғни кейбір жалпы қолданыстағы сөздерден де жасалған дипломатиялық терминдерді кездестіруге болады. Дипломатиялық терминология жүйесіне көпмағыналылық тән. белгілі бір термин дипломатия саласында белгілі мағынаға белгілі бір контексте ғана ие болады. Мәселен, «сенімді» сөзі тіркесу арқылы дипломатия саласында терминдік мәнге ие болады: сенімді өкіл – chargé d'affaires.

Қорыта айтқанда, дипломатиялық құжаттар халықаралық қатынастардың сыртқы әлемге шығарылатын өнімі ретінде танылады. Дипломатиялық құжаттардың тілі, оның стилистикалық келбетімен қатар, саяси мәселе бойынша мемлекеттің пікірін, нақты ұстанымын білдіруі, оның мазмұнымен толық сәйкестілігі өзекті. Дипломатиядағы әр сөз ой елегінен өткізілген, пайымдалған болуы қажет екендігін атап өткіміз келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бөрібаева С.Б. «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу». – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 321 б.
2. Волкова Т.А. Дипломатический дискурс в аспекте стратегичности перевода и коммуникации: на материале английского и русского языков : диссертация ... кандидата филологических наук. – Челябинск, 2007. – 231 с.
3. Бөрібаева С. Дипломаттың іскери сөйлеу мәдениеті Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 180 бет.
4. Баландина Л.А., Кураченкова Г.Ф. Язык дипломатии: традиции и современность // Язык и право: актуальные проблемы взаимодействия. Материалы Международной научно-практической Интернет- конференции. – Ростов-на-Дону: Ростовское книжное издательство, 2011. – 259 с.
5. Ожегов.С.И.Словарь русского языка.–Москва: «Русский язык», 1988.– 750 с.
6. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия – наука и искусство: Курс лекций. – 2-е изд., доп. – М.: Международные отношения, 2010. – 576 с.
7. Борисенко И.И., Евтушенко Л.И. Английский язык в международных документах (право, торговля, дипломатия): Учеб. пособие. – К.: Логос, 2001. – 480 с.
8. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: «Сөздік –словарь», 2005. – 440 б.
9. Смағұлова Г., Айтжанова Г. Фразеологиялық калькалар. –Алматы: «Қазақ университеті», 2005.– 124 б.

Gerfanova E.
Master, PhD student,
Sh.Ualikhanov Kokshetau State University,
Kokshetau, usel2004@mail.ru

Ayapova T.
PhD in Philological sciences, professor,
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, ayapova07@mail.ru

Shayakhmetova D.
Candidate of Philological sciences, associate professor,
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, dana.shayakhmet@mail.ru

LANGUAGE LEARNERS' REPRESENTATIONS ABOUT AMERICAN CULTURE: PEDAGOGICAL IMPLICATIONS

Summary. *This study investigated representations of American culture held by students of English. The number of learners who participated in the research was 36. The main aim of the study was to explore what images language learners had about American culture. The representations provided by the respondents were divided into 10 categories, each containing a different number of cultural items. The study assessed the number of images constituting each category as well as their frequency. The findings revealed that the images describing the USA and people living there formed the largest categories. Furthermore, the study showed that the array of the students' images about American culture is not rich and simplistic. The article starts with the definition of culture, then considers the teaching of culture in the FL classroom, discusses the results obtained from the conducted survey and is concluded by pedagogical suggestions referring to the use of students' representations of a target language culture in the foreign language classroom.*

Түйін. *Мақалада тіл мамандағында оқитын бакалавр-студенттердің американдық мәдениетіне қатысты репрезентациялары қарастырылады. Зерттеуге қатысқан сұхбаткерлер саны 36 адам. Сұхбаткерлер ұсынған репрезентациялар өзіне мәдени элементтерін енгізген 10 категорияға бөлінген. Зерттеу қандай да болсын категорияға кірген репрезентация санын және жиілігін бағалады. Мақалада «мәдениет» ұғымына анықтама беріледі, шет тілдері сабақтарында мәдениет компонентін оқыту мәселесі қарастырылады, зерттеу нәтижелері және талдаулары ұсынылған, сонымен қатар шет тілін оқытуда мәдени репрезетацияларды пайдалану жөнінде педагогикалық ұсынымдар келтірілген.*

Резюме. *В статье рассматриваются репрезентации студентов-бакалавров языковой специальности в отношении американской культуры. Количество респондентов, участвовавших в исследовании, составляет 36 человек. Репрезентации, представленные респондентами, были разделены на 10 категорий, включающих в себя разное количество элементов культуры. Исследование оценивало количество репрезентаций, входящих в ту или иную категорию, и их частотность. В статье дается определение понятию «культура», рассматривается проблема обучения культурному компоненту на уроках иностранного языка, представлены результаты исследования и их обсуждение, а также приводятся педагогические рекомендации по использованию культурных репрезентаций при обучении иностранному языку.*

Culture teaching has become an essential aspect of foreign language education at the present stage. It is acknowledged that one of the main goals of foreign language (FL) education is to train specialists who will be able to act as cultural mediators. Foreign language learning is considered to be senseless if learners know little or nothing about the people who speak the language they learn. Acquiring a new language means a lot more than simple knowledge of grammar rules or the manipulation of vocabulary. As Bada states: "the need for cultural literacy in English language teaching arises mainly from the fact that most language learners, not exposed to cultural elements of the society in question, seem to encounter significant hardships in communicating meaning to native speakers" [1, p.101].

The present paper considers images about American culture given by students who are enrolled in "Foreign language: two foreign languages" specialty. It should be noted that, when students start to learn a foreign language, they already have their own beliefs and images or representations about a target language country. It

is essential for educators to explore them as it might be helpful in the organization of the educational process, particularly when addressing language students' educational needs and interests.

Definition of culture. For a proper understanding of issues covered in this paper, it is first necessary to define what is meant by culture.

In its general sense culture can be defined as customs, beliefs, behavioral patterns, attitudes, values reflecting the way of life a community leads and found in various products of art, e.g. songs, movies, literature, architecture, etc., as well as in the use of the language this community speaks, e.g. proverbs, idiomatic expressions, collocations. According to Kagan, modern science approaches culture as a result of human activity [2]. A human is raised by culture, but at the same time a human creates culture, transforms it and brings something new in it.

Hall and Hall state that "culture determines what we perceive, how we react to situations, and how we relate to other people" [3, p.136]. Maslova points out that culture connects people, for results of work of a human being could be used by other people, and the process of transmitting experience from one generation to another is based on transmitting and sharing knowledge, experience and products of culture [4, p. 2]. For Kramsch culture is "membership in a discourse community that shares a common social space and history, and a common system of standards for perceiving, believing, evaluating, and acting" [5, p.127]. Voloshin underlies the individual nature of culture observing that culture and language are anthropocentric entities; they serve a human and are meaningless without a human [6].

The connection between language and culture. Many researchers underline the inseparable connection between language and culture (Kramsch; Lange; Hall; Kunabayeva). Language is considered to be the most important carrier, container and reflector of culture: through language comes the understanding of a culture which might differ significantly from a speaker's native culture. Through learning a foreign language one becomes able to cognize a new world; one becomes open to new mentality and new way of living. Sapir wrote that culture may be defined as the way how members of a particular community act and think, and language in itself reflects how people think [7]. Lange connected language and culture by saying "language is … one aspect of culture and is the medium for understanding, sharing, and negotiating meaning for all aspects of culture" [8, p. 24].

In the report of the Modern Language Association the close connection between a language and culture is highlighted in the following quotations: "Language is a complex multifunctional phenomenon that links an individual to other individuals, to communities, and to national cultures" [9, p. 236], and "Culture is represented not only in events, texts, buildings, artwork, cuisines, and many other artifacts but also in language itself" [9, p. 236].

It is claimed that a language apart from being a means of communication is the memory and the history of people, their culture, their worldview and psychology; it is "a baggage" of knowledge transmitted from one generation to another, knowledge about nature, space, raising children, preparing them for life, etc. In this way language can be considered as a form of culture that embodies historically the national life in all its diversity and dialectical contradictions.

The Conception of Foreign Language Education of the Republic of Kazakhstan underlies the relationship between a language and culture by stating that language is a reflector of sociocultural reality of people speaking it, it is a phenomenon of culture, both national and universal [10]. It is through a language there forms conceptualization about foreign picture of the world and people learning a foreign language acquire ability to conduct communication both in their native and foreign communities, to prevent and overcome conflicts caused by historical, political and religious differences of cultures. Thus, through a language we create efficient framework for international and intercultural understanding.

The teaching of culture in the foreign language classroom. It is acknowledged in modern foreign language education that it is important to insert cultural component in the FL classroom. Tomalin and Stempleski list some of the benefits of teaching culture [11, p. 7]. According to the researchers, the teaching of culture in the FL classroom helps:

– develop an understanding of the fact that all people exhibit culturally conditioned behaviours;

– develop an understanding that social variables such as age, sex, social class and place of residence influence the ways in which people speak and behave;

– become more aware of conventional behaviour in common situations in the target culture;

– increase awareness of the cultural connotations of words and phrases in the target language;

– foster the ability to evaluate and refine generalizations about the target culture, in terms of supporting evidence.

– develop the necessary skills to locate and organize information about the target culture.

– stimulate students intellectual curiosity about the target culture, and encourage empathy towards its people.

The modern system of foreign language education in Kazakhstan is based on cognitive and linguocultural methodology with its construct "language – culture – identity". The construct proposed by the prominent researcher Kunanbayeva S.S. (2010) provides for social and linguocultural reconceptualization of the world perceived by the identity and brings forth the formation of his/her secondary cognitive consciousness through adjustment to linguistic and social culture of a foreign language community. "The strategic aim of modern personal and culture-oriented methodology of foreign language education in Kazakhstan is to raise and educate an identity as a holistic and harmonic subject of culture and activity" [12, p. 147]. This approach highlights the idea of learning a foreign language along with its cultural component, i.e. learning language through culture.

When selecting teaching materials aimed at developing students' cultural awareness in the foreign language classroom, a number of aspects should be taken into consideration. First, materials should form students' realistic ideas about a target language country. Second, it is necessary to determine to what extent the chosen cultural material can serve as an incentive for students to familiarize themselves with key concepts such as "cultural heritage", "cultural community", "cultural diversity", "multicultural personality", "dialogue of cultures", etc. Third, it is important to select materials taking into account students' age and their intellectual abilities. Fourth, from the selected materials students should be able to learn about ways of protecting themselves from cultural aggression.

Some sources for information on culture are listed below:

1. Texts which present information about the country, its history, society, people, institutions, etc. The work with texts presupposes reading, comprehension and check-up activities, discussion, comparison of cultural issues mentioned in a text with those of students' native country;

2. Educational movies, videos, audios;

3. Books consisting of puzzles and quizzes on the trivia of the target culture;

4. Dictionaries of Language and Culture (e.g. Longman Dictionary of English Language and Culture). Such dictionaries contain a great number of cultural entries and cultural notes, which can be used in various classroom activities.

5. Contact with people speaking a target language via Skype, Facebook, e-mail, etc.

Representations about target language country. As the present paper studies images English language students have in regards to American culture, culture is viewed as a set of representations. Such representations include material as well as non-material aspects of human activity. The examples of material culture are works of art, architecture, cuisine, literature, etc., whereas non-material dimension is presented by ideas, beliefs and values. These representations find their reflection in language and cover both individual and social domains. Considering culture as an array of representations is important for developing cultural component of the foreign language programme which addresses students' educational needs. The term "representations" in this study refers to mental images of objects and phenomena in the human mind. It should be noted that the terms "representations" and "images" are applied interchangeably here.

When coming into the foreign language class and setting one of the main objectives of foreign language education, that is, teaching the language in its close connection with culture or integrating the cultural component into the FL class, teachers should be aware of the images students have in relation to the culture they are supposed to get acquainted with. As Nikitina observes, "approaching culture as a set of representations held by language learners can help to overcome a static model of teaching culture" [13, p. 865]. This static approach reveals itself through "tourist-consumer" presentation of a target culture promoted in foreign language textbooks. The researcher underlies the importance of viewing culture as a set of representations by stating that such representations can serve an effective means of helping students to discover and rediscover a target culture based on the knowledge they already have.

There were 36 participants in this study. They are all second-year students trained within the framework of "Foreign language; two foreign languages" specialty. The programme is oriented to training future teachers of English for secondary schools, colleges, various educational institutions, etc. The study took place during the autumn semester of 2017-2018 academic years. The age of the participants ranges between 18-20 years, among them 33 are females, and 3 male students.

This study is based on free response technique to data collection. Each participant was asked the question: What images come to your mind when you hear the words America or American? The students could write any number of words or short phrases. As the language of the questionnaire was English, the answers given by students were in English.

The language learners provided 64 representations of American culture which were grouped into 10 categories. It was necessary to take into count every image presented by the participants, even if it was mentioned once (NI=1). Table 1 shows these categories as well as the number of images they contain and their frequency.

Table 1

Categories of images about American culture

№	Category	NI	F
1	Country	17	74
2	People	17	136
3	Food	9	53
4	Cities and states	7	30
5	Sites	4	20
6	Music	4	19
7	Sports	2	11
8	Holidays	2	9
9	“Apple” company	2	12
10	Language	1	5

Note: NI=Number of images, F=frequency of images within the category

The top category was labeled “Country” (NI=17) with images referring to different aspects of life in America. This category is presented by such images as ‘American Dream’ (F=7), ‘Multinational country’ (F=7), ‘Legalized guns’ (F=6), ‘Democracy’ (F=4), ‘Independence, independent nation’ (F=6), ‘War’ (F=6), ‘Stars’ (F=6), ‘Diversity’ (F=5), ‘Unbelievable beauties’ (F=5), ‘Freedom’ (F=4), ‘Equal, equality’ (F=4), ‘Money’ (F=3), ‘Opportunities’ (F=3). The category includes as well images relating to the symbols of the country ‘US flag’ and ‘Bald eagle’ and a campaign slogan used in American politics ‘Make America great again’.

The same number of images is presented in the category “People”. The students provided 13 epithets describing Americans, such as ‘simple’, ‘kind’,

‘free’, ‘open’, ‘beautiful’, ‘busy’, ‘modern’, ‘cheerful’, ‘friendly’, ‘polite’, ‘active’, ‘independent’, ‘honest’. The most frequent name in this category is the name of the present US president Donald Trump (F=10), which is followed by the name of the former American president Barak Obama (F=6). The name of Frank Sinatra was mentioned twice.

Next goes the category “Food” (NI=10) with the following images: ‘Fast food’, ‘Junk food’, ‘Pizza’, ‘Hamburger, burgers’, ‘Peanut butter’, ‘Doughnuts’, ‘Americano’, ‘MacDonald’s’ and ‘Starbucks’. The most frequently proposed image is ‘Fast food’ with frequency equal to 13.

The category “Cities and states” is presented with the names of Los Angeles or LA, New York, Washington, Hollywood, California. ‘Sunshine City’ was proposed erroneously instead of ‘Sunshine state’ meaning Florida.

The categories “Sites” and “Music” are equal in number, the first one being presented by such images as ‘Grand Canyon’, ‘Statue of Liberty’, ‘Disney’ and ‘Times Square’, the latter one – by ‘good music’, ‘famous singers’, ‘Pink Floyd’, ‘best pop music’.

The categories “Sports”, “Holidays”, “Apple Company” have just 2 images each. The first one is presented by “American football” and ‘basketball’, the second one – ‘Halloween’ and “Thanksgiving’, and the third one – ‘Iphone’ and ‘Apple’. One image only is in the category “Language”, and that is ‘American accent’.

Overall, the participants of the study showed positive attitudes to American culture; the only negative image proposed was that of war. The array of the obtained images presented in the lists is not rich, however, and can be characterized as simplistic. No references were made either to great cultural figures (writers, poets, etc.) or to famous pieces of art. The limited and simplistic array of images might be helpful for teachers in

understanding the fact that language learners should familiarize themselves with the target language culture in a more thorough way and that their cultural knowledge should be broadened.

Pedagogical implications. Exploring language learners' representations of a target language culture is a good opportunity for teachers to understand what images language learners have about the culture of people whose language they are learning, whether the array of their images is rich or poor, or whether students might have gaps in cultural knowledge. The practical use of the images proposed by students cannot be underestimated.

Students' images can be used as a stepping stone in the foreign language classroom – the images which are most frequently encountered in the lists might show what presents the greatest interest for language learners. For example, the most frequent image in the category "Country" in our study was "American Dream". The concept may be used as a starting point for the discussion – what does this expression imply, then watch a video how American people explain it, compare students' understanding of the expression and those proposed by people living in the target language community. Or, for example, in the category "Food" the image of fast food was the most frequent. This topic can also be used as one for the discussion of healthy/unhealthy eating habits, the global problem of obesity, the students may be asked to find some statistical information, to make presentations on the topic, etc. The image of 'guns' was also one of the most frequent in the category "Country". Thus, the discussion may be raised as well on the issue of gun legalization; there can be organized debates pro and cons of gun control laws in the US. In the present study no references were made to famous American writers and poets and their works. Discussions and reading classes may be held in this case, to make students aware of American literature and its prominent representatives.

Studies oriented to discovering students' representations about a target language culture might be conducted at the beginning of the study course, to see what images language learners hold before starting to learn a culture which is new for them and at the end of the course to check whether the images have become more profound and complicated. If such studies reveal the absence of key images relating to art and high culture, language educators could understand that there are gaps in learners' cultural knowledge and that these gaps should be addressed. Moreover, having good knowledge of language learners' representations of a TL country could help language educators to develop the cultural component of a language program that would address educational needs of their students.

To conclude, language educators highlight the importance of incorporating the cultural component into the FL classroom. The main purpose of teaching of culture is to enhance language learners' cultural awareness and deepen their knowledge about a target language culture. Knowledge of a target language culture brings to a better understanding of people speaking this language and to success in the modern world of international cooperation.

This study explored images of American culture held by the language learners. It was found that the content of the students' images is not rich and simplistic. Despite some erroneous notions and absence of "key" images referring to high culture, the images held by the students were positive.

The current study has some pedagogical suggestions, as it has presented some pedagogical ideas on how language students' mental images can be used in the English language classroom. These show what presents the greatest interest for students as well as the absence of important cultural elements may signal about the lack of cultural knowledge. Both should be addressed by language educators, in the first case, to meet students' educational needs and to enhance their cultural awareness. As Nikitina observes, "…addressing language learners' beliefs and stereotypes about a TL country enables language educators to practise progressive foreign language pedagogies that strive to link language learners' prior knowledge and beliefs about a TL country to their new learning experiences and place emphasis on promoting students' critical thinking through exposing them to more ideas about the complex and vibrant world beyond the classroom walls" [14, p. 67].

REFERENCES:

1. Bada E. Culture in ELT. // Cukurova University Journal of Social Sciences, 2000. – №6. – pp. 100-110.
2. Kagan M.S. Philosophiya kultury.– Spb: Petropolis, 1996. – p.414.
3. Hall E.T., Hall M.R. Understanding Cultural Differences: Germans, French and Americans. – Yarmouth, ME: Intercultural Press**,** 1990.
4. Maslova V., Pimenova M. Kodi lingvokultury. – M.: FLINTA: Nauka, 2016. –p.177.
5. Kramsch C. Context and culture in language teaching. – New York, NY: Oxford University Press, 1993.

6. Voloshin Yu.K. Obshchiy amerikanskiy sleng: sostav, derivatsiya i funktsiya (lingvokul'turologicheskiy aspekt).– Krasnodar: Kubanskiy gos.un-t, 2000. – p.52.
7. Sapir E. Izbranniye trudi po yazikoznaniyu i kulturologii. – M: Progress, 1993.
8. Lange D. L. The teaching of culture in foreign language courses. – Washington DC: Center for International Education, 1998.
9. Modern Language Association Ad Hoc Committee on Foreign Languages. Foreign languages and higher education: New structures for a changed world. – Profession 2007, pp. 234–245.
10. Kontseptsiya inoyazychnogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan.- Almaty: Kazakh Ablai-khan National University of International Relations and World Languages, 2010.
11. Tomalin B., Stempleski S. Cultural awareness. – Oxford: Oxford university press, 1993. – 160 p.
12. Kunanbayeva S.S. Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya.–Almaty, 2010. – p.344.
13. Nikitina L. Language learners' representations of Portugal: implications for culture teaching.//Cultura y Educación, 2016. -№ 28. – pp.863-879.
14. Nikitina L. Language learners' representations of Spanish-speaking countries: How can they inform language pedagogy? // Revista Signos, 2017. – № 50. – pp. 50-70.

Жалалова А.М.
философия докторы (PhD)
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

РИТОРИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. *Мақалада американдық лингвистер Уильям Манн мен Сандра Томпсон қолданысқа енгізген риторикалық құрылым теориясының негіздері қарастырылған. Бұл осы теорияның шеңберінде дискурс құрылымына талдау жасауға мүмкіндік береді.*

Резюме. *В статье рассматривается теоретическая основа риторической структуры, разработанная американскими лингвистами Уильямом Манном и Сандрой Томпсон. Описание дискурса в рамках данной теории дает возможность проанализировать структуру дискурса.*

Summary. *The article examines the theoretical basis of the Rhetorical structure developed by American linguists William Mann and Sandra Thompson. The description of the discourse within the framework of this theory makes it possible to carry out an analysis of its structure.*

Дискурсты белгілі бір уақыт шеңберінде өтетін динамикалық сипаттағы үдеріс, әрі құрылымдық нысан ретінде зерделеу мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының арқауына айналып, нәтижесінде әртүрлі дискурс талдау үлгілері ұсынылды. Осы үлгілердің ішінде зерттеушілердің назарын өзіне аударып отырған риторикалық құрылым теориясы деуге болады.

XX ғасырдың 1980 жылдары АҚШ зерттеушілері У.Манн және С.Томпсон ұсынысымен тілдік қолданысқа енген риторикалық құрылым теориясының модель-үлгісі қазіргі таңда дискурстың макроқұрылым (глобалды) мен микроқұрылым (локалды) деңгейлеріндегі өзара байланысын, табиғи тілдегі мәтіннің негізгі ұйымдастырылу аспектісін сипаттайтын әмбебап теория ретінде танылып отыр. Авторлардың тұжырымына сүйенсек, риторикалық құрылым теориясы бойынша дискурс құрылымының негізгі үш түрлі деңгейі қарастырылады:

1. ***Суперқұрылым (holistic structure)*** дискурстың ең жоғарғы деңгейде

ұйымдастырылуын жанрға байланысты қарастырады. Мысалы, бұл деңгейде көркем мәтіннің тармақталуы, ресми қағаз үлгілерінің рәсімделуі т.б. сипатталады [1]. Мысалы, *Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы 10 ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Мексіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ... - Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп шешем әр кезде айтып отыратын...*

Әке-шешеден күнде естітін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де, «оқу оқисыңдар» дегендері екі жылдан кейін келіп еді. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін»молда жалдапты (Ғабит Мүсірепов «Автобиографиялық әңгіме»).

а. Үзінді әдеби жанр түріне**, көркем-әдебиет стиліне** жатады.

ә. Үзіндіні мағынасына қарай «Мен өмірге келген күн», «Мінездеме», «Ата-ана үміті» сияқты логика-семантикалық абзацтарға бөлуге болады:

Бірінші абзац – кейіпкердің өмірге келуін сипаттайтын 5 сөйлемнен тұрады.

1. *Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. 2. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы 10 ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.*

3. Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған.

4. Мексіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

5. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ...

Екінші абзац – кейіпкердің мінез-құлқына берілген 1 сөйлемнен құралған сипаттамадан тұрады. 1. – *Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп шешем әр кезде айтып отыратын... ;*

Үшінші абзац – ата-ана тілеуі:

1. *Әке-шешеден күнде естітін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де, «оқу оқисыңдар» дегендері екі жылдан кейін келіп еді.*

2. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін» молда жалдапты», – жолдарымен берілген 2 сөйлемнен тұрады.

Бұл 3 абзацта 3 түрлі ақпарат берілсе де, мәтін тұтастығын «Балалық шаққа саяхат» деген бір ғана тақырыппен беруге де болады деп ойлаймыз.

Ал, осы әдеби жанрда берілген дискурсты ресми түрдегі қағаз үлгілерінің рәсімделуіне сай, мысалы, бір адамның бүкіл жүріп өткен өмірін бір ғана сөзден тұратын «өмірбаян» атты үлгіге сыйғызып тұрған түрін қарастырып көрелік.

Өмірбаян

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1958). Социалистік Еңбек Ері (1974). Қазақстанның Халық жазушысы (1984). Тоғыз жасқа дейін өз ауылында оқып, хат таныды. 1916 жылы екі кластық ауылдық орыс мектебінде бір жыл, одан кейін төрт жыл орыс мектебінде оқып, оны 1921 жылы бітірді. 1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфакқа)түсіп, онда үш жыл оқыды. С.Сейфуллинмен таныcты. 1926 жылы рабфакты бітірген соң, Омбыдағы ауыл шаруашылығы институтында бір жыл оқып, 1927- 1928 жж. Бурабай техникумында оқытушылық қызмет атқарды. Тұңғыш шығармасы – «Тулаған толқында» повесін осы тұста (1927) жазды. Он жыл бойы баспа орындарында, кеңес, партия мекемелерінде жауапты қызметтер (баспа директоры, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Өнер істері басқармасының бастығы қызметін) атқара жүріп, әдеби шығармашылығын үдете түсті. 1938-1955 жж. бірыңғай жазушылық жұмыспен шұғылданды. 1955-1966 жж. «Ара» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, 1958 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағы басқармасы хатшыларының бірі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің мүшесі болды. Ұлы Отан соғысы жылдарының соңында «Қазақ батыры» (1945) повесін (кейін «Қазақ солдаты» романы) жазды. Бұдан кейін жарияланған (1953) «Оянған өлке» романы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған шоқтығы биік туынды еді. Атақты романдарымен қатар, Ғабит Махмұтұлы прозаның шағын жанрында да еңбек етті. Ондаған очерк, әңгіме, повестер жазып, жариялады. «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін 1968 жыл Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. 1974 жылы «Ұлпан» повесін жариялады. Ал «Оянған өлкенің» заңды жалғасы – «Жат қолында» романы арада ширек ғасырдай уақыт өткен соң – 1984 жылы ұсынылды. Отызыншы жылдарда драматург ретінде де бой көрсетті. Оның драматургиядағы тырнақалдысы – сахнада мың реттен аса қойылған «Қыз Жібек» операсының либреттосы (1935) еді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы да (1939) халық эпосының сарынында жазылған. Жазушының қоғамдық, публицистік, журналистік, сыншылдық еңбектері «Суреткер парызы» (1970), «Заман және әдебиет» (1982) атты кітаптарына енген. Бесінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің және 6, 7, 8, 9, 10, 11-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1974-1975 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Үш рет Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. 2002 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланды [4].

Анасының аты Дина, әкесінің аты – Махмұт. Отбасында жеті баланың біреуі. Хамит, Сәбит, Баязит, Қажым, Әшім есімді бауырлары, Гүлсім есімді жалғыз қарындасы болған. Жазушының бірінші жұбайының аты – Қаншайым. Екінші әйелі – Құсни Яғфарова (қыздары – Ғалия (Энгелина), Роза, Мара, Райхан). Үшінші жұбайы – Раиса Мұхамедиярова (қыздары – Гаухар, Гүлнәр). Төртінші әйелі – Ғазиза Бисенова [5].

Міне, осындай мысалда көрсетілген автордың өмір жолын, іскерлік қасиеттерін, отбасылық жағдайын жан-жақты баяндап беретін ресми құжат түріндегі дискурстың мазмұндық-құрылымдық жүйесін төмендегідей нұсқада беруге болар еді:

1.құжаттың аты (өмірбаян);

2.аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, айы, күні, туған жері;

3.ұлты;

4.білімі, оқыған оқу орындары;

5.қоғамдық-саяси қызметі;

6.отбасылық жағдайы: ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет (егер бар болған жағдайда).

2. Қатысымдық құрылым (relational structure) жай сөйлемдердің бірізді иерархиялық тізбегінен тұратын біртұтас мәтін мазмұнының ұйымдастырылуын қарастырады. Мәтін ұйымдастырылуы оның өзара мәтінішілік байланыс аспектісінде қарастырылады. Риторикалық құрылым теориясы осы деңгейге жатады. Теорияның негізгі ұғымдары – дискурстық бірліктер мен олардың арасындағы қатынас түрін сипаттайтын риторикалық байланыстар.

3. Дәстүрлі синтактикалық құрылым (syntactic structure).

Авторлардың түсіндіруі бойынша теорияның қолданылу мақсаты:

1) риторикалық құрылым теориясы мәтінде клауздар (ағылш. clause- сөйлем) арасындағы риторикалық байланыстарды сипаттайды (Томпсон, Манн, 1986; Стюарт, 1987; Томпсон, Манн, 1987; Томпсон, Манн, Матиссен, 1992);

2) кең ауқымдағы мәтін түрлеріне (мысалы, жаңа хабарлар жүргізуде) аналитикалық талдау жасауда қолданылады (Ноэл, 1986; Фокс, 1987);

3) салыстырмалы-салғастырмалы риторикалық зерттеулер жүргізуге қолданылады (Гай, 1985, Конг, 1998);

4) нарративті дискурс түріне талдау жасауға ыңғайлы, мысалы, зерттеуші Камф (1986) жапон және испан тілдерінде сөйлейтіндердің әңгімелерінің тіларалық, грамматикалық және риторикалық ерекшеліктерін сипаттауға қолданған;

5) мәтін интерпретациясын жасау кезінде пропозициялар байланысын сипаттауда, мәтін когеренттілігін айқындауда қолданылады.

Теорияны жазбаша мәтін жанрларын (әкімшілік анықтамалар, ғылыми деректер, саяси эсселер, газет-журнал мақалаларын, жарнамалық кітапшаларды, аспаздық рецептер) сипаттауда қолдануға болады [2, 244].

Теория авторларының ұсынуымен риторикалық байланыстардың 24 түрі қарастырылып, оларға жекелеген анықтамалар берілген. Байланыс түрлері әр тілдің ерекшелігіне сай барлық мәтін түрлерін бір қалыпта сипаттауға жарамсыз болған жағдайда, оны зерттеушілердің өз қалауынша толықтыру мүмкіндігі бар екендігі ескеріліп, ашық күйінде қалдырылған.

1999 – 2001 жылдары риторикалық құрылым теориясын ресей ғалымы А.Л. Литвиненко орыс тілінің ерекшеліктеріне сай өңдеп, дискурс бірліктерін сипаттауда қолданып, дискурстың *ауызша* түріне қатысты диалог репликаларын ескере отырып, оны толықтырып, *коммуникативтік байланыстың* 20 жуық байланыс түрін қосады. Қазіргі кезде бұл байланыс түрлері зерттеушілер еңбектерінде кеңінен қолданылып жүр [3]. Көрнекілік ретінде төмендегі кестелерімізде дискурсты семантикалық тұрғыдан талдауда жиі кездесетін риторикалық байланыс түрлерінің қысқаша нұсқасы ағылшынша (У.Манн, С.Томпсон) – орысша (А.Л. Литвиненко, А.А. Сусов) – қазақша (А.М. Жалалованың аудармасы) ұсынылып отыр.

Кесте 1

Себеп-салдарлы бір ядролы (mononuclear) симметриялық байланыс түрлері

№	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Объектілік/ пропозициялық (Subject – matter) байланыстар			
1	Condition	Условие	Шарттастық, келісілген жағдай
1	2	3	4
2	Unconditional	Необусловленность	Келісімсіз, шартсыз
3	Volitional Cause	Волитивная причина(добровольно)	Ерікті жағдай (себепті)
4	Non – volitional Cause	Неволитивная причина	Еріксіз жағдай (себепті)
5	Volitional result	Волитивный результат	Ерікті нәтиже
6	Non – volitional result	Неволитивный результат	Еріксіз нәтиже
7	Otherwise (anti– conditional)	Альтернатива	Балама
8	Purpose	Цель	Мақсат
9	Solutionhood	Решение	Шешім

1	2	3	4
10	Unless	Отрицательное условие	Кері жағдай
11	Means	Средство	Әрекет құралы
Презентациялық (Presentational) байланыста			
12	Preparation	Подготовка сообщения	Кіріспе
13	Justify	Обоснование	Негіздеме; Аргумент
14	Enablement	Обеспечение возможности	Мүмкіндік беру
15	Motivation	Мотивация	Уәждеме
16	Background	Фон	Аялық фон
17	Concession	Уступка	Жол беру
18	Evidence	Свидетельство	Айғақ; Куәлік; Растау

Кесте 2

Себеп-салдарсыз бір ядролы (mononuclear) симметриялық (риторикалық) байланыс түрлері

№	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Объектілік/пропозициялық (Subject – matter) байланыстар			
1	Circumstance	Обстоятельство	Жағдай
2	Interpretation	Интерпретация	Интерпретация
3	Comparison	Сравнение	Салыстыру
4	Evaluation	Оценка	Бағалау
Презентациялық (Presentational) байланыстар			
5	Elaboration	Развитие Детализация	Даму, өсу, өркендеу, егжей – тегжейлі түсіндірме
6	Summary	Резюме	Түйіндеме
7	Restatement	Переформулировка	Қайта тұжырымдау
8	Antithesis	Антитезис	Антитеза

Зерттеушілердің айтуынша, кестелерде берілген әрбір риторикалық байланыс дискурс/мәтін құрылымындағы маңызды семантикалық, прагматикалық байланыстарды айқындайды [1, 245]. Авторлардың мұндай байланысты риторикалық байланыс деп атағаны да дәстүрлі риторика ұғымына, шешендік сөзге қатысы жоқ, осындай байланыстық негізге сүйенгендігінен туған сияқты. Олардың пайымдауынша, дискурс бірліктерінің әрқайсысы өз алдына жеке дара қолданылмайды. Олар сол дискурстағы басқа да бірліктермен бірін-бірі толықтырып, иерархиялық жүйені ұстана отырып, дискурс мақсатына жетуге қызмет етеді.

Риторикалық теория тұрғысынан риторикалық байланысқа түсетін дискурс бірліктері негізгі басыңқы элемент – ядро (Nucleus) және бағыныңқы элемент – сателлит (Satellite) рөлін атқарады. Риторикалық байланыстардың көп түрлерінде кездесетін ядро дискурс құрылымындағы маңызды бірлік, ал сателлит ядроның маңызын нақтылайтындықтан, адресанттың коммуникативтік мақсатына байланысты оған бағынады.

Кей жағдайларда адресат тарапынан ядро сателлиттің көмегінсіз интерпретациялануы мүмкін, ал сателлит кей жағдайларда өздігінен маңызды ақпаратты жеткізуге қабілеті болмауы да мүмкін. Сондықтан оның жоқ болуы немесе түсіп қалуы риторикалық байланысқа көп әсерін тигізбейді. Ал, ядроның дискурс құрылымында түсіп қалуы немесе жоқ болуы мәтін мазмұнының немесе риторикалық байланыстың өзгерісіне әкеп соқтырады [1, 257]. Мысалы, Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ, тек астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы мен тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды (Оралхан Бөкей, «Қайдасың, қасқа құлыным», 115-б.). Риторикалық құрылым теориясының заңдылығына сүйеніп, осы дискурсты 4 элементарлы дискурс бірлігіне бөлуге болады.

1а Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ,

1ә тек астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы мен

1б тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана

1в осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды.

Берілген мысалдағы дискурс бірліктерінің байланысына келетін болсақ: (1а) Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ – элементарлы дискурс бірлігі ядро ретінде өз алдына жеке

тұрып, өзінен кейін тұрған сателлиттерге тәуелділігі шамалы болып, аяқталған ойды білдіріп тұр. Ал, сателлит рөліндегі элементарлы бірліктер (1ә, 1б, 1в) ядросыз өз алдына жеке-жеке аяқталған мағына бере алмайды. Тіпті, осы 3 сателлит бірігіп, бір аяқталған ойды білдіреді деп айтуға да болмайды. Себебі, дискурсқа нақтылық үстеп тұрған тек, ғана шектік (тежеу) демеуліктері және мен шылауының әсері олардың белгілі бір ядроға тәуелді екендігін аңғартады.

Ал, ядро өз кезегінде кез-келген дискурстық бірліктермен байланысқа түсе алады, мысалы: 1) 1а+1б+1в – Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ, тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды бірліктері – Объективті риторикалық байланыстар (пропозициялық) дискурстың қарапайым бірліктерінің бірізділігін сипаттай отырып, шынайы уақытта болып жатқан оқиғаның, іс-әрекеттің бір-біріне байланыстылығын, бірізділігін сипаттайды. Дискурста ядро мен сателлит бірізділігінің қатаң ережесі жоқ, дегенмен әр дискурстық байланыс үшін тұрақты комбинациялар кездесіп қалатынын авторлар жоққа шығармайды; 2) 1а – Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ. Дискурстық бірліктегі тіс жарып үндегеніміз жоқ әркімнің өз еркімен орындалып отырғандықтан Себеп-салдарсыз бір ядролы симметриялық (риторикалық) байланыс, Ерікті жағдай-Волитивная причина-Volitional Cause риторикалық байланысқа жатады; 3) 1б+1в бірліктерінің (тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды) арасында Себеп-салдарсыз бір ядролы симметриялық (риторикалық) байланыс түрлерінің ішіндегі Салыстыру-Сравнение-Comparison, себебі, ат тұяғынан шыққан дыбысты өсекшіге теңейді.

Қорытындылай келе айтарымыз, риторикалық құрылым теориясын ғылым, саяси-қоғамдық-әлеуметтік, мәдениет, өнер саласындағы дискурстардың әртүрлі контекстегі түрлеріне қолдану тәжірибесінің вариативтілігі оның әмбебап теория енендігін тағы да дәлелдей түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Mann W., Matthiessen Ch. and Thompson S. Rhetorical Structure Theory and Text Analysis. // Discourse Description. – Amsterdam, 1992. – P. 39–78.
2. William Mann, and Sandra A. Thompson. Rhetorical structure theory: A theory of text organization. University of Southern California, 1987.
3. Литвиненко А.Л. Описание структуры дискурса в рамках Теории Риторической Структуры: Применение на русском материале. – http://www.dialog-2001.ru
4. Ссылка: https://www.zharar.com/kz/biography/1954-gabit.html
5. Ссылка: http://zhasorken.kz/ғабит-мүсіреповтің-«бары»-мен-«жоғы»

Медетбаев Т.
Филолия ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті
nur-ulan@ mail.ru

ХИСАС-УЛ ӘНБИЯ-СЫР БОЙЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Түйіндеме. *Мақалада Орта (XII-XIV) ғасырларда жазылған мұралармен қатар оның ішінде Н.Рабғузидің «Хисас-ул анбия» еңбегі әдеби мұра ретінде біздің жазба әдебиетіміздің қалыптасуына қосқан үлесі жан-жақты талданып, ғылыми деректердің негізінде жазылды.*

Резюме. *В статье написанные в средневековье (XII-XIV веках), наряду с литературным наследием нашей литературы, идёт вклад Н.Рабгузи «Хисас-ул анбия», которые записываются на основании данных научных трудов и формируются, анализируются всесторонне.*

Resume. *In the article written in the Middle Ages (the 12-14th centuries), along with the literary heritage of our literature there is N. Rabguzi's contribution "Hisas-ul anbiya", which are written on the basis of these scientific works and are formed, analyzed comprehensively.*

Қай халықтың болсын әдеби мұрасы сол халықтың тарихымен бірге туып, бірге қалыптасып, дамып отырады. Орта ғасыр заманында Батыс Түркістанда (Жетісу, Сырдария), Алтын Ордада және Орта Азия (Хорезм, Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Қоқан) аймағын жайлаған халықтардың түркі тілінде XII-XIVғғ. жазылып қалған әдеби жазба мұралары бар.

Солардың қатарында «Диуани Хикмет», «Мұқаддимат ал-адаб» («Әдебиетке кіріспе»), «Китаб тарджуман парси уа турки уа моғоли», («Парсы, түркі және монғол тілдерінің тәржімасы»), «Қисас-ул әнбия» («Пайғамбарлар тарихы»), қысқаша, «Қисас-и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») еңбектерін атай аламыз.

Рабғузи Насреддин Бурһанеддиннің баласы (т.ө.ж. белгісіз) – XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген жазушы, қазақ арасында көп тараған пайғамбар, әулиелер туралы хикая, аңыздар жинағының авторы.

Рабғузи есімі де әл-Фараби, Хорезми, Яссауи сияқты туған жеріне байланысты алған лақап аты. Ол XIII ғасырда өмір сүрген. Әкесі Бурһанеддин – Хорезм тұрғыны. «Қисас-ул анбия» немесе «Қисаси Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») атты бұл кітапты 1310 жылы (710 хижра) жаздым. Оны Насреддин Тоқбұға бектің құрметіне арнап жаздым. Оны жазған Рабат Оғыз қазысы Бурһанеддин ұлы Насреддин», – дейді автор. Өзі: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, Тәңірден тауфих тілеп, кітапты бастадым», – дегеніне қарағанда бұрын да білімділігімен танымал болған кісі сияқты. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген. Жергілікті түріктерден шыққан Н. Рабғузи Рабат қаласын мекен еткен. Оның оғыз (ғуз) [1,176 б.] тайпасының перзенті екенін өзінің есімі де айғақтап тұрғандай.

Тарихымыздан белгілі, 1220 жылы Шыңғысхан әскерлерінің басып кіруіне байланысты Хорезм мемлекеті ыдырап, ол Жошы ұлысының құрамына, кейіннен Алтын орда хандығына кірді [2,173 б.]. Шірік-Рабат (бұрынғы Рабат қаласы) қаласының қазіргі орны Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 300 шақырым жерде (Өзбекстанмен шекаралас) Қызылқұм шөлінде жатыр [3,40 б.].

Н.Рабғузи – жасынан арабша тәрбие алып, дін жолында қызмет жасап, қази болған кісі. Ол Адам ата, Хауа ана, пайғамбар-әулиелер туралы бұрын-соңды айтылып-жазылып келген аңыздарды жинап, парсы, араб діндарларының жазғандарын қайта өңдеп, осылардың негізінде «Хисаси Рабғузи» немесе «Қисас-ул әнбия» кітабын жазып қалдырған. Бірақ оның түпнұсқасы бізге жетпеген. Парсы тілінен түркі тіліне аударылған бұл қолжазбаның бірнеше көшірмелері бар.

Оның XV ғасырға жататын бір нұсқасы Лондондағы Британия музейінде, XVI ғасырлық бір көшірмесі Ленинградтағы СССР Ғылым Академиясының шығыс фондысында сақталған. Лондондық нұсқасын К.Гренбек 1948 жылы Копенгагенде бастырып шығарған.

1859 жылы белгілі түркітанушы Н.И. Ильминский императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітаптың толық мәтінін бастырып шығара отырып, көпшілікті әдеби мұраның мазмұнымен таныстыруды мақсат еткен. Кейбір мәліметтерге қарағанда Н.И.Ильминский екі түрлі қолжазбаны негізге алған болуы керек. Бұл жөнінде П.М. Мелиоранский былай дейді: «Шамасы

Н.И.Ильминский кейін Азия музейінде сақталған №336 қолжазбаны пайдаланған тәрізді және ол императорлық көпшілік кітапханасындағы Дорн каталогында тіркелген №7 қолжазбасымен де таныс болуы керек» [4, 279-280].

Түркітанушы ғалымдар «Рабғузи хиссаларының» көне нұсқаларын іздестірді. 1883 жылы Лондонға барған сапарында П.М. Мелиоранский Британия музейіндегі ең көне, толық қолжазбаны қарап шығып, одан көшіріп алған кейбір үзінділерін 1897 жылы жариялаған еді. Сонымен бірге Ленинград университетінің кітапханасындағы қолжазбалардың ішінен бұрын жарияланып үлгермеген, Лондон нұсқасының бірнеше үзіндісін С. Е. Малов тауып, оны жарыққа шығарады [5,507-525].

Содан кейін Н.И.Ильминский және С.Е.Малов баспасөз бетінде берілген шығарманың үзінділерін 1951 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап шығарған «Көне түркі жазба ескерткіштері» деген кітабына да енгізді. Бұл зерттеушілердің барлығын да «Рабғузи хиссаларының» әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихындағы орнын айқындауға үлес қосқан айрықша зерттеулер деп бағалауға болады.

Осы сала бойынша Өзбек ғалымдары да оның хиуалық бір нұсқасын тауып, оны XV-XVI ғғ. аралығына жатқызады. Ол нұсқа Өзбек Ғылым академиясы институтында сақталған.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Рабғузи қиссалары» бірінші рет Қазанда 1859 жылы Н.И.Ильминскийдің бастыруымен жарық көрген. Қиссаның бір нұсқасын 1859 жылы Рахматулла Әмірханұлы бастырып шығарған. Одан кейін де 1873, 1897, 1899, 1914 жылдары басылып шыққаны белгілі. Қазақ елі хиссаның осы Қазан баспасы шығарған нұсқасымен жақсы таныс болғанға ұқсайды [6].

Сол сияқты Ә.Әріпбайұлы да Н.Рабғузидің «Қисас-ул әнбиясының» үш жерде (Ташкент, 1904ж., Қазан, 1904ж., Қашқар ұйғыр баспасында, 1908 ж.) басылып шыққанын айтқан және сол үш баспадан шыққан кітапты салыстыра отырып жазған.

Бұл әдеби мұра қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енді. Ұсынылып отырған кітаптағы үзінділер «Рабғузи хиссаларының» 1914 жылғы Қазан баспасынан алынып жарияланған болатын.

Профессор Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың филология факультеттеріне арналған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) оқулығында әдеби мұраның жазылу тарихы мен әр түрлі көшірмелері жайында бірқатар мәліметтер берілген.

«Рабғузи қиссалары» туралы бұрынғы және кейінгі жазылған арнайы зерттеулерде бұл еңбек лингвистикалық тұрғыдан біршама талданғанымен, [7] әдеби сипаты жөнінде тек шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттелмеген.

Бірақ осы ретте профессор Б.Кенжебаевтың арнайы жазған мақаласының танымдық мәні зор болғандығын айта кету керек [8]. Онда ғалым әдеби мұраның 1914 жылғы Қазан баспасынан шыққан нұсқасы бойынша шығарманың сюжетін, құрылысын, басты ерекшеліктерін, кейбір жеке әңгімелерін талдай отырып, көптеген мысалдар келтіреді. Осы кезге дейін «діни шығарма» ретінде бағаланып келген бұл әдеби мұраны керексіз дүние санап жүрген кейбір сыңаржақ көзқарастарға қарсы нақты дәлелдер айтады. «Шаһнаманы» қазақша жырлаған Т.Ізтілеуов те Н.Рабғузи әңгімелерінің кейбір сюжеттерін өлеңге айналдырып, тәлім-тәрбиелік мәні зор әдеби мұра қалдырғанына көзіміз жетіп отыр. Соның ішінде шайырдың ерекше көңіл аударғаны Лұқман хәкімнің әңгімелері болды [9,114-117]. Рабғузи хикаяттарының біреуін (6-хикаят) жырау Р.Мәзғожаев 1946 жылы Сыр бойындағы халық аузынан жазып алып, оны Ғылым Академиясына тапсырған [10, 365].

1951 жылы С.Е. Малов: «Басқа көне түркі ескерткіштері сияқты бұл ескерткіштің де мән-мағынасын ашу, тарихи-әдеби жайын зерттеу жағы әлі басталған жоқ деуге болады» – деп жазған болатын [11,323].

Сонымен, бұл шығарма ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелмегендіктен, ол туралы үстірт пікірлер туындап, әр түрлі көзқарастар айтылып келеді. Бірі оны дүниәуи сипаты мол құнды мұра деп қараса, енді бірі қажеті шамалы діни кітап деп біледі.

«Рабғузи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыт-бағдары негізінен діни сипатта болғанымен, ондағы жекелеген әңгімелер мен оқиғалар көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті.

Біздің осы тарихи жәдігерге, сан ғасырлардан асып жеткен әдеби мұраға «өзінен бұрынғы озық ой-пікірлерге қосқан жаңалығы, сол тұстағы әдебиетті дамытуға азды-көпті үлесі қандай болды?» деп қарауымыз орынды. «Рабғузи қиссаларының» негізі шығыстық (Вавилон) араб, парсы арасында туып,

қалыптасқан. Кейін біздің жерімізге бірден-бірге ауысып, келіп жеткен сюжеттерден алынған аударма, әрі назиралық шығарма болып табылады. «Қиссалардағы» кейбір қалыптасқан сюжеттердің генезисі, дүниенің жаралуы, жерді «топан су қаптау» туралы аңызы және басқалары Вавилон мифологиясынан алынғандығы дәлелденіп отыр. Лондондағы Британия музейінің қызметкері, археолог Джордж Смит сына жазбаларының арасынан б.д.д. I мыңжылдықта жазылған «Энума Элиш» атты бір поэманы тауып, оны оқып шыққан. Сонда көктің, жердің, дүниенің алты күнде жаралуы, адамды да алтыншы күнде жаратуы, тағы да басқалары кейінгі діни кітаптардағы («Тәурат», «Інжіл», «Құран Кәрім») қалыптасқан сюжеттерге сәйкес келеді.

Рабғузи кітабында көне Вавилон мифологиясымен тамырласып жатқан көптеген қалыпты сюжеттер бар: дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы, Адам ата, Хауа ана, т.б.. Шумер тілінде «нин» – әйел, «ти» – қабырға сөзінің мағынасын білдіреді екен. Хауа анамыздың Құдайдың құдіретімен Адам атаның қабырғасынан жаралғаны туралы аңызды ескерсек, ақиқат шындыққа бір табан жақындағандай боламыз.

Бұл еңбекте «Топан су» аңызына біраз орын берілген. Жер жүзін топан су қаптар алдында Құдай Нұһқа кеме жаса деп бұйырады. «Нұһ кеме жасайды. Кемені үш қабат етіп, бірінші қабатта хайуанаттардың әр түрінен бір-бір жұп, екінші қабатында адам, үшінші қабатына құстың әр түрінен бір-бір жұп алады. Қырық күн, қырық түн жаңбыр жауады. Сел болып, жер бетін топан су қаптайды. Судың биіктігі қырық аршын болады. Ең биік деген таудың өзінің басынан асып кетеді. Дүниеде қыбырлаған жан, мақұлық қалмайды, барлығы суға кетеді». Алла тағала Нұһ пайғамбардың өтінішінен кейін дінге кірмегендерді жазалау үшін оларға топан су жіберген болатын.

Осындай нөсер, топан су туралы жазылған мәлімет шумерлердің клинопись жазу таңбаларынан табылған. Бір күні Джордж Смит таңбаларды реттеп отырып, оның бірнешеуінен «топан су» жайлы аңыздың үзіндісін оқыған. Д. Смит ашқан жаңалығын жеріне жеткізіп, анықтап шығу үшін Месопотамияға сапар шекті. Онда ол орасан зор қазба орнынан аңыздың қалған бөлігі жазылған таңбаларды тауып алған. Онда Нұһ Утнапиштим деп аталған [12, 27].

Ағылшын этнологы Дж. Фрезер Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Американдағы 130 тайпаның ішінде бұл туралы аңыз айтпайтын бірде-бір тайпаның жоқтығын атап өтеді [13, 114].

Ежелгі Мексиканың «Чемпалпопока» кодексінде былай делінген: «Аспан жерге төніп келді де, бір күннің ішінде бәрі опат болды. Тастар балқып, сақылдап қайнап, көкке қып-қызыл таулар көтерілді. Таулар да судың астына түсті» [14, 7-9].

Ал үндістердің киче тайпасынан шыққан абыздары «Пополь-Вух» кодексінде былай деп жазған: «Топан су қаптады... Жер бетін қараңғылық басып, қара жаңбыр жауды, күндіз де, түнде де нөсер... Адамдар жанталасып, бет-беттеріне қашты...» [15, 7-9]. Бұл апат бірқатар ғылыми материалдардың көрсетілуі бойынша, шамамен біздің жыл санауымыздан бұрынғы 11000 мыңыншы жылдарға сәйкес келеді [16, 34].

«Рабғузидің қиссалары» – Құран Кәрімде, ислами ұғымда «пайғамбар» деп есептелінетін тарихта болған адамдар жайында әңгімелер. Әңгімелердің арасында Құран қағидаларынан үзінді дәлелдер келтіріліп отырған. Әңгімелердің негізгі өзегі де сонда баяндалатын оқиғалардан алынған. Құранды көп жылдар бойы тексеріп, зерттеген арабист ғалымдар оны араб әдебиеті мен мәдениетінің, тарихының көне ескерткіші деп бағалайды. Белгілі зерттеуші И.Ю. Крачковский: «Құран –исламның ерте дәуірдегі тарихын бейнелейтін кітап, араб прозасының, әдеби тілінің негізі болған ірі ескерткіш. Құран – дүние жүзі әдебиетінің ескерткіші» [17, 660], – деп бағалаған.

Адамзат баласына Алла тарапынан көптеген кітаптар жіберілген. Солардың ішіндегі ең негізгілері төртеу: Дәуіт Әлейһиссаламға «Забур», Мұса Әлейһиссаламға «Тәурат», Иса Әлейһиссаламға «Інжіл», Мұхаммед с.ғ.с.-ға «Құран Кәрім» түсірілген. Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырылмас [18, 296], – деп дана Абай айтқандай, аталған кітаптардың барлығында Жаратушының бірлігі және барлығы, оның асқан құдірет иесі екені айтылады.

Жаратушы хақ тағала хабарын өзінің елшілері – пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Пайғамбарлар – Алла тағала тарапынан жіберілген елші, адамзатты адастырмайтын тура жолға бастаушы, надандық пен қараңғылықтан құтқарушы тарихи тұлғалар. Діни әдебиеттерде 124000 пайғамбар болды деп айтылады. Олардың әрқайсысының өзіне тән керемет қасиеттері болды. Өзі өмір сүрген қауым мен жұртын адастырмас ақ жолға бастап, ақиқат туын ұстаған мұндай тұлғалар туралы «Құран Кәрімде» де баяндалады. «Құран Кәрімде» 25 пайғамбардың аты аталып, олардың өмірі, қоғамдағы қызметі жайлы нақты мәлімет беріледі.

Қасиетті «Құран Кәрім» – адамзаттың баға жетпес рухани құндылығы. Аса қамқор, мейірімді Алла тарапынан жерге түсірілген бұл илаһи кітапта бүкіл адамзат баласын қараңғылық пен надандықтан құтқарушы рақымы етіп қана түсірген мүбәрак Мұхаммед с.ғ.с.-ның нұры жөнінде ашық айтылады. Жеті мыңжылжық сынақтан сүрінбей өткен әз нұр Аллаһтың рахметіне бөленіп, 18 мың ғаламның негізі болу құрметіне ие болған. Осыдан келіп Жаратушы хақ тағала Мұхаммед с.ғ.с.-ды ақырғы пайғамбар етіп, оған соңғы ескерту-сәлемі болған «Құран Кәрімді» жіберген.

Адамдардың өз ішінен шыққан, белгілі бір дәрежеде білімі мен сауаты жоқ, сонысына қарамай асқан білімдар, тұңғиық ғұлама, шексіз білім иесі болған Мұхаммед с.ғ.с. ілімі – мәңгілікке бастайтын сара жол.

Алла тағаланың тоқсан тоғыз сипаттарының бірі – әл-Әлим (ғылым) болса, Мұхаммед пайғамбардың «Ғылым дамығанда, ислам да дамиды» деген хадисі біздің заманымызда нақты шындыққа айналып отыр. Себебі, көзіміз көріп, көңіліміз сеніп жүрген небір ғылымның қол жеткізген жаңалықтары сол «Құран Кәрімде» әлдеқашан айтылып, ескертілген болатын.

Алла тағаланың Жебірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға түсірген қасиетті «Құран Кәрімі» – әлемнің баға жетпес қазынасы. Араб тілінде Алладан түскен «Құранды» көпшілік қарапайым халықтың бәрі оқып, біліп, түсіне алмайтын еді. Ал сол құдіретті Алланың сөзін Қ. Яссауи өзінің «Диуани хикметі» арқылы өзінше түркі тілінде жырлағандықтан, бұл еңбек ел алдында өтімді, әрі өзі де үлкен беделге _ие болды. Сондай халықтың аузынан түспейтін рухани еңбектің бірі – Н. Рабғузидің «Қисас-ул-әнбиясы». Түркі жұртының осы дінге ерекше бет бұруына осы кітаптың ықпалы зор болды десек, қателеспейміз.

Ислам шариғатын тани отырып, адам баласы өзінің бітім-болмысын, тағдыр-талайын жете түсінді. Адам атадан басталған пайғамбарлар көшіндегі ізгілік ізін бажайлай отырып, бұл тұлғалардың адамзат өркениетіндегі орны мен қадір-қасиетін еріксіз мойындайсың. Айталық, Адам ата күнәһар болып, жұмақтан қуылғаннан кейін жасаған тәубесі мен шүкіршілігі қабыл етіліп, Жаратушының мейіршапағатына ие болады. Соның нәтижесінде Адам ата ның тілегі қабыл болды, бүкіл адамзаттың атасы болды, руһтан нәжісті ажыратты, ілім-білім таратты. Сол сияқты әрбір пайғамбардың ешкімге ұқсамас ерекше қасиеті мен кереметін танытатын бұл шығарманы оқи отырып, олардың асқан көрегендігіне, мызғымас төзімділігіне, сұңғыла білімділігіне тәнті боласың. Өз қауымын Илаһи шындыққа иландыру үшін көрсеткен небір мұғжизаларын оқи отырып, еріксіз бас иесің.

Діни бағытта жазылған әдеби мұраның мақсаты ізгі, мұраты биік. Аса рақымды Жаратушының 18 мың ғаламды қалай және не үшін жаратқаны, мүбәрак нұр иесі Адам Атадан бастап, пайғамбарлардың сәруары атанған Хазіреті Мұхаммед с.ғ.с.-ға дейінгі аралықтағы көптеген пайғамбарлардың өз қауымы мен жұрты үшін атқарған игі істері жүйелі түрде тарқатылып, әсерлі баяндалып отырады. Шығармадағы әрбір хикая – әдеби көркем туынды. Оны оқи отырып, көкірек көзіңді ашар парасат айдынына кезіккендей боласың. Жай оқымайсың, зерделей түсіп, жоғалтқаныңды тапқандай боласың. Әсілі, фәни өмірдегі адам баласының асылындай бағалар, жалғанның жылтырағына алданып жүріп жоғалтар нәрсесі біреу-ақ. Ол – өзі, өзінің адамдық қалпы мен имани шындығы. Сол жоғалтқаныңызды тапқанда қандай сезімде болуыңыз мүмкін? Міне, сол асылды тапқандай болып отырған жайымыз бар. Халқымыздың сан ғасырлардан мұқалмай жеткен рухани інжу-маржаны – қолыңыздағы «Қисас-ул әнбия» секілді жәдігер ұрпақтан-ұрпаққа ауыса отырып, рухани дүниеміздің кем-кетігін бүтіндеп, ақыл-ой парасатының шырқау шыңына бастай берсін!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. А.,1987, 176 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1972, 173 б.
3. Қазақстан тарихы. А., 1994, 40 б.
4. Мелиоранский М.П. Сказание о пророке Салихе. (изд. Хисас-ул Энбия Рабгузи).-сборник статей учеников барона В.Р. Розена к дню дватцати пятилетия его лекций. СПБ, 1897.– С. 279-280.
5. Малов С.Е. Мусульманские сказания о пророках по Рабгузи. Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее. Том V. Ленинград. Изд. АН СССР. 1930. – С. 507-525.
6. Қисас-и Рабгузи. Қазан, 1985 ж.
7. Мирзакаримова Ульмас. Морфологические особенности «Кисаси Рабгузи». Ташкент, Автореф. канд. дисс.– 1969.

8. Кенжебаев Б. Қисас-ул әнбия // «Жұлдыз», 1968, №7.
9. ІзтілеуовТ. Назым. А.– 114-117 бб.
10. Мәзғожаев Р. Қазақ ертегілері. 3-том.– 365 бет.
11. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951.– С. 323.
12. Косидовский З. Библейские сказания. 1966.– С. 27.
13. И.Амборджа Донини. Люди, идолы и боги. М.,1962.– С. 114.
14. Горбовский А.А. Загадка древнейшей истории. М., 1971.– С. 7-9.
15. Сонда.
16. Косидовский З. Библейские сказания. М. 1966, С.34.
17. Коран. М., 1963.– С.660.
18. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. А.,1961, 296 б.

Nurbayeva A.M.
Senior lecturer, PhD
Abai Kazakh National Pedagogical University
nurbaeva.aida@bk.ru

Safronova L.V.
Doctor of Philology,
professor of Russian language and literature Department
Abai Kazakh National Pedagogical University
dinass2002@mail.ru

MEANS OF EXPRESSING THE EVALUATION IN ADVERTISING TEXTS

Түйін. *Бұл мақалада жарнама мәтіндерінде бағалау құралдарын қарастырады. Жарнама мәтінін жасай отырып, жарнама жөніндегі маман өз алдына міндет қояды – оқырманды әлеуметтік маңызы бар фактілер, оқиғалар мен шындық құбылыстары туралы ақпараттандыру ғана емес, сонымен қатар міндетті түрде хабарланатын адамға баға беру. Сол арқылы жарнама тілінің функционалдық-стильдік бірлігі жарнамалық мәтіндерде ақпараттық және бағалау элементтерін тұрақты түрде жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.*

Түйін сөздер: *білдіру құралдары, бағалау өрнектері, жарнамалық мәтін, бағалау типологиясы, ұран.*

Резюме. *В данной статье рассматриваются средства выражения оценки в рекламных текстах. Создавая рекламный текст, специалист по рекламе всегда ставит перед собой задачу – не только информировать читателя о социально значимых фактах, событиях и явлениях действительности, но и обязательно дать оценку сообщаемому. Тем самым функционально-стилевое единство языка рекламы обеспечивается постоянной реализацией в рекламных текстах информативных и оценочных элементов.*

Ключевые слова: *средства выражения, выражения оценки, рекламный текст, типология оценки, слоган.*

Summary: *In this article are considered means of expression of evaluation in the advertising text. Creating an advertising text, an advertising specialist always sets a task-not only to inform the reader about socially significant facts, events and phenomena of reality, but also to give an assessment of the reported. Thus, the functional and stylistic unity of the advertising language is ensured by the constant implementation of informative and evaluative elements in advertising texts.*

Keywords: *means of expression, evaluation expressions, advertising text, evaluation typology, slogan.*

Assessment, as a logical-philosophical category, was already expressed in the works of ancient thinkers, but still continues to be a source of interest and attention for scientific research. Thus, Aristotle, in his writings, examines the types of objects that receive an assessment qualification, and discusses the values of the estimated predicates B. Spinoza attached to them in his works, analyzing the estimates, using the notion of a standard. J. Locke is considered the founder of the hedonistic theory of good and evil, I. Kant is the preacher of utilitarian valuation theory, etc [1, 23].

The category of evaluation becomes the object of attention of linguistics in the 20th century. Particularly relevant from the second half of the 20th century as part of the general problem of meaning is the problem of evaluative meaning.

As in the logical-philosophical and linguistic sense, it is necessary to distinguish assessment in the broad and narrow sense of the word. In a broad sense, an assessment is a qualification that can be defined as the judgment of the knower about a subject, based on a comparison of a given subject with a chosen standard. Estimation in the broad sense is expressed in units objectifying “quantification”, “assessment of quantities”. Estimation in the narrow sense is connected with the sign “good / bad”, with the establishment of a value relationship between subject and object. [2, 41].

So, the assessment is a logical-semantic category, correlated with the axiological scale “good / bad”. In accordance with this, it is possible to define an assessment as a positive and negative characteristic of an item related to the recognition or non-recognition of its value from the position of certain value criteria. In the estimated value, two factors interact – objective and subjective. The descriptive side of the estimated value correlates with the objective principle of the display of reality, the estimated – with the subjective, which is why the latter is devoid of the character of objective truth. Evaluation is opposed to denotation on the principle of display of reality: if the descriptive content reflects the real, objectively existing world, then the estimated one is the relationship between the existing world and its idealized model [3, 31].

There are four main components of the estimated value: the subject, subject, character, basis, also include stereotypes, aspect, axiological predicate, evaluation classifiers, rating scale [4, 34]. The subject of evaluation is a person, a social group, a part of a society or a society as a whole, attributing value to an object by means of evaluation. “In my opinion, he is a good rider – the subject of the assessment of” I “, He is considered a good rider, the subject of assessment is the society”. Not only has the presence of the subject, but also its activity in the evaluation structure allowed us to speak about the subjective nature of the assessment. The definition of the subject is very important, because it is in relation to him that they speak about the truth of the evaluation.

Among the privately estimated values are three groups, which include seven digits.

The first group is sensory evaluations, which are divided into:

1) sensory – taste or hedonistic evaluations. They express only those impressions that arise in the mind of a person when something is perceived by the senses (pleasant – unpleasant, tasty – tasteless, beautiful – ugly). This is the most individualized type of assessment.

2) psychological evaluations that differ in:

– intellectual grades: smart, stupid, informative, boring;

– emotional scores: funny, funny, boring;

The second group – sublimated estimates, which are divided into:

aesthetic evaluations based on the synthesis of sensory and psychological assessments and denoting emotional and mental impressions from the perception of something: sympathetic, unsympathetic, terrible. ethical evaluations denote the reactions of our consciousness, based on socially determined ideas about moral norms, about good and evil: decent, indecent, decent, indecent.

The third group is rationalistic assessments related to the practical activities, interests and everyday experience of a person. The main categories are physical and mental benefits, focus on the achievement of a certain goal, the performance of a certain function, compliance with the established standard. Rationalist assessments include: utilitarian: practical, impractical, convenient, inconvenient;

regulatory: correct, correct, incorrect; teleological: effective, profitable, unsuitable.

Context is a powerful mechanism for the formation of the desired assessment in a neutral nomination. The assessment is not laid in this (main value) nomination, but in its verbal environment.

A quasi-synonymous situation is alignment in a single row of words that converge in meaning only within a specific context.

Quotations “taken out of context” make it possible to manipulate the public consciousness, since there may not be truth in them, but there is always plausibility.

Thus, the diversity of typologies of an assessment is determined by the possibility of choosing a trait that can be used as a fundamental one in the distributions of estimated predicates. As classification criteria as the nature or basis of assessment (rational / emotional); method of evaluation (absolute assessment, implying one evaluation object – She is a wonderful seamstress. comparative assessment when two objects are compared

– These shoes are worse than mine), the interaction of the subject of evaluation with its object (general / private assessment); axiological interpretation (positive / negative evaluations), etc.

Evaluation and emotiveness. Emotiveness is the semantic property immanently inherent in a language, expressing the system of its means of emotionality as a fact of the psyche, reflected in the semantics of language units, social and individual [5, 87].

Emotive categories and ratings are very related. Rational or intellectual – logical assessment is very rarely without emotional undertones. Emotional evaluation, on the contrary, is common, therefore its means of expression are much richer and more diverse. Human consciousness perceives reality in the unity and interaction of thoughts and feelings. An evaluation without emotion exists, and there is no emotion without evaluation. There are about 500 emotions, which are divided into positive and negative. Any emotional reaction is based on correlation with global assessment categories – good / bad.

Evaluation and modality. Assessment is traditionally regarded as one of the types of modality [6, 45]. It is sometimes called evaluation modality. The evaluative modality, expressing the attitude of the speaker to everything that is conceived as objective, regardless of the subject, should be distinguished from the objective-time modality, which is included in the descriptive plan of content.

Assessment is an essential attribute of any advertisement; it can be expressed by non-verbal means, for example, a mimic of a character in an advertisement or in a picture, with the help of musical accompaniment, color decision, but still the main means of transmitting an assessment is language.

It is generally typical of human psychology to evaluate everything, label and compare one with the other, this happens automatically: we compare the appearance, abilities, and fruits of our work with what we see in others. From the knowledge of this feature of human nature and advertising repels.

It is interesting to note the paradox of today's advertising and the state of the world: at a time when people can theoretically have everything they need, advertisers are forced to look for new ways, including due to high competition, fabrication of new needs, the overwhelming majority of the world's population do not have the opportunity to earn enough money to live with dignity, or, even in the rare case when they have these means, to purchase quality products. Also, in our age of high technology, science turns against man, excelling in economy on production technology, suppliers have already learned from the example of the king of the lunar industry from the well-known children's book "Dunno on the Moon" to make pastila of rubber and marmalade of plastic [6, 73].

Returning to the subject of our conversation, we recall that today the production of advertising is a developed device aimed at the production of new needs, on this basis it should be noted that the most popular qualities for the consumer are the degree of novelty, "fashion", modernity, "manufacturability". One of the most recently reproduced words that added to this list is the word "innovative."

Interestingly, in the advertising of foreign firms that are not aimed narrowly at the population of a particular country, this trend is almost not noticeable:

She only dreamed of. Today – has appeared! (Brothers sewing machine)

Slogans, in which the stated high goals of the company, as in the well-known phrases:

"We bring good things to life" (General Electric) sensory

"Change life for the better "(Philips); sensory

"Future finds reality." (Goldstar)

"Do you speak:"SIEMENS"!" [8, 66].

Estimation is expressed in the fact that knowledge of a trademark is equal to knowledge of a foreign language, and English is chosen specifically, this suggests the conclusion that, knowing this trademark, you seem to discover the whole world for yourself and become familiar with what is the benchmark of quality worldwide;

ELECTROLUX. Sweden knows very well how to control cold. Sensory-intellectual

SAMSUNG. The perfect technique for real life [9, 11].

ZASS heaters, like all German technology, are of high quality and long-term operation. Therefore, when you buy any ZASS heater, you get a two-year warranty on it...

Here, the evaluation is expressed directly: "they are distinguished by high quality and long-term exploitation" [10, 31]. Often in advertising slogans indicate the country – the manufacturer is known for the quality of manufactured equipment:

Not a speck of dust. Made in Japan. (Hitachi Vacuum Cleaners)

Pay attention – made in Germany! (Thomas vacuum cleaners)

Eurosoba. Reliable as a Swiss bank. (Eurosob washing machines)

This mention can emphasize not only the quality of equipment, but also its prestige; this can be traced in the line of slogans of the brand Indesit:

Indesıt. Made in Europe, washes in your home.

Indesıt. The choice of a new Europe. Rationalist-teleological

Elektrolux support their image as an image of the campaign, which is distinguished by the special professionalism and intellectual virtues of its employees in a series of slogans:

"Electrolux. Sweden. Made with the mind "

"Beam Electrolux. Built wisely. "(Series of built-in vacuum cleaners)

It is also an expression of evaluation:

Famıly. Affordable quality.

The slogan is more successful in this sense:

Sınger We are making the best available. (Since the first two examples indicate limited choices) Lg. [11, 66].The world is divided into people who use LG refrigerators and those who still do not know about them.

The assessment is manifested in the assurance of the unconditional superiority of this product over other brands. Rationalist normative. This advertisement is based on trust, and the recognition of the name of the company by the quality of the cars, which began to be produced much earlier than the sewing machines, and this is the basis of the entire rather large text of the advertising article[12, 23].

Of particular importance are those slogans, a significant part of the meaning of which are not expressed explicitly, but is implied and, therefore, completed by the reader himself. One of the most interesting rhetorical methods of this type is the reception of a conditional replica. [13, 29]. The term “conditional cue” means such a way to build a slogan, in which the phrase looks like it was torn out of a dialogue, sometimes as an answer to a question or a replica in a dispute. A similar example of an unsuccessful phrase change is the replacement of the slogan “It’s a Sony” (This is Sony) with the phrase “This is not a dream, this is Sony”. The expression of the first phrase is a feeling of pride for the brand, which arose due to the special construction of the phrase and intonation. By changing the phrase, advertisers made it more faded in an expressive attitude [14,44].

REFERENCES:

1. Pirogov Yu.K. Hidden and explicit comparisons // Advertising and life, 1998.
2. Pirogov Yu. K., Baranov A.N., Parshin P.B., etc. Advertising text: semiotics and linguistics. – M., 2000
3. Christmas Yu.V. General philology. – M., 1996.
4. Christmas Yu.V. Lectures on general linguistics. M .: 2000
5. Romanov, ETC. Theory and methods of creating commercial names and advertising texts. – Samara: Univers Group, 2008.
6. Romat E.V. Advertising. – SPb, 2001
7. Advertising: language, speech, communication: Proc. Manual / Ed. O.Y. Goikhman, V.M. Leichik. M .: INFRA-M, 2008
8. Sergeeva L.A. Categories of evaluation and aspects of its description // Studies on semantics: Semantic categories in the Russian language.- Ufa: BSU, 1996
9. Sternin, IA, problems of analyzing the structure of the meaning of a word. – Voronezh, 1979
10. Telia V.N. The connotative aspect of the semantics of language units. – M, 1986
11. Shakhovsky V.I. Types of values of emotional vocabulary // Questions of linguistics. – M, 1987
12. Сафронова Л.В. Когнитивно-дидактический механизм жанров слухов и сплетен (на материале произведений С. Довлатова) // Когнитивные стили коммуникации. Теории и прикладные модели. Доклады международной конференции. 20-25 сентября 2004, Крым, Партенит // Изд-во ТНУ им. В.И.Вернадского, Симферополь, 2004. – С.165-170.
13. Когнитивная поэтика: проблемы, опыт исследования. Науч. ред. А.Камаловой. Olsztyn, 2011. – 169 с.
14. Терентьева И.Б. Психологическое воздействие рекламы на человека. Сборник научных трудов: PR и СМИ в Казахстане. – Алматы: БАК менеджменті мен жанрама кафедрасы. Нур, 2003. – С. 77-83.

Нұрсұлтанқызы Ж.
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда Болашақ университеті
zhaznur@mail.ru

ТЫЙЫМ РЕТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КИНЕМАЛАР

Түйіндеме. *Қазақ халқына тән бейвербалды амалдардың танымдық мәнін анықтау арқылы ұлтымыздың дүниетанымын, мәдениетін, ой-санасын білуге болады. Бейвербалды амалдарды тек семантикалық аспектіде қарастыру олардың табиғатын тануда жеткіліксіз болуы мүмкін. Бейвербалды амалдардың мағынасын түсінуде олардың жасалуына негіз болатын уәждерді білу маңызды. Мақалада қазақ халқының танымында кездесетін тыйым ретінде қолданылатын кинемалар туралы сөз болады.*

Резюме. *В современном казахском языкознании особую актуальность приобретают паралингвистические исследования, изучающие вопросы неязыковой коммуникации, невербальные компоненты общения между людьми. Изучение невербальных средств тесно связано с изучением фоновых знаний, представляющих собой совокупность экстралингвистических компонентов значений слов языка, отражающих культуру, быт, историю, традиции и менталитет его носителей. В статье рассматриваются кинемы-запреты в казахском языке.*

Summary. *In modern Kazakh linguistics a special urgency gets para-linguistic researches, which studies questions of non-language communications, nonverbal components of dialogue between people. It is difficult to approve today, that the materials about nonverbal means in Kazakh linguistics, concepts, designated by them, national-cultural features, their communications with customs and traditions of Kazakh people are comprehensively investigated and systematized. The article discusses kinema-prohibitions in the Kazakh language.*

Кез келген халықтың бейвербалды амалдары екінші бір халықтың бейвербалды амалдарына ұқсауы да, араларында айырмашылықтар болуы да мүмкін. Бұл жөнінде Г.В.Колшанский: «Әр халықта кездесетін ым-ишаралар өз алдына бөлек мағыналарымен түсіндіріледі. Мысалы, орыс халқында бас шұлғу – мақұлдау белгісі болса, болгар ұлтында бұл кинема келіспеушілік белгісі»,- деп тұжырымдайды [1,67]. Мәселен, ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына айтып кеткен әрбір тыйымында терең мағына, мол тағылым жатыр. Қазақ халқында тізені құшақтау – жалғыз қалудың, бетін басу – жаман хабар естігеннің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі болып табылса, ал бұндай бейвербалды амалдар (тізені құшақтау, қолды төбеге қою, бетін басу т.б.) өзге халықтарда басқа мағына беруі де мүмкін. Сондықтан әрбір ұлт кинемасы этнос ерекшеліктерінің белгісі болып табылады.

Осы орайда қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші – бейвербалды амалдардың когнитивтік (танымдық) мәнін анықтау арқылы ұлтымыздың дүниетанымын, мәдениетін, ой-санасын саралап тани аламыз. Бейвербалды амалдарды тек қана семантикалық аспектіде қарастыру – олардың табиғатын ашып, тереңірек тануда жеткіліксіз болуы мүмкін. Сол себепті бейвербалды амалдарды танымдық қырын анықтауда олардың құрылымдық ерекшеліктерін қарастырудың да айрықша мәні бар. Бейвербалды амалдардың мағынасын түсінуде олардың жасалуына негіз болатын уәждерді білу маңызды. Бүкіл бір этностың дүниетанымдық көзқарасы мен дәстүрлі мәдениеті бейнеленген бейвербалды амалдардың танымдық табиғатын тану үшін оларға мағыналық, құрылымдық жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың мән-мағынасын терең түсіну кезінде сол бейнелі ұғым-түсініктерді көз алдымызға елестетуіміз керек. Мысалы, артынан топырақ шашу, бетін сипау, шашын жұлу, иіліп сәлем ету т.б. кинемаларды алып қарасақ, бұлардың бәрі де ұлттық негізде пайда болған. Сондықтан да олардың мән-мағынасына терең бойлап, толық түсіну үшін қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін жақсы білу керек. Шынында да, кез келген бейвербалды амалдардың мағынасын түсіну барысында комуниканттар арасында ол туралы ұғым болуы керек. Бұл, әсіресе, тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың мәнін ұғыну үшін қажет. Мысалы, бүйірді таянбайды. Себебі жақын адамы қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел қажығаннан бүйірін таянған. Бұл амал әйелдер мен қыздарға ғана тән. Ер адамдар бүйірін таянып жоқтамаған.

Жер таянып отырмайды. Жақынынан айырылған адам ғана жер таянады.

Қолды тарақтауға, артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл –қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым.

Таяққа сүйенуге, бүйіріңді таянуға болмайды. Ата-анасы, жақын туыстары өлген адам таяққа сүйеніп жылайтын болған немесе екі қолымен бүйірін таянып дауыстай жылаған. Мұндай себепсіз бүйір таяну, таяққа сүйену – сүйенішімнен айырылдым, жалғыз қалдым деген ұғым берген. Қазақ салтында ер адамдар ғана таяққа сүйеніп жоқтаған.

Қайғылы хабар алған адам жер таянып жоқтаған. Сол себептен жер таянып отыруға болмайды.

Киімді теріс киме. Ертеде кімде-кім үлкенге тіл тигізсе өте қатаң жазаланған. Оларды ауыл ақсақалдарының талқысына салып, мынадай үкім шығарған: өзінен үлкен кісіге (мейлі ер, мейлі әйел) тіл тигізген адамды қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне қара күйе жағып, киімін теріс айналдырып, ауылды теріс аралатқан, яғни ұялтқан. Масқаралап, бетіне түкіріп, рухани қатаң жазалаған.

Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі.

Қара жамылма. Қазақтың ежелгі салтында өлген ердің бір жыл бойы найзасы босағада қадаулы тұрады. Аты жал-құйрығы күйзеліп жылқыға жіберіледі, жұбайы шашын тарқатып, басына қара жамылып, күніне үш мезгіл жоқтау айтады. Марқұмның жылы болған соң атын сойып, найзасын сындырып, асын береді. Әйелінің басындағы қара жамылғы алынады. Бұл жөнінде Ы.Алтынсарин: «Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына қара жамылады» – дейді [2,169].

Тыйым атаулыны толық түсіну үшін оны мән-мағыналық ерекшеліктері бойынша саралап қарау қажет. Табудың шығуын, таралуын және түрлерін этнографиялық тұрғыдан бүкіл әлем деңгейінде зерттеушілердің бірі – ағылшындардың Эдуард Тэйлор бастаған антропологиялық мектебінің ірі өкілі Джеймс Фрезер болатын. Ғалымның он екі кітаптан тұратын «The golden bough» атты ірі ғылыми еңбегінің екінші дүние жүзі халықтарының мәдениетіндегі жалпы табу мәселесіне арналған. Онда Джеймс Фрезер тыйым атаулыны үлкен-үлкен төрт салаға топтастырады:

1) іс-әрекетке байланысты тыйымдар;

2) адамға қатысты тыйымдар;

3) заттарға қатысты тыйымдар;

4) тыйым салынған сөздер [3].

Түркі тектес қазақ, қырғыз т.б. халықтардың тыйымдары жөнінде кезінде Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Н.И.Ильминский сынды ғалымдар да азды-көпті өте құнды мәліметтер қалдырған. Қазақ халқының ескі нанымдарымен байланысты тыйымдар жөніндегі бағалы деректерді академик Ә.Марғұлан, Ә.Қайдаров, Х.Арғынбаев, А.Сейдімбек, Ә.Ахметов зерттеулерінен кездестіреміз. Белгілі қаламгер-ғалым А.Сейдімбек қазақтың дәстүрлі тыйымдарын үш топқа бөліп қарастырады:

1) адамға қатысты тыйымдар;

2) қоғамға қатысты тыйымдар;

3) табиғатқа қатысты тыйымдар [4,7].

Жиналған материалдар мен жазушының тілдік фактілері негізінде О.Бөкеев шығармаларында кездесетін тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар екіге бөлінді:

1) адамның іс-әрекетіне қатысты тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар;

2) қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар.

Жағыңды таянба.

Қазақ халқында адамның іс-әрекетіне қатысты тыйым-бейвербалды амалдың бірі.

Зарлық анасының өлімінде күйрей егіліп, лықсып келген өксікті баса алмай, үнсіз ұзақ жылады. Іші-бауыры қопарыла, солқ-солқ өксіп, екі жағын таянып ап, есіл ананың бәкизалы рухын аса ырза етті. Тіршіліктің дәм-тұзымен мәңгіге қоштасқанда артыңнан шынайы жоқтаушың табылғаны, қандай жақсы (О.Бөкеев. «Елең-алаң»).

О.Бөкеев осы бейвербалды амал арқылы қазадан қабырғасы қайысып, ішіне күйік түсіп, қылар дәрмені қалмаған жанның демеу етіп жағын таянған шерлі кейпінен анық елес береді. Осындай көрініс көрген жұрт жағын таянушының қайғыдан есеңгіреп, әбден жүдегенін айтпай-ақ түсінген. Міне, осыдан барып адамның жағын таянуы – қазақ халқында тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың бірі болып қалыптасқан.

Тізеңді құшақтама.

– Жыла, жыла, ей жесір! Көзіңе ақ түссін, білдің бе. Қан түкіріп, қан сорған заманда заты еркегінен айырылып, қу тізеңді құшақтап, қуарып -солған түріңді-ай (О.Бөкеев. «Айпара ана»).

Қандай жағдайда адам қу тізесін құшақтайды? Үмітпен өсірген ұлы, әлпештеп өсірген қызы шейіт болып, ұрпақсыз, тұлдыр қалған жан қу тізесін құшақтау арқылы өзінің ұрпақсыз қалғанын, «қу тіземнен басқа құшақтайтыным қалмады» дегенді сездірген. Мысалда үміт оты сөнген, сенері де, сүйенері де қалмаған жанның келешектен күдер үзгенін жазушы осы бейвербалды амал арқылы беріп отыр. Осы себептен тізені құшақтау – тыйым-бейвербалды амал болып саналады. Көне замандарда әйелі өлген кісіні тізесін құшақтатып, өлген әйелінің қасына отырғызып қоятыны белгілі. Тізені құшақтау, табанды тарту, бүйірді таяну сияқты тыйым-бейвербалды амалдар наным-сенім ғана емес, денсаулық тұрғысынан теріс бағаланады. Психолог ғалымдардың айтуынша, бұл кездегі қан айналымы, ішкі және сыртқы ортамен түрлі энергиялық алмасулар ырғағы бұзылатын көрінеді.

Бетіңді баспа.

Бетті басқан – жаман ырым. Негізінде қайғылы хабар алған адам ғана бетін басып, кеудеге тығылған өксікті сыртқа шығара алмай жан азабына түскен. Бетін басқан жанды көргенде, аяқ асты хабар естіп, жақынынан айырылғанын жөн сұрамай-ақ білген. О.Бөкеев шығармасынан алынған мына бір мысал ойымызға дәлел бола алады.

– Арғы бетке қашқан тап жауын бауыздап өлтіріп, астындағы бозжорға атын маған әкеліп берген еңбегін – айыбыңды жеңілдетеді. Шеткерек тұрған Гүлия «Ah» деп бетін басты. Қасындағы кейбір қазақтың танығандары мүсіркей қарап, кейбірі көңіл айтысып жатты (О.Бөкеев. «Өз отыңды өшірме»).

Жазушы жайшылық уақытта бетті басу жаман ырым екендігін, оның қандай жағдайлармен байланысты екендігін анық ашар сюжетпен көркемдеп, ұтымды суреттеген.

Шашыңды жұлма. Бетіңді тырнама. Шашыңды жайып жүрме.

Қазақ халқында «бетіңді тырнама», «шашыңды жұлма», «шашыңды жайып жүрме» деген тыйымдар бар. Бұл бейвербалды амалдар тек әйел қарым-қатынасындаа кездеседі. Қаралы, қайғылы, зарлы әйел ғана шашын жайып (кейде жұлып) жіберіп, екі бетін тырнап, қан жоса жасаған. Бұл бейвербалды амал дауыс қылу, жоқтау кезінде жасалады. Сондықтан қазақ шашты жұлу, бетті тырнау, шашты жаю үлкен қасіреттің белгісі деп білген. Қазақ әйелдері жоқтау айтқанда «басым қаралы, бетім жаралы» деген тіркесті жиі айтады. Бұл жөнінде Ы.Алтынсарин «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» атты еңбегінде: «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады; беттерін тырнап, қан қылады; бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі»- дейді [2,169]. О.Бөкеев осындай бейвербалды амалдар арқылы қазақ халқының әдеп-ғұрып ерекшеліктерін өз шығармаларына өзектендіре енгізіп отырған.

Қаншама қайрат көрсетіп ем-дом жасаса да, Нұраның баласын аман алып қала алмады, әбден суық тиіп, өкпесі қабынған сәби таңға жуық жан тәсілім берген. Тұлыпқа орап алдына өңгеріп ала жөнелген Көкеннің артынан шашын жұла тұра ұмтылған Нүркені Аналық әрең тоқтатып, белінен құшақтап айрылмай, құдайдың зорына алып қалып еді-ау (О.Бөкеев. «Атау-кере»).

Жатқан адамның басынан аттама.

Адамның басынан аттау – басынғанның, намысын таптағанның белгісі болып есептелінеді. Мысалы,

...Осы сәтті табандап аңдыған мен сарт еткізіп іштен шалдым да, өзім шалқалай аударғанда, ол гүрс етіп астыма түсіп қалғаны... Әбден ызам келсе керек ет қызуымен: «Күш менікі, сор сенікі!»,- деп басынан аттап кетіппін. Жұрт шу ете қалды. «Азаматымызды қорлап, басынан аттады, сүйегімізге таңба болды, ру намысына тиді, тұрысатын жерін айтсын»,- деп кіжінді (О.Бөкеев. «Бәрі де майдан»).

Табалдырықты баспа. Қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амал.

Табалдырықты басып, не ары жоқ, не бері жоқ сілейіп тұрған Таған самайынан құлаған тер тамшысын сұқ саусағымен сүрткілеп, не істерін білмей абдырады.

– Баспа табалдырықты, жаман ырым! Кір үйге,- деп еді, Таған қаттырақ басса, тақтай сынып кететіндей мысық табандап үйге кірді (О.Бөкеев. «Атау-кере»).

«Табалдырықты баспа» деген тыйым-бейвербалды амалдардың түп-төркіні қаншама ғасырлар бұрын өмір сүрген сақтардың әдет-ғұрпынан бастау алған. Ежелгі сақтар есік ашқан адамның табалдырықты басып, екі қолымен босағаны керіп тұрғанын көрсе, оның құн сұрап келгенін, яғни өлген

адамның құнын даулай келгенін айтпай-ақ түсінген. Ал табалдырықты басып, екі қолымен босағаны керіп тұруы – өлген адамның құнын төлемесең – босағаңды қиратып, шаңырағыңды ортасына түсіремін дегені. Табалдырықты, босағаны қасиетті деп санауы – ертедегі, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі адамның «өлу» туралы түсінігі болмаған. Сондықтан олар «талып жатыр, болмаса ұйықтап жатыр» деп ойлап, өлген адамдарды өздері тұрған үңгірлердің шығар есігінің босағасына, табалдырығына отырғызып кетіп жүрген. Кейін еті кетіп, сүйектері қалғанда сол жерге көметін болған. Мұны олар еттерін жинаған соң артымыздан еріп келуіне оңай болсын деген ниетпен жасаған. Келе-келе адамзат санасының өзгеруіне байланысты, табалдырық пен босағада ата-бабаларымыздың рухы қалды деген түсінік қалыптасты. Түркі қағандары, табалдырықты баспақ түгілі, оған аяғы тиіп кеткен адамға дүре соқтырып, жазаға тартқан. Жазушы бағзы заманнан өзек тартқан осындай бейвербалды амалдар арқылы оқырман қауым көкейіне тәлімгерлік ой тастап өткен.

Ауылға атпен шауып кірме, үйге жүгіріп кірме.

Ежелден келе жатқан салт бойынша, тек кісісі өлген үйге ғана шауып баруға болады. Ат қойып, бауырымдап жылау, үйге қарай шабу – қаралы күні жасалатын әдеттер. Сондай-ақ өлген адамның жылын бергенде де оның моласына ат қойып шауып баратын болған. Сол себептен ауылға атпен шауып келген шабарманды немесе жүгіріп келген адамды көрген жан жамандық болғанын сөзсіз түсінген. Егер сүйінші хабар болса, «сүйінші, сүйінші» деп айқайлап келу керек.

Түйетастан бері қарай салт атты құйындата шапқылап келеді. Әлгі жолаушы шапқылаған күйі маған қарай ентеледі. Не жақсылыққа, не жамандыққа жорыдым әйтеуір, тегін жүріс емес. Ат үстіндегі бала: -Алма тәте, Қарлығашқа қарағай түсіп өліпті!- дегені (О.Бөкеев. «Бәрі де майдан»).

Бұл мысалда О.Бөкеев ауылға қарай атпен шауып келу жаман хабардың белгісі екенін анық меңзеп отыр.

О.Бөкеевтің қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне тән бейвербалды амалдарды өз шығармаларында орынды қолданғанын жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады.

Үлкеннің жолын кеспе, бетіне тура қарама.

Қазақ халқының ата дәстүрінде жасы үлкендерге деген құрмет ерекше. Үлкендер отырған жерге кіші ұрпақ рұқсатсыз баса көктеп кірмеген. Ақсақалдардан, қариялардан бала-шаға, жасөспірім-жеткіншектер ешуақытта жоғары отырмаған. Қазақ келіндері үлкендердің жолын ешқашан кеспеген, бетіне тура қарамаған. Халқымыздың осы тәрізді әдет-ғұрыптарын алғаш зерттеушілердің бірі – академик В.В.Радлов былай деп жазды: «Прежде всего, от невесты требуется не задирать голову; молодой жене положено скромно опускать взор, потому что ей не разрешается смотреть прямо в лицо ни одному из старших родственников мужа. Она должна скромно уступить дорогу старшим родственникам и не смеет проити перед ними» [5,310].

Олар ақылды, үлкендердің алдынан көлденең кесіп өтпейтін ізгілікті, көреген жан болу керек дейтін (О.Бөкеев. «Мұзтау»). Немесе:

– Ата,- дедім мен иіле төмен қарап. (Қанша арып-шаршап қиындық көріп жүрсем де ол кісінің жүзіне тура қарамаған инабатты келіні едім ғой, қайтейін) (О.Бөкеев. «Бәрі де майдан»).

Бұндай бейвербалды амалдар (үлкен адамның алдынан кесе көлденең өтпеу, бетіне тура қарамау) ізеттіліктің, инабаттылықтың, сыйласымдылықтың шынайы белгісі. О.Бөкеев өз туындыларында бейвербалды амалдардың сан-салалы көріністерін қолдану арқылы қазақ келіндеріне тән инабаттылықты, әдептілікті көркем тілмен жетік бейнелеп, оқырманына ұсынған. Ғалым А.Қобланова өзінің «Тыйым сөздердің тағылымдық мәні» атты мақаласында қазақ келіндері өзін ата-енесінің алдында асқақ ұстамауына, бетін тура қаратпай бір қырындай, бір тізерлеп отыруына, төрге шықпауына, даусын көтеріп сөйлемеуіне, үлкендердің әңгімелеріне беталды араласпауына, оларға жол беріп, сәлем жасауына қарым-қатынас сөздерінің аса сыпайы түрлерін таңдауына қатты мән беретіндігін айтып кетеді [6].

Ата-бабаларымыз тіл қатпай-ақ, әр қилы дене қозғалысы, дене қалыбы, ишаралармен көп нәрсенің мән-жайын жеткізе білген. О.Бөкеев өз шығармаларында осындай тыйым-бейвербалды амалдарды кеңінен пайдалана отырып, шығармаларының әдеби құнын жоғары деңгейге жеткізген. Сонымен бірге тыйым-бейвербалды амалдармен арқылы жас ұрпақ, оқырман қауым санасына үлгі-өнеге, мол тәлім-тәрбие құюды көздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Колшанский Г.В. Паралингвистика. -М.: Наука, 1974. – 81 с.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. -Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
3. Фрэзер Дж. Дж. Золотая ветвь. Пер. с англ. яз. -М.: Изд-во политической литературы, 1980.-703 с.
4. Сейдімбек А. Тиым // Ана тілі, 1995. – 6-7 б.
5. Радлов В.В. Из Сибирии. Страницы дневника. -М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1989. – 749 с.
6. Қобланова А. Тыйым сөздердің тағылымдық мәні // Н.Сауранбаев тағылымы. -Алматы, 2001. -170-175 б.

Сүйеркұл Б.М.
ф.ғ.д.,
А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,
akbotakoz@mail.ru

Омарова А.Д.
магистрант,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,
awonai_jany@mail.ru

«ЖЕР» ЖӘНЕ «СУ» АРХЕТИПТЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАСАЛҒАН ҚОС СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме. *Тіл мен танымның сабақтастығына ерекше мән беріліп отырған қазіргі ғылымда тілдің дәстүрлі қызметтерінен (қарымқатынас, хабарлау және әсер ету) бөлек, кумулятивтік қызметіне айрықша назар аударылуда. Мұнда халқымыздың сан ғасырлық тарихында үлкен, маңызды орын алған ұғымдардың, алуан түрлі тілдік бірліктердің қалыптасуына негіз болып, тұрақты сипат алып, сөздік қорымызда нық орнығу сияқты мәселелерді зерделеу айрықша маңызға ие. Осымен байланысты, мақалада жер, су архетиптерінің қатысуымен жасалған қос сөздердің семантикалық ерекшеліктері қарастырылады.*

Тірек сөздер: *кумулятивтік қызмет, архетиптер, қос сөздер, семантикалық ерекшеліктер.*

Резюме. *Известно, что взаимосвязь между языком и познанием является самой основной проблемой науки на сегодняшний день, в связи с этим традиционные функции языка не имеют такой успех как кумулятивные функции. Здесь очень важно осмысливать такие вопросы как, влияние на формирование и твердое обоснование в словарном запасе языка понятий и разных языковых единиц, игравших важную и основную роль в многовековой историй народа. В связи с этим, в статье рассматриваются семантические особенности парных слов с архетипами «жер» и «су».*

Ключевые слова: *кумулятивные функций, архетипы, парные слова, семантические особенности.*

Summary. *It is known that the relationship between a language and knowledge is the most basic problem of science to date, therefore traditional functions of language do not have such success as cumulative functions. It is very important to understand such issues as the influence on formation and solid foundation in the vocabulary of language of concepts and different linguistic units that played an important and fundamental role in the centuries-old stories of people. In this connection, the article deals with semantic features of pair words with archetypes "zher" and "su".*

Key words: *cumulative functions, archetypes, pair words, semantic features.*

Қос сөздер – туыстас тілдердің бәрінде бар тілдік құбылыс. Қос сөздер ең көне Орхон жазба ескерткіштердің тілінде де болған. Содан бері қос сөздер түркі тілдердің бәрінің сөздік қорынан мол орын алып, тілде жиі қолданылатын лексикалық бірліктер қатарында келе жатыр. Сондықтан олар ғылымда әбден танылған,сөздіктерде өзіндік орны бар тілдік құбылысқа жатады. Қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады. Қос сөздер көптеген ғалымдардың назарын аударып, зерттеу еңбектерінің нысаны болды.

Мәселен, А. Есенғұлов көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздердің табиғатын көрсетіп, «Көне түркі жазба ескерткіштерінде қос сөздердің қосарлама түрі қолданылады да, қайталама қос сөздер кездеспейді» деп көрсетеді [1, 19-25].

Қос сөздердің морфологиясына қатысты мәселелер А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, Т. Қалабаева еңбектерінде сөз болды. Олар қос сөздердің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын, дұрыс жазылу жайын анықтап берді.

А. Байтұрсынов еңбегінде: «Қос сөз дегеніміз – қосарынан айталатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады. Біреуі нәрсенің көбін айтады, екіншілері айыра атайды. Алдыңғысы **жалпылағыш қос сөз** деп, соңғысы **жалқылағыш қос сөз** деп айтылады» дейді [2, 182].

А. Байтұрсынов қос сөздерді жалпы екіге бөліп қарастырса, белгілі тіл маманы Ж. Сауранбаев қазақ тіліндегі қос сөздерді бес топқа бөліп көрсетеді.

1. Мәндес қос сөздер

2. Қайшы мәндес қос сөздер

3.Сыңар мәндес қос сөздер

4. Қайталама қос сөздер

5. Қоспа буынды қос сөздер [3, 64].

Ә. Қайдаров Н. Сауранбаевтың қос сөздерге қатысты классификациясын қостай келе, қос сөздердің осы бес түрі барлық сөз таптарына да ортақ екенін, бірақ қос сөздердің қай- қайсысы да кемінде екі сөзден құралатындығын, оның әрбір сыңарының кейде толық мағыналы, кейде мағынасы жоқ сөз болатынын айтады.

Профессор Қ. Жұбанов «Түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады. Мұндай, қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз» дей келе, қос сөздерді мынадай бес топқа бөледі:

1.теңдес қосар

2.сөздес қосар

3.матаулы қосар

4.тіркеулі қосар

5.қосақты қосар [4, 173-176].

Т. Қалабаева «Қайталама қос сөздердің кейбір мәселелері» деген еңбегінде тілімізде қайталама қос сөздерге жатқызылып жүрген кейбір сөз тіркестері жөнінде профессор А. Ысқақовтың «Жалпы түсіну, талдау мәселелерін жеңілдету үшін, қос сөздерді ең әуелі қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деген үлкен екі топқа бөліп алғаны дұрыс» деп түйіндеген, ол бұл екі топқа қысқаша ғана мәлімет беріп өтеді дейді [9, 70-76].

Сонымен қатар, А. Ысқақов қосарлама қос сөздерді үш түрге бөледі. Біріншісі, екі компоненті де бірдей мағыналы қос сөздер, екінші түрі бір компоненті мағыналы, бір компоненті мағынасыз қос сөздер, ал үшінші түріне екі компоненті де мағынасыз қос сөздерді жатқызады [5, 115-117].

Морфемалық құрамы жағынан қос сөз сыңарлары аса күрделі болады. Мәселен, қосарлама қос сөз компоненттері сөздердің қосымшасыз қосарлануынан, қосымшалы -қосымшасыз сөздердің қосарлануынан, күрделі сөз бен жалаң сөздердің қосарлануынан жасалады.

«Қазақ грамматикасында» қос сөздер мынандай заңдылықтарға сай жасалатыны көрсетілген:

1. Қос сөздер сыңарлары кез келген сөздерден бола бермей, екі сыңары да бір сөз табынан болады.

2. Қос сөз сыңарлары мағыналас, синоним, антоним сөздерден жасалады.

3. Сыңарлары буын саны жағынан үндесіп келеді, яғни сингармонизм заңы сақталады [6, 256].

Қосарлама қос сөздер мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлінеді:

А) Мағыналы компоненттерден құралған қосарлама қос сөздер.

Ә) Мағынасыз компоненттерден құралған қосарлама қос сөздер.

Компоненттері мағыналы қосарлама қос сөздердің құрамындағы компоненттердің екеуінде де өзді-өзіне лайықты дербес мағыналар болады. Бірақ олар іштей мағыналары бір-біріне ұштас сыңарлардан құралған үш топқа бөлінеді.

Қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама сөз жинақтау, топтау ұғымын білдіреді. Ондай компоненттер біріне-бірі жетекші я көмекші бола алмайды.

Мәндес сыңарлардан (синониммдес) қосарланған қос сөздер мағыналары бір-біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымын білдіреді.

Бірақ қосарлама сөздердің бәрі де топтау, жинақтау ұғымын білдіргенімен, олардың әрқайсысының мағынасында компоненттердің ерекшеліктеріне қарай, өзіне тән әр алуан олардың ішінде бірінші сыңарлары түсініксіз қосарлама сөздер де (көр-жер), екі сыңары да бірдей түсініксіз сөздер де бар. Бұл топқа тән түсініксіз сыңарлардың кейбіреулерінде тіпті ешқандай да мағына жоқ болса, кейбіреуінде әлдеқайда күңгірт, я кейде азды-көпті аңғарарлықтай мағына бары сезіліп тұрады. Олардың сыңарларының бірде-бірінде жеке тұрғанда ешқандай мағына болмайды.

Ұштас мәнді сыңарлардан қосарланған сөздер бір-біріне өзара құрамдас, ұқсас ұғымдарды білдіретін дара сөздерден құралады. Бұл сөздер де тым жалпыланған аса жинақталғыш ұғымдарды білдіреді. Мысалы, ыдыс-аяқ. Қос сөздердің бұл түрінде де әр қилы стилистикалық реңк, эмоциялық әсер жасайтын қабілеттер болады.

Компоненттері мағынасыз қосарлама қос сөздер сыңарларының не біреуі, не екеуі де жеке дара қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз немесе некен-саяқтап қана қолданылатын құрамдарынан жасалатын қосарлама сөздер екі түрлі болады: бірінші түрі бір сыңарлы ғана түсініксіз сөздер, екіншісі екі сыңары да түсініксіз сөздер.

Зат есімдердің қосарлануы өте ерте заманнан басталғандықтан, тілдің дамуы барысында сыңарлары әртүрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Жалпы, қосарлы зат есімдердің, көбінесе, екінші сыңарының мағынасы күңгірттенген, себебі, бірінші мағынасы басым, тілде көп қолданылатын сөздер айтылады, екінші болып қазақ тілінің төл сөздік қорындағы, алғашқысынан гөрі мағынасы тарлау, сирегірек қолданылатын немесе басқа тілдерден енген синонимдес сөздер тұрады. Екінші сыңарының мағынасы күңгірттенген қосарлама зат есімдердің көпшілігі, ассонанс, аллитерацияға, буын саны мен түрінің үйлесуіне негізделген және бір сыңарының немесе екі сыңарының да мағынасы күңгірттенген қосарлама зат есімдердің орындары өте тұрақты. Олардың орнын ауыстырып айтуға болмайды.

Қос сөздердің бірінші болып мағынасы басым немесе үлкен көлемді, бүтінді білдіретін сыңарларының айтылуы оларды күрделі сөздерден ажырататын белгісі болып табылады. Қос сөздерді тіліміздің ежелгі күй қалпынан хабар беретін категория деп санауға болады. Оның мағыналық топтары әр алуан. Сондықтан олардың ана тіліміздің сөздік қорынан алатын орны да ерекше. Ол ерекшелікті қос сөздердің сандық та, сапалық та сипатынан байқауға болады [7, 118-119],

Академик Ә. Қайдардың «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» еңбегінде қазақ тілінен жиналған 2205 қосарлама қос сөз бен 1998 қайталама қос сөз енгізілген [8]. Олардың басым бөлігінің мағынасы ашылып көрсетілген. Біз қазақ тіліндегі бір сыңары жер, су архетиптерімен жасалған қос сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Архетип – әрбір заттың, болмыстың алғашқы үлгісі, түпнегізінің көрінісі. «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» оған: «Архетип (грек. Archetypton — көне тұлға, прототип) – тарихи-салыстырмалы тіл білімінде туысқан тілдердегі заңдылықтарға сәйкес қайта құрылатын, кейінгі дамыған сөздердің бастапқы түбірі болатын тіл тұлғасы», ал «Философиялық сөздікте»: «Архетип (гректің arche – бастау және typos – пішін, үлгі) – бертінгі антикалық философиядағы түпкі бейне, идея» деген анықтама берілген.

Тіл білімінде бұл бірегей құбылысқа назар аударылып, әртүрлі деңгейде зерттеулер жүргізген ғалымдар көп емес. Мәселен, К. Юнг архетипті аналитикалық психологияда «ұжымдық бейсаналық» ретінде қарастырады. К. Юнг архетиптердің өзіне ғана тән айрықша қозғаушы энергиясы барын, архетиптер тұтас халық пен тарихи дәуірге әсер ететін мифтер, діндер және философияны тудыратынын айтады [9, 95].

Ал Н.С. Южалина әмбебап және этникалық архетиптерді атап көрсеткен. Оның пікірінше, архетиптің бұл түрлері этникалық топтың дүниетанымын, ұлттық мінез-құлқын, тарихын, шығармашылығын т.б. ерекшеліктерін көрсетеді [10, 59-60].

Қазақ тілінен жиналған қос сөздердің ішінде топырақ архетипінің қатысуымен жасалған қос сөздер ерекше маңызға ие. Себебі, аталмыш архетиптің ең мазмұны бай, мағынасы алуан түрлі бір көрінісі – жер. Бір байқағанымыз, архетиптермен келген қос сөздердің көбісі – екі сыңары да мағыналы болып келетін қос сөздер.

Жер – 1. Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы үшінші ғаламшары; 2. Сол ғаламшардың үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы, құрлық; 3. Бір елдің, облыстың, ауданның, ұжымшардың пайдаланатын меншікті жері, территориясы; 4. Қоғамдық байлықтың аса маңызды бөлігі, мемлекет тәуелсіздігінің негізі; 5. Мекен-жай, орын [13, 341-342].

Жер-ана зат. тіршілік көзі, өмір негізі. Жаралғалы жер-ана зыр айналып ғаламды. Арқасына қондырып, аялаған адамды (А. Асылбеков, Көкорай). Мағыналы компоненттерден құралған қосарлама қос сөз. Ұштас мәнді сыңарлардан қосарланған [13, 361].

Адам (с.а.с.) жаратылған топырақ жердің беткі қабатынан алынғандықтан «Ә′дәм» (жер қабығынан алынған) деп аталған. Бұл сөз тіліміздің өзіндік заңдылығына сай өзгеріп, «Адам» түрінде қолданысқа енген. Нұх сүресінің 17-18 аяттарында: «Алла сендерді жерден жаратты. Сосын сендерді (қайтыс болғандарыңда) оған (Жерге) қайтарады, (сөйтіп, қиямет күні) сендерді қайта шығарады» делінген. Осылайша, адамзаттың бүкіл өмірі осы Жер мен оның топырағына байланысты екен.

Қазақ танымындағы «Жер – Ана» тіркесінің түпкі мәні осы адамзаттың жаратылысымен байланысты, яғни адам Жерден алынған топырақтан жаралды, кейін де ол бүкіл тұрмыс-тіршілігін топырақтан

нәр алу арқылы жалғастырады, ал уақыты келіп, көз жұмғанда қара жердің қойнына беріледі. Мұны тіліміздегі «тал бесіктен жер бесікке дейінгі» кезең ретінде таңбаланған өмір мағынасынан көреміз.

Қазақ ұғымында «тал бесікті» (нәрестені ұйықтату//бөлеу үшін талдан иіп жасалған ағаш төсек) бір қолымен тербететін Ана екінші қолымен «бүкіл әлемді тербететіні» белгілі. Ал қайтыс болып, «жер бесікке бөленген» кісіні де Жер Ана «мәңгі тербететіні» (Жер ғаламшарының үнемі айналып тұруы, қозғалыста болуы) аян. Бұл жердегі сабақтас, өзара ұқсас ұғымдар «тал бесік//жер бесік», «уақытша ұйқы (көзін демалу үшін жұму//көз шырымын алу, көз ілу)//мәңгі ұйқыға кету», «тербелу, тербету, бірқалыпты, айналу, қозғалу» және «Әйел Ана» мен «Жер Ана»!

Түркі халықтары «құрсағында нәрестесі бар» әйелді «жүкті /йүклі/ әйел» десе, Құран кәрімде «сол кезде Жер өзінің ауыр жүгінен құтылады, (қойнауындағының) бәрін сыртқа шығаратындығы» айтылған. Яғни заман ақыр болғанда әлімсақтан бері жер қойнына берілген бүкіл тіршілік иелері (Адамзат баласы!) есеп беру үшін жер бетіне шығарылмақ!

Жер-әлем зат. Бүкіл дүниежүзі. Биікке шықсаң жер-әлем осылай көрінеді екен ғой,- деді ол (Ш.Мұртаза, Мылтықсыз). Әлем немесе Ғалам – алуан түрлі формада болатын әрі ұдайы өзгеріп отыратын, кеңістік пен уақыт бойынша шеті де, шегі де жоқ бүкіл дүние [13, 361].

Мағыналы компоненттерден құралған, жер деген сөзді әлем деген сөз толықтырып, жалпылық мағынасын, кең мағынаны үстеп тұр.

Жер-әлемге сыймады. Байыз таппады, мазасызданды. Яғни, бүкіл дүние жүзіне сыймады, соншалықты қатты мазасы қашты деген мағынада [13,362].

Жер-әмір зат. Жер-әлем. Сол екі аралықтағы үнмен шырқағанда күштілігі мына күркенің ішіне сыймай, жер-әмірге жетіп жатқан сияқты (С. Мұқанов, Өмір өзегі).

Әмір сөзінің бірнеше мағынасы бар:

Әмір – Қосдәулет құмының солт.-шығысындағы қыстау. Атырау облысы Исатай ауданында. Маңайында Үшкемпір, Сұлтанбек, Тілеп құдықтары орналасқан. Құмдақты қоңыр топырағында жусан, әр түрлі жұлдызшөптер өседі.

Әмір (атақ) - шығыс елдеріндегі әскербасылық атақ. Араб тілінен енген бұл әскери дәреже түркі тіліндегі «бек» дәрежесімен сәйкес. [1]

Әмір Темір - тарихи тұлға

Әмір, қолбасшы

Әмір-Әль-бахр – теңіз әмірішісі (адмирал).

Екі компонентінің де мағынасы түсінікті. Яғни, жер жүзіне әмірлік ету деген сөздің ауыспалы мағынасында бүкіл дүние жүзі деген мағынада қолданылады [12,26].

Жер-дүние зат. Жер бетін, жер жүзін түгел қамтитын барша әлем (аспан, ғарыш, жер су, тау дала т.т). Күн батар алдында жаяу борасын үдеп, жер-дүние қарауытып түнере бастады (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер») [13, 364].

Дүние – өмір, тіршілік. Жер мен дүние лексемаларының қосылуы арқылы «барша тіршілік» деген мағына пайда болған.

Жер-жаһан бүкіл әлем, жержүзі. Жер-жаһанды түгел сатырлатып келе жатқан жойқын дүлей (Ә. Кекілбаев «Үркер»)[13, 364].

Жаһан – бүкіл әлем, жержүзі.

Жер- жебір жер-жебіріне жетті: А) сөзбен сөкті, қатты тілдеді, ұрысты.

Ә) әбден қажытты, титығына жетті.

Жер-жебіріне жетіп, тәубеге адам жоқ болған соң, күпір ойға бара береді де (О. Бөкей «Атау Кере») [13, 365].

Жебір – 1. Мал азығында ас тұзы, витаминдер жетіспеуінен болатын ауру, індет. Жебірге шалдыққан малдың ішек қарны, ұлтабары қабынуы, қышыма ауруына шалдығуы мүмкін (ҚСЭ).

2. Не болса соны талғамай жейтін, жемқор; жұтқыш. Жебір түйе жабуын жер (мақал).

3. Ауыс. Парақор, дүниеқор, озбыр. Жебір сұлтан, сен білмейсің, Мен бір аққау туған бөрімін, Көп екен деп саған иек сүйемен, Несібемді бір тәңірден көрермін (Ер Тарғын).

«Жебір» сөзінің өзі көріп отырғанымыздай, жағымсыз, теріс, ұнамсыз мағынада ғана жұмсалатын сөз екен. «Індет», «жемқор», «парақор» сөздерінің баламасы ретінде қолданылуы соның дәлелі. Жер деген сөзге жебір сөзін қосу арқылы қос сөздің тууы жебір сөзінің жерге негативті реңк үстеп тұрғанын көрсетеді. Сол арқылы біреуге қатты ұрысу, сөгу мағыналары пайда болған [13, 256].

Жер- жерге үст. Әр жаққа, жан-жаққа. Басылып шыққан оқу кітаптары болсын, ойын, өлең кітаптары болсын, жер-жерге әлі тарап үлгірген жоқ (С. Сейфуллин, Шығ.) [13, 365].

Жер-жерде үст. Әр жерде, жан-жақта. Жер-жерде, жекен суда дегендейін Біздің ел мал бақтырды жығақ қылдай. Ау, қазиым, қияметтен Құдай білер, Сираттан айдағанда жалғыз Құдай (Кердері Әбубәкір, Қазағым) [13,365].

Жер-жерден үст. Әр жерден, жан-жақтан. Шведагонға осындай бұйымтаймен жер-жерден келетіндер көп болатын көрінеді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай) [13,365].

Аталмыш үш қос сөз қайталама қос сөздің екінші сыңарына қосымша жалғану арқылы жасалған. Барыс, жатыс, шығыс септіктерінде тұру арқылы әр жер, әр жақ мағынасын түрлендіріп тұр.

Жер-жиһан зат. Жержүзі, бар әлем, жер-жаһан. Жер-жиһанды жайпап келе жатқан қалың қол қалт тұра қалды (ҚТТС) [13,365].

Жиһан – бүкіл дүниежүзі, әлем.

Жер-көк – жер де, көк те бәрі, бүкіл әлем. Оңнан, солдан жиналған кісілердің алдында Ебейсін Құдаймендені жер-көкке сығызбай мақтады (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»). Мағыналы, антонимдес компоненттерден құралған қос сөз. Екі компонент бір-бірін толықтырып тұр [13, 367].

Әртүрлі екі лексемадан жасалған, яғни қосарлама зат есімдерге қосымша тек екінші сыңарына ғана жалғанады. Мысалы, Жер- көкке сыйғызбады – тым асыра мақтады, шектен тыс мадақтау. Кеше ғана жер-көкке сыйғызбай шалқытқан қуанышын ертесі алдамшы болып шықса, онда, тегі қуаныш не керек? (Б. Нұржекеев, Бір өкініш.).

Жер-көкте жоқ жұрттан бөлек, еш жерде кездеспейтін. Бұл үйді бәйбішесі жер-көкте жоқ сараң еді, етті қонақтан өлердей қызғанып қалды (І. Жансүгіров, Шығ.).

Жер-көкті басына көтерді қатты дүрліктірді. Сағила екеуің қосылып жер-көкті бастарыңа көтеретіндерің қайда? (М. Дулатов, Шығ.).

Жер-көкті шарлады көп жерді аралады. Қарғалар жер-көкті қоймай шарлап, ақыры өлдім талдым дегенде бір жерден адам тірілетін шөпті тауып алып, қасқырға алып кеп береді (Қаз. Ертег.).

Жер-су жер,өзен,көл бәрі. Сонда жас қойшылар көнекөз қариялардан көш жолында кездесетін жер-су аттарын сұрайды (А. Сейдімбеков «Күңгір күңгір күмбездер») [13, 371].

Аталмыш қос сөздің тамыры тым тереңде жатыр. Мұның айқын дәлелі Орхон-Енисей ескерткіштер тіліндегі жер-су қос сөзінің көптеп кездесуі.Ескерткіштер тілінде көрініс тапқан көне түркілер дүниетанымының ерекше қырларының бірі – жер-суды қадірлеу: «Көкте түркі Тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін». Ескерткіштер тіліндегі жер-су тіркесі мәнмәтінде, сөйлемде, негізінен, Тәңірі, Көк лексемаларымен бірге қолданылады. Бұл жер-су ұғымының сакральді мәнін қоюлата түседі және діни-мифологиялық концептінің үш бірдей тірек репрезентанттарының қолданылуы түркілік дүниетанымынның сипатын айшықтай түседі. Көне түркілер танымында адамзаттың саналы тіршілік иесі ретінде пайда болуына Көктен Тәңірі жіберген жан негіз болса, оның тәнінің қалыптасуына Жер ықпал етіп, өсіп-өркендеуіне Су жағдай жасайды деген сенім қалыптасқан. Сондықтан жер мен суды қос сөз түрінде қатар қолданып «түркілердің қасиетті атамекені» ретінде қастарлеген. Адамзат жер ғаламшарында тіршілік ететіндіктен, жерсіз өмір жоқ, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар жердің жарылып, опырылып түсуі адам баласына қауіп төндіреді. Күлтегін ескерткішіндегі «Үстіңнен Тәңірі баспаса, астыңда жер тілінбесе /айрылмаса/, түркі халқының ел-жұртын кім құртады?!» мәнмәтініндегі «жер тілінбесе» тіркесінен түркілер танымындағы шынайылықты көреміз. Зерттеушілер ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын «ыдук//қасиетті» лексемасының қазақ тіліндегі «ұйық» сөзімен төркіндес екенін айтады. Көне түркілердің дүниетанымындағы «Ыдуқ йер-суб (Қасиетті жер-су)» ұғымы қазақ тіліндегі Туған жер, Отан және белгілі бір шекарасы бар мемлекеттік территория ұғымдарының баламасы ретінде танылғанын ескерткіштер тіліндегі деректер толық дәйектейді. Көне түркілердің Жер туралы аялық білімі – тылсым құбылыстардың құпиясын білуге ұмтылу, қатал табиғи құбылыстарға бейімделу, жер бетіндегі адам өмірін мүмкіндігінше жеңілдету позицияларымен қатар отаншылдық, елдік, туған жердің қадір-қасиетін бағалау, туған халқын сүю, түркілердің мүддесіне сай әрекет ету, түркілердің ұрпағы болып жаратылғанын мақтаныш ету сияқты түркілік патриотизм идеяларымен сабақтаса отырып жинақталғанын аңғаруға болады [11,24-28].

Топырақ-сопырақ зат.сөйл. топырақ және сол сияқты заттар. Негізінде, бұл жердегі «топырақ» сыңар жұмсалуға тиіс сөз. Алайда тіл ұстанушы ауызекі сөйлеу нормасына сәйкес негізгі зат немесе

ұғым атауының алғашқы дыбысын басқа дыбыспен алмастыру арқылы місіркеу, жалпылау, топтау мәнді үстеген [14,289].

Жер- жерінде, жекен суында – айтылмай жасырынып тұрған ой: жердің де жері бар, сол жерде ғана өсіп өнуге болады; «жекен шөбі суда ғана өсіп өнеді». Әр нәрсенің өз жерінде ғана қадірі бар деген мағынада.

Жекен – зат. өс. сазды, батпақты жерде өсетін көпжылдық өсімдік. Жел түбі азық, жекен түбі қазық (Мақал).

Су архетипімен келген мынадай қос сөздерге талдау жасадық:

Ас-су – ішіп жейтін қоюлы, сұйықты тамақ, дәм. Ас-суда жұмысы болмасын! Бар, ісіңді қыл! Деп бетін қайырып тастады (Ж. Аймауытов, Шығ.)

Көл – айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен су айдыны.

Көл-көсір – сын. өте көп, ағыл тегіл, мол. Бәрі де таныс маған жер бетінің, Бәрімен бір бесікте тербетілдім. Көрдім мен ақ аспанда мамық ұшып, Көл-көсір ақ жауынның селдетуін (М.Мақатаев, Шығ.) [15, 271].

Арық-арна – суы мол өлкелерде суды дұрыс пайдалану үшін егістік арналарын өзара жалғастыру үшін жасалған арналар мен қазылған канал, арықтар жүйесі. Осылайша тағы да бірнеше арық-арна, шұқанақтардан ырғытып өтті ол (Б. Соқпақпаев, Алыс.ауыл) [16,681].

Арық – суландыру жүйесіндегі өзен арнасынан не бөгеннен тартылған су жолы.

Арна – өзен аңғарының су ағып жататын терең өзегі.

Су-сөл диал. лай, батпақ, жауын- шашынды.

Сөл – өсімдікте болатын шырын. Сөл де судың бір көрінісі. Жауын-шашынды, батпақты деген мағынаға су лексемасына басқа емес, дәл осы сөл сөзінің қосарлануы өте қызық секілді.

Ассыз-сусыз – ішіп жейтіні жоқ, азық- түліктен мақұрым. «Әлден жаурап бара жатқан түрі мынау... **ассыз- сусыз** әмірегеп кісілер қиян қашыққа қалай жетеді (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»).

Балдыр-батпақ а)түбінде балдыры мен батпағы араласып, қоймалжың болып жатқан шалшық су; ә)ауыс. Адам түсінігіне сыймайтын, жаңылыстыратын былық. сын. Жүйесіз, ретсіз, жеңіл-желпі, түсініксіз (сөз, ой). Мұқаш бүктеулі қамшысын сермеп, балдыр -батпақ тілмен Балташтың қызмет бермегенін сөйледі (Ж. Аймауытов, Шығ).

Балдыр – төменгі сатыдағы өсімдіктер қатарына жататын су астындағы топырақтың беткі қабатында өсетін жұмсақ шөп.

Балдыр – Былдырлаған, түсініксіз. Кішкентай Зиядашының балдыр бал тілі де онша еліктірмейтін боп жүр өзін (Ш. Құмарова, Қос шынар).

Балдыр лексемасының өзі жеке тұрып та ауыспалы мағынада, яғни «түсініксіз» мағынасында жұмсалады, ал батпақ сөзімен қосарлану арқылы «түсініксіз» деген сөздің мағынасына экспрессивті реңк беріп тұр.

Дария-көл – жер бетіндегі су бұлақтардың жинақталып келіп, бір арнаға құйылған, бір сайға тоғысқан, яғни дария, көл болып ағып, толастаған көрінісі. Өзен бөгелген жерде шалқыған дария-көл пайда болған (І. Есенберлин «Алтын құс») [17, 594].

Дария – суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз.

Су-су – жүректің бір нәрседен қорқып, суылдай беруін бейнелейтін еліктеуіш: қайта-қайта суылдап зуылдап тез өтіп жатқан заттың дыбысын бейнелеу. Желмен толқып су-су етпейді, қар сызып, жүрісін одан сайын тежейтін сүйреткіге айналды (М. Мағауин. Таңд.шығ.).

Кейде «өте қатты суланған» мағынасында да жұмсалады. Тізесінен асыра қайырып қойған балағы су-су (Ә.Кекілбаев «Бір уыс топырақ»).

Зат есімнен сын есім тудырушы **-лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті** жұрнақтары қосарлама сын есімдердің жасалуында белсенді қызмет атқарады. Мысалы, Органогендік пайдалы қазбалар таяз теңіздердің жағалаулық бөліктерінде және құрлықтың **көлді-батпақты** жағдайында жинақталған өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарынан пайда болған [5, 104].

Ұшан-дария сын. көз жеткісіз, ұшы қиыры жоқ, орасан көп. Солтүстік ұлы мұхитым, Ұшан-дария шегімсің (Жамбыл, Таңд.Шығ) [18,775].

Ұшан-теңіз сын. ұлан қайыр, шексіз шетсіз. Жайлау болып отырған ұшан-теңіз құба жонда соқа суыратын жер жоқ (Ғ. Мұстафин, Дауыл) [18,775].

Ұшан – сын. Ұшы-қиыры жоқ.

Ұшан лексемасы дария, теңіз сөздерімен қосарлану арқылы шексіз, шетсіз мағыналарын әсірелеп, толықтырып, мағынасын күшейтіп тұр.

Архетиптердің қатысуымен жассалған қос сөздердің ішінен терминдерді де кездестіреміз. Бірақ олардың аса көп емес екенін байқадық.

Мәселен, **топырақ-климат** топырақ және ауа райы.

Әскери-әуе сын.әск. Әуедегі қарулы күштерге қатысты, әуе операцияларын орындайтын.

Мұхиттың платформалар **мұхиттық-орталық** жоталар мұхиттық тип құрылымына жатады [5,86].

Жерге түсетін Күн радиациясы мен оның бетінен шығатын сәулеленудің арасындағы өзара арақатынасты **Жер-атмосфера** жүйесінің жылулық балансы деп аталады [19, 141].

Арал **теңіз-көлінің** су көлемі азайып, тұлдылық деңгейі артады [19, 216].

Зат есімнен сын есім тудырушы **-дық,-дік,-тық,-тік,-лық-лік** жұрнақтары қосарлы сын есімдердің жасалуына негіз болады. Мысалы, Жер қыртысының осьтік бөлігінде, платформада, қатпарлы аймақтарда **мұхиттық-орталық** жота және рифт зоналары бар жылжымалы белдеу түзе отырып, бағытталған дамуы [19, 20].

Топырақтық-мелиорациялық топырақтық – мелиорациялық аудандау. Табиғи және мелиорациялық жағдайына байланысты топырақтың жер бетіндегі таралуына қарай бөлінуі.

Қорыта келгенде, кез келген елдің егемендігін көрсететін басты белгілері – тілі, мемлекеттік рәміздері және жер аумағының болуы, осындағы жер ұғымының ауқымына қасиетті туған жердің топырағы мен ауасы, суы мен таутасы, орманы мен даласы кіреді. Қазақы тілдік санада ерекше орын алатын осындай қасиетті ұғым жерсуқос сөзінің семантикалық аясына шоғырланған. Оған қазақ тілінің түрлі лексикографиялық дереккөздерінен жиналған мысалдарға талдау жасау нәтижесінде көз жеткізіледі. Сонау көне түркі заманында қалыптасқан «ыдуқ йерсуб» (қасиетті жерсу) тіркесінің тұрақты қолданылуы аталмыш ұғымның тамыры өте тереңде екенін көрсетеді және бұл келешекте арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есенғұлов А. «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында». Алматы, 1981.
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағлымы». Алматы, 1992.
3. Сауранбаев Н «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» Алматы, «Мектеп», 1984.
4. Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер». Алматы, «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2010.
5. Қалабаева Т. «Қайталама қос сөздердің кейбір мәселелері» Қазақстан мектебі, Алматы, 1980.
6. «Қазақ грамматикасы». Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002 – 784 бет.
7. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, «Ана тілі», 1918.
8. Қайдар Ә. «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» 2013, «Сардар» баспа үйі.
9. Юнг К. Проблемы души нашего времени. – М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1994.
10. Южалина Н. С. Менталитет как социокультурная целостность : дис. … канд. культур.наук. – М.: РГБ, 2003.
11. Ә. Шаймердинова Н.Г. Когнитивная семантика языка древнетюркских письменных памятников. АДД., Астана, 2008.
12. І. Кеңесбаев «Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер».
13. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». VI том. Алматы, 2011.
14. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». XIV том. Алматы, 2011.
15. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». VIII том. Алматы, 2011.
16. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». I том. Алматы, 2011.
17. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». IV том. Алматы, 2011.
18. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». XIV том. Алматы, 2011.
19. «География» 8-сынып, Алматыкітап, 2018.

УДК 82-1

Тұрымбетова Ж.А.
Филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор,
Сулейман Демирель Университеті,
Қаскелен қ.
zhanagul.turumbetova@sdu.edu.kz

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СОПЫЛЫҚ САРЫН БАСТАУЛАРЫ

Түйін. *Түркі халықтары әдебиетінде суфизм поэзиясының негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы тек қана Орта Азия түркі халықтары ғана емес, сонымен қатар Кіші Азиядағы Анатолия топырақтарына қоныс аударған туысқан түрік халықтары арасында да танымал болғаны тарихтан мәлім.*

Түркістан пірі Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани Хикмет» кітабындағы Аллаға деген махаббат, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі және т.б. сопылық сарындағы өлең жолдары халыққа түсінікті қарапайым тілде жазылған құнды еңбек екені мәлім. Осы еңбек түркі әлемі поэзиясының қайнар көзі болып табылары да сөзсіз.

Кілт сөздер: *Түркі халықтары, суфизм, Қожа Ахмет Ясауи, мінажат.*

ПРОИСХОЖДЕНИЕ СУФИЙСКИХ МОТИВОВ В ТЮРКСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. *Ходжа Ахмет Яссауи считается основоположником суфийской поэзии в тюркской литературе. Его работы широко известны не только в Центральной Азии, но и среди тюркских народов, которые переехали в анатолийские районы.*

Туркестанский хаджи Ходжа Ахмет Яссауи в своей ценной книге «Диуаны Хикмет» выразил свою глубокую любовь к Аллаху и Святому Мухаммеду через суфийскую поэзию простым и понятным способом. Эта работа, несомненно, является началом тюркской поэзии.

Ключевые слова: *тюркский народ, суфизм, ходжа Ахмет Яссауи, молитва.*

THE ORIGINS OF SUFI MOTIVES IN TURKIC POETRY

Abstract. *Hodja Akhmet Yassaui is considered as a founder of Sufi poetry in Turkic literature. His works are widely known not only in Central Asia but also among Turkic people who moved to Anatolian areas.*

Turkestani hadji Hodja Akhmet Yassaui in his valuable book "Diuany Khikmet" expressed his deep love to Allah and Saint Mohammed through Sufi poetry in a simple and understandable way. This work is undoubtedly a beginning of Turkic poetry.

Key words: *Turkic people, Sufism, Hodja Akhmet Yassaui, praying.*

Тасаууф әдебиеті, ішкі рухани тереңдікке және Жаратқанға құштарлыққа бастайтын сөз өнері ретінде 8 – ғасырда мұсылман елдерінде қалыптасқан және исламның қайнар көзі саналатын Құран мен хадистерден бастау алған әдебиет түрі болып табылады.

Иман тақырыбына терең бойлаған алғашқы сопылар жаратылыстың таңғажайып сырлары мен Құранның ішкі мәнін және адамның болмысын ұғынуға талпыныс жасады. Қасаңдыққа бой алдырмай, шынайы ықыласпен жасалған бұл талпыныс кезінде сопылар Құран мен тәпсірге, хадис пен сүннетке және шариғат қағидаларына сүйенді.

Сопылық (суфизм немесе тасаввуф) – ислам дінінің таралуымен қатар ортаға шыққан діни және философиялық көзқарас болып табылады. Ислам дінінің негізінде VIII-ғасырда пайда болған сопылық көзқарастың негізі жүрек пен иманның тазалығы, пәктігі; Жаратушы Алла Тағаланы жүрекпен танып білу, әлемдегі жаратылған бар сұлулық – Алланың жансуы екенін мойынау. Сопы сөзі – дәруіштер киетін жүн киім сөзінен шыққан, себебі, арап тілінде «суф немесе соп», жүн мағынасын береді екен.

Сопылықтың өкілдері – сопылар (дәруіштер, пақырлар). Діни және философиялық көзқарас жүйесі ретінде бастауларын Ирактың Куфа және Басра қалаларында алған. Сопылықтың негізін

салушылар – Хасан әл-Басри (842-728), Зун-нун әл-Мисри (861ғ. қайтыс болған), әл-Мухасиби (781-857). Негізгі тұжырымдары: тарика(т) (жол), әл-хакк (ақиқат), вилайя (әулиелік), фани (бейболмыс, құрту, ғайып болу), хал, ишрак (нұрға бөлеу), вахдат әл-вуджуд (болмыс бірлігі). Атақты сопылар – әл-Джунайд, әл-Халладж, ар-Руми, әл-Бистами, әл-Газали, Ибн Араби, Қ.А. Ясауи [Mengi M., 2002, 30-б.].

Түркі халықтары поэзиясындағы суфизм сарындарының классикалық негізі Түркістан қаласы мен Орта Азия кеңістігіндегі Қожа Ахмет Ясауи және оның жолын ұстанған мұсылмандық-ағартушылық поэзия дәстүрінен бастау алады.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясындағы мұсылмандық-ағартушылық сарындардың ортақ арнасында Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы ықпалдастықтың тарихи дәнекері болып саналады. Қазақ және түрік ақындары поэзиясында Алланың жалғыздығын, Құранның шындығын, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хақтығын, ислам тарихы қайраткерлерінің ағартушылық тәрбиешілік ұлағатын жырлау дәстүрі бар. Бұл – Түркістан атырабындағы Қожа Ахмет Ясауидың, Ахмед Йүгінекидің, Сүлеймен Бақырғанидың, Софы Аллаярдың мистикалық, философиялық суфизм жолындағы шығармалары бағдарының өнегесі.

Академик В.А.Гордлевский Орта Азиядағы қазақтар мен Кіші Азиядағы түрік мәдениеттерінің рухани дәнекері Қожа Ахмет Ясауи және оның Түркістандағы кесенесіндегі қасиетті заттар туралы тарихи-этнографиялық мәнді ғылыми тұжырым жасайды: «Орта Азияда Ясауи тарикаты кеңінен тарады. Надир орденінің өкілдері де Ясауидің хикметтерін зікір кезінде шырқады... Қожа Ахмет Ясауи Кіші Азияның діни өміріне өте үлкен әсерін тигізді...

Көпшілік жиналған жиын – тойлардың куәсі, сыртқы көрінісімен сыйға тартылғандай әсер қалдыратын қазан Орта Азия мен Кіші Азияны жақындатады. Коньядағы Джеляледдин Руми түрбесінде (кесенесінде) сақталған қазанды монғолдардың орденді одағы бағыштаған болатын... Қонақжайлылық дәстүрін Кіші Азияда ахи діни – жауынгерлік бірлестігі қабылдаған, олардан рухани ізбасарлары болып саналатын бекташтар алды, аталған дәстүрді бекташтардан алған янычарларда қазан янычарлар ошақ бірлігінің эмблемасы саналады» [Гордлевский В.А., 1962, 368-б.].

Суфизм көзқарастарын ұстанушылар – дәруіштер. Дәруіштер – Орта Азияның және Қазақстанның, Кіші Азияның, жалпы бүкіл Шығыс елдерінің рухани – мәдени байланыстарының дәнекер тұлғалары. Бұлар – қарапайымдылықты ұлылық қасиет тұрпатында таныту жолындағы насихатшылар. Сондықтан да Шығыс классикалық әдебиеті алыптарының барлығы дерлік суфизм көзқарастарын ұстанды. Дәруіштік және софылық дүниетаным біртұтас көзқарастарды танытады. Бұл орайда суфизмді зерттеуші Идирис Шахтың пікірін негізге аламыз: «Дервиш мектептері поэзияның шынайы құндылығын мистикалық дайындыққа пайдалануға мамандандырылған болатын. Поэзия бірнеше қызмет атқарады. Сопы үшін ол өзінің «шынайылық» деңгейіне қарай мазмұнға ие. Мұхаммед пайғамбар көрсеткендей, барлық ордендерге діни негіздегі жырларды тыңдауға рұқсат етіледі. Ол былай дейді: «Кейде поэзия даналыққа құрылады...» Сопылар өлең тыңдауды, сондай-ақ тыңдаушының олардан пайдалы әсер алуын маңызды деп санайды. Дервиштік ұстаздар поэзияны толық түсінуге дайын еместерге поэзия қолжетімсіз деп есептейді» [Шах И., 1994, 338-339-б.б.].

Осы айтылғандарды жинақтай келгенде, Шығыстың классикалық поэзиясын қалыптастырған, дамытқан ұлы ақындардың барлығы дерлік аталған дәруіштік-софылық көзқарасы бағдарын ұстанған шығармашылық сипаттарымен ерекшеленеді. Софы-дәруіштердің насихаттық іс-әрекеттерінің әлем халықтарына, олардың рухани дүниетанымына әсер етуінде басқалардан гөрі түркі халықтарына ықпалы зор болды. Бұл туралы академик В.В.Бартольд былай дейді: «Белгілі сопылардың өмірбаяндарында өзге діндегілердің басым көпшілігіне исламды қабылдау жөнінде жасаған үндеулері айтылады; сопылар исламды уағыздау үшін далалық жерлерге, түріктерге сапар шекті, әр уақытта және күні бүгінге дейін кітаби дін өкілдеріне қарағанда түріктер арасында үлкен табысқа ие болды. Сопы-уағызшылар далада қасиетті соғыс және жұмақ рахаттары туралы емес; күнә мен тозақ азаптары туралы айтты және айтып келеді; Орта Азия мен Орталық Африкадағы европалық саяхатшылар, бір-біріне бағымсыз, күнә туралы және тозақ азабы туралы әңгімелердің исламның кеңірек тарауына әсер ететіндігі туралы шешімге келді» [Бартольд В.В., 1993, 54-б.].

Қазақ және түрік ақындары шығармаларының суфизм көзқарастары жүйесіндегі ықпалдастық дәстүрімен жырланғанын танимыз. Бұл арада, әрине, бүкіл түркі халықтарындағы суфизм поэзиясының негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани шығармашылығын әуелі

ауызға аламыз. Қожа Ахмет Ясауидің мистикалық-софылық дүниетанымы оның поэзиялық туындысы хикметтеріне негіз болды. Академик В.А.Гордлевский мынадай өзіндік тұжырым жасайды: «Мистик Қожа Ахмет түркілік емес топыраққа тарикатты негіздей отырып, рухани тұрғыдан Әбу Ханифаға бағыну керектігін баса көрсетеді. Тарикаттың аңқау ізбасарлары мұсылмандықтың төрт тағанының бірі болған «ұлы имамға» осы уақытқа дейін пір ретінде қарайды. Алайда қатал суннит тұрғысынан құдайды танудың ең сенімді жолы тарикат арқылы емес, зікір арқылы жүзеге асырылады» [Гордлевский В.А., 1962, 368-б.].

Қазақ және түрік ақындары поэзиясына көркемдік негіз болған Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде Алланың жалғыздығы, Құранның шындығы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хақтығы мұсылмандық сеніммен жырланды. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде Аллаға жалбарынған мінәжатымен фәнидегі нәпсіге байланысты болатын барлық іс-әрекеттерден бойын таза ұстайтын нағыз Дәруіш-Софының поэтикалық тұлғасымен дидарласамыз. Ясауи хикметтерінде ақынның өз атынан жырланатын «Мені» – көркемдік жинақтаумен жасалған тұлға. Бұнда ақынның өзінің де, өзінің жолын ұстанған рухани тазалық жолындағы насихатшы-тәрбиеші адам бейнесі де танылады. Мысалы, ақындық ойдың бірінші жақпен жырлауындағы поэтикалық жинақтау мұсылмандық сенім күшін айғақтайды:

Зікір салып мүсәпір-дуана болдым,
Хақтан өзге бір сөз де сөйлемес болдым.
От іздеген көбелектей шәкірт болдым,
Шоқ болып күйіп-жанып ұштым міне.

Жалған атақтан арылып сәби болдым,
Алла атын айта-айта ашық болдым.
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
“Фанафи Алла” мақамына салдым міне.

Сүндеттерін бекем ұстап үмбет болдым,
Жер астына жалғыз кіріп нұрға толдым.
Софылардың мақамына жақын болдым,
Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым міне”

[Ясауи Қ.А., 1993, 19-20-б.б.].

Қожа Ахмет Ясауи Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың фәниден өткенге дейінгі жасы – алпыс үшке келгенде, жер асты мекені – қылуетті мекендейді. Академик В.А.Гордлевский айтқандай: «Қожа Ахмет жалғаннан бойын аулақ ұстаған алпыс үш жыл бойы шын ықыласымен күндіз түні жалбарына дұға қылды. «Жер бетінде қанша өмір сүрсем, жер астында сонша ғұмырымды өткіземін» – деді Қожа Ахмет Мұхаммед жасына жеткен кезінде» [Гордлевский В.А., 1962, 362-б.]. Демек, қазақ және түрік поэзиясындағы Ясауи дәстүріндегі мистикалық – софылық сарындар ислам діні қағидаларымен сабақтасады.

Қазақ және түрік мәдениеттері тарихындағы дәруіштер-софылар болып аталатын тұлғалардың Шығыс классикалық поэзиясына ортақ жырлануында да осындай негіз бар. Бұл арада тағы да Ясауи хикметтерінде дәруіштер- софылар тұлғаларының жырланатындығын назарымызға аламыз:

Хош хайыптан келіп түсті бір топ дәруіштер
Көңілінде зікірі, көзден таса дәруіштер.
Тынбай жүріп жол шегіп, тына қалса тәкбір айтар,
Сұхбаттас кісі табылса, сұхбат құрар дәруіштер.
Киімдері мың шоқпыт, көңілінде бір Алла,
Қызмет қылар әр күні тыным таппас дәруіштер.
Иінінде кір шапаны, қолға ұстаған асасы,
Ізгі мұрат жанында ”Алла!”дейді дәруіштер,
Арғы – бергі пақырлар, көңіл шаһарын кезгендер,
Жан сарайы нұрланып, бақыт кешкен дәруіштер.
Көзде жасын құрғатпас, жасы аққан дәруіштер,
Жаныменен сырласып, тіліменен мұңдасып.
Ғашықтықпен жан кешкен, реңі сары дәруіштер

[Ясауи Қ.А., 1993, 83-84-б.].

Осындай бағдарды қалыптастырған Шығыс классикалық поэзиясының алыптары Әбілхасан Рудакидің, Омар һәйямның, Жәләладдин Румидің, Шәмсәддин Хожа Хафиздың, Шейх Сағди Ширазидің, Әбдірахман Жәмидің, Әлішер Науаидың және т.б. ақындардың шығармалары суфизм дүниетанымын поэзия тілімен, поэтикалық көркемдік астарлармен бере жырлайды. Суфизм теориясын зерттеуші Идрис Шахтың пікірі классикалық Шығыс поэзиясының түрік халықтары (қазақ, түрік және т.б.) сөз өнеріне де игі ықпал жасағандығын дәлелдейді: «…мұсылмандық өркениет орта ғасырларда дамудың биік дәрежесіне жетті, барлық халықтардың мистикалық қозғалыс байланыстары, мистицизмнің аз ғана адамдар ішінде және мүлдем құпия топтармен шектелген кезеңіне қарағанда, анағұрлым тығыз болуы керек еді. Енді сопылық көптеген бағыттар бойынша дами бастады. ... Өз теорияларын қоғам сұраныстарына сай икемдей алған сопылық әншілер мен ақындар Шығыстың классикалық мұрасына айналған туындыларды дүниеге әкелді» [Шах И., 1994, 56-57-б.].

Орта Азиядағы Түркістан төңірегіндегі суфизм ақындарының шығармашылығында қалыптасқан исламдық дүниетанымды жырлау дәстүрі Шығыстың классикалық әдебиетіндегі аталған алыптар мұраларымен сабақтасады.

Қожа Ахмет Ясауи, Ахмед Йүгінеки, Жүсіп Баласағұн және т.б. түркі ақындарының шығармашылығында Аллаға мінажат өлеңдері ерекше орын алады. Ақындар Жаратушы Алланың құдіретіне бас ие, оны дәріптей жырлайды. Аллаға мінажат ете жырлау исламдық суфизм поэзиясында дараланған ерекшеліктердің бірі. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауидің «Ақыл кітабы» («Диуани хикмет») кітабындағы 17–хикметінде мынадай мінажат жырланады:

Рахметіңнен шет қалдырма мен ғарыпты,
Демімді алмай жылап дұға қылам саған.
Түні бойы дөңбекшіп таң атқанша,
Көз ілместен жылап дұға қылам саған.
Алдыңа енді келдім белім байлап,
Іші–бауырым шерге толды қаным қайнап.
Жағамды ұстап өткен іске егіле жылап,
Ықыласыммен еңіреп дұға қылам саған.
Көңіл бағының балауса екенін ұқпай жүрдім,
Бар өмірім қазан болды енді білдім.
Дүниені тастап дін жолына қадам қойдым,
Бұлбұлың боп жылап дұға қылам саған…
…Құл Қожа Ахмет нәпсі тағын тастап қашты,
“Фана фи Алла” мақамына жуықтасты.
Жүрек, бауырым алып-ұшып қайнап тасты,
Бұл халменен жылап дұға қылам саған

[Ясауи Қ.А., 1993, 49-50-б.].

Ясауидың «Ақыл кітабындағы» «Барлық арман–тілектерді қабыл алушы Алла Тағаланың мейіріне мінажат» атты хикметі – түркі поэзиясындағы исламдық көзқарастарды жырлаудың классикалық үздік үлгісі. Өлеңде ақынның миллиондаған мұсылмандардың жүрек сырын білдірерліктей лирикалық толғаныстары романтикалық-реалистік көркемдікпен өріледі. Мінажат өлеңдегі Аллаға жалбарына арналған тілектер адамдардың көңіл– күйлеріне ортақ мойынсұну, жұбаныш мағыналарын толық аңғартады. Мысалы, «Мінажат еттім, міскін Қожа Ахмет, иә, Алла, бар пендеңе қыл рахмет!», «Жүзін беріп пәруардігарым, өзін жолға салсын Бір және Барым», «Менің хикметтерім – ісім мен сөзім, Алла, көңілімде болсаң, қорғаушым да өзің!» және т.б.

Дәруіштер тек шындыққа, ақиқатқа негізделген өмір бағдарын ұстанған. Дәруіштер тіршіліктегі Жаратушы негіздеген заңдылықтардың сақталуын өздерінің жүріс–тұрыстарымен дәлелдеуді мұрат етеді. Олар табиғатты жанды және жансыз заттардың барлығына да қамқор көңілмен қарайды. Қарапайым киінуді, жеңіл тамақтануды, қоршаған ортаны ластамауды, ешкімді ренжітпеуді және т.б. сан түрлі тұрмыстық әрекеттердің барлығында да тек ғана баршаға жайлылықты, жағымдылықты сақтауға дәруіштер негізгі заңдылықтар қалпында қарайды.

Исламдық көзқарастар жүйесінде түркі ақындары осы дәруіштік өнегелі тұлғаны жырлайды. Қожа Ахмет Ясауидің 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48 – хикметтерінде суфизм поэзиясына ортақ дәруіштердің поэтикалық бейнелері тұлғаланады. Ақын бейнелеген дәруіштердің ішкі жандүниелері, қоршаған

әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттері, қимыл-қозғалыстары психологиялық тұрғыда реалистікпен жырланады. Көңілдерінде Алла зікірі, киімдері өте жұпыны дәруіштер тұлғалары арқылы қарапайым өмір сүрудің ұлылығын дәйектей, дәлелдей түседі:

Иінінде кір шапан, көкірегінде жүз мың арман,
Бұл дүние опасыз, көзіне де ілмес дәруіштер.
Иығында шапаны, қолға ұстаған асасы,
“Ізгі мұрат жанында Алла!” дейді дәруіштер.
Арғы тегі пақырлар, көңіл шаһарын кезгендер,
Жан сарайы нұрланып, бақыт кешкен дәруіштер.
Машайықтың сыры мол, қызмет қыл да жалбарын,
Пайғамбардан мұра боп келе жатыр дәруіштер

[Ясауи Қ.А., 1993, 83-84 -б.б.].

Ясауи «дәруіш», «пақыр», «машайық», «міскін», «ғашық», «ғаріп» сөздері арқылы софылық поэзиядағы негізгі тұлғаның поэтикалық бейнесін анық елестетеді.

Қожа Ахмет Иасауи хикметтері негізінде жырлаған ақындар Алланың жалғыздығын, Құранның шындығын, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хақтығын мұсылмандық сеніммен жырлады. Қазақ және түрік поэзиясындағы сопы – фақыр – дәруіш тұлғаларының көңіл-күй сарындары бірнеше мәселелерді қамтиды: бірінші – пенделердің күнәларын кешуді өтініп Жаратушы Аллаға жалбарынуы, жалынуы; екіншісі – Алланың жердегі елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың және оның сахабаларын мақтаныш ету, мадақтау; үшіншісі – лирикалық қаһарманның өзінің жан сезімі арқылы фәнидегі адамдардың қасиеттерін саралап, оларға баға беруі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Mengi, Mine. Eski Türk Edebiyatı Tarihi. Edebiyat Tarihi-Metinler. Akçağ Print Publications Pazarlama A.Ş. Ankara, 2002.
2. Гордлевский В.А. Избранные сочинения. История, культуры. Москва: Из-во восточной литературы, 1962,-Т.3.-588 с.
3. Шах Идрис. Суфизм.Москва: Крышников, Комаров и К*, 1994.-447 с.
4. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии.-Алматы: Жалын, 1993.-192 с.
5. Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет /Ақыл кітабы/. Алматы: Мұраттас, 1993.-262 б.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ
ART

Жумасеитова Г.Т.
кандидат искусствоведения, ассоциированный профессор,
зав.кафедрой искусствоведения и арт-менеджмента
Казахской национальной академии хореографии,
г.Астана, gulnara_ili@mail.ru

БАЛЕТНОЕ ПРОЧТЕНИЕ ПОЭЗИИ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

Түйін. *Мақалада автор танымал ақын Олжас Сүлейменовтің поэзиялық туындысын хореографиялық өнер арқылы зерделеудегі қазақ балетмейстерлерінің талпынысына тоқталады. Зерттеу нысанына балетмейстер Заур Райбаевтың Абай ат. МАОБТ сахнасында қойған «Фрески» балетінің қойылымы алынды. Балет классикалық биді тұрмыс, спорт, акробатика пластикасымен ұштастыру, адам сезім-күйін дәл жеткізетін шартты-таңбалы, экспрессиялы қозғалыстарды кірістіру арқылы би формаларын жаңаша зерделеудегі қазақ балетмейстерлерінің алғашқы ұмтылыстарының бірі ретінде ұлттық хореография тарихына енді. Сүлейменов поэзиясының көпқырлылығы, образдық күрделілігі аталған балеттік спектакльдің архитектоникасын айқындайды.*

Резюме. *В статье автор останавливается на попытке казахских балетмейстеров прочитать поэтическое творчество известного казахского поэта Олжаса Сулейменова посредством хореографического искусства. Объектом исследования стала постановка балетмейстером Зауром Райбаевым балета «Фрески» на сцене ГАТОБа им. Абая. Балет вошел в историю национальной хореографии, как одна из первых попыток казахских балетмейстеров по-новому подойти к формам классического танца, сливая его с пластикой быта, спорта, акробатикой, вводя условно-символические и экспрессивные движения, непосредственно выражающие чувства человека. Многослойность сулейменовской поэзии, образная сложность определили архитектонику этого балетного спектакля.*

Summary. *The author dwells on the Kazakh choreographers who attempt to read the famous Kazakh poet Olzhas Suleimenov's poetry through choreographic art in the article. The object of the study was the production of choreographer Zaur Raybaev's ballet "Fresco" on the stage of State Academic Theatre of Opera and Ballet named after Abay. Ballet entered the history of Kazakh national choreography, as one of the first attempts of Kazakh choreographers was a new approach to the forms of classical dance, merging it with the plasticity of life, sports, acrobatics, introducing conditional symbolic and expressive movement, directly expressing feelings. Stratification of Suleymenov's poetry, figurative complexity had defined the architecture of the ballet performance.*

Имя Олжаса Сулейменова широко известно во всем мире. Его поэзия, литературоведческие труды, исследования по истории и этимологии тюркизмов, общественно-политическая и дипломатическая деятельность всегда вызывали интерес у широкой общественности и ценителей хорошей поэзии, а также нешуточные споры и разногласия среди наиболее образованной литературной элиты Советского Союза. По праву считающийся глашатаем казахского народа в мировом пространстве, поэт всегда писал о том, что по-настоящему волнует и трогает его сердце, сердце истинно народного поэта. Неизведанные темы, современный подход к страницам прошлого, небанальное прочтение и, самое главное, выраженная гражданская позиция поэта делают его произведения остросовременными и злободневными. О. Сулейменов – один из немногих поэтов, чьи произведения в свое время попали под запрет партийных деятелей и чиновников от литературы.

Кинематографисты неоднократно обращались к его творчеству, есть несколько фильмов, созданных по сценариям О. Сулейменова. К сожалению, деятели сценического искусства пока почти не обращались к его поэзии, не было попыток прочитать поэтические строфы Сулейменова посредством театральных приемов и средств выразительности. Думается, все, кто пытался перевести его поэзию на театральный язык, сталкивались с проблемой ее адекватного сценического воплощения. Человек и Природа, Человек всех времен, его неизбывная сущность, его вечные потери и приобретения, утверждение человеческого достоинства перед Вечностью, гуманистические и нравственные идеалы – философская доминанта поэзии Сулейменова весьма обширна.

При этом одно дело, когда человек сам с собой наедине читает, то или иное произведение. Если оно его затрагивает, то он образно все представляет в действии, слове, в звуках, красках и в разных других средствах выражения своего внутреннего мира. В этот момент происходит трансформация представляемых образов в действии, но, когда к этому подходит художник, осуществляется конкретная трансформация литературы в сценическое, музыкальное, изобразительное, хореографическое искусство.

Так произошло и с постановкой балета «Фрески», где группа по-настоящему творческих, ищущих художников смогла адекватно художественной многозначности прочитать на балетной сцене поэму О. Сулейменова «Глиняная книга». Многослойность сулейменовской поэзии, образная сложность определили архитектонику этого балетного спектакля.

Балет «Фрески» на музыку Тимура Мынбаева поставлен известным казахским балетмейстером Зауром Райбаевым в 1981 году. На сцене оживают девять фресок по мотивам поэмы О. Сулейменова «Глиняная книга». Далекие исторические события, дошедшие до нас в виде легенд и сказаний, в поэтическом изложении талантливейшего казахского поэта повествуют о сильных людях, остающихся порядочными, несмотря ни на что, о красоте и силе любви.

Не открытие, что в балетном искусстве все «живет» только в синтезе, и только синтез позволяет стать разрозненным элементам произведением искусства. Механизм этого синтеза достаточно сложен. Кому-то из балетмейстеров никогда не удается найти ключ к его разгадке, некоторые сразу приходят к удачным решениям. Другие же приходят к этому через годы, когда зрелость и мастерство подводят их к этому. Так можно сказать и о Зауре Райбаеве, выпускнике 1962 года, Государственного института театрального искусства им. Луначарского.

До «Фресок» им было поставлено немало балетов, снискавших зрительскую любовь и одобрение коллег. К этому времени в его постановочном багаже были «Хиросима» и «Акканат» Г. Жубановой, «Чин-Томур» К. Кужамьярова, «Спартак» А. Хачатуряна и др. Для постановочного принципа З. Райбаева характерна высокая культура, чувство современности, владение всем арсеналом современных пластических средств выражения. Для него главное, не события, а оценка отношения к ним людей, их чувства и поступки.

Об истории создания балета хореограф рассказывал следующее. «Композитор пригласил меня и дирижера В. Руттера для прослушивания музыки поэмы «Фрески», которую он нам сыграл на фортепиано. Ритмически очень «дерзкая», яркая, образная, она состояла из разных самостоятельных частей, не связанных друг с другом: каждая «фреска», каждый музыкальный пласт разнохарактерны. Это требовало какого-то нетрадиционного драматургического ключа при создании сценария. Я сказал, что подумаю над сюжетом, и дома перечитал уйму исторических и художественных книг.

Остановился на «Глиняной книге» Олжаса Сулейменова, с которым был дружески знаком ещё с 50-х годов и поэзию которого любил и знал. Музыка «Фресок» Мынбаева соприкасалась с тематикой «Глиняной книги», она помогла мне сформировать концепцию спектакля в виде девяти картин, объединенных музыкальным вступлением к каждой картине, словно нитью, на которую нанизаны бусы-фрески. В либретто, написанном мной по «Глиняной книге», предстали история, жизнь, быт древних скифов, населявших территорию Казахстана в IV-VI веках. Поэтому хореографическая лексика не могла быть чисто классической. Она сама напрашивалась на синтез казахского народного, классического и современного танцев.

При создании спектакля я тесно сотрудничал с композитором Т. Мынбаевым, с главным дирижером В. Руттером и художником-постановщиком Е. Сидоркиным. Это было необычное явление, чтобы балетный спектакль оформлял художник-график: обычно это поручалось художникам-живописцам. Но Е. Сидоркин отлично справился со сценографией. Тема каждой фрески, выдержанная в манере скифского тератологического стиля, определяла сюжет сценического действия. Художник проявил себя прекрасным знатоком древней культуры и великолепно «вписался» в наше сотрудничество в постановке балета» [1].

Балет «Фрески» ошеломляет яркостью, красочностью сценического действия, экспрессией и лаконизмом. Но яркость и красота эта не во внешних атрибутах, а именно в решении и осмыслении самой темы, напряженного драматизма в кульминационных моментах. Три важнейших компонента – музыка, танец и художественное оформление – гармонично слились в единое целое. Партитура балета построена на конфликтном столкновении двух противоположных миров: светлой, эмоционально открытой лирики, воплощенной в образе богини Ишторе, и сил зла – воинственных иш-кузов. Смысловое содержание балета опирается на яркую художественно-интонационную основу, в которой уловимы национальный казахский мелос и разнообразие современных ритмов, диктуемых динамикой повседневной жизни.

Первая фреска – «Каменные бабы». На сцене встает багровое солнце, высвечивая древнеассирийский храм. Жрицы богини Ишторе встречают его восход танцем-заклинанием, чтобы охота была удачной.

Но вот в музыке нарастает тревога, слышится грозная воинственная мелодия – так начинается вторая фреска «Нашествие Иш-кузов». Словно смерть, сметая все на своем пути, в храм врываются воины вождя ишкузов Ишпаки. И начинается танец завоевателей. Грозно, выразительно звучит музыка в этой фреске. Также мужественен и танец воинов. Появление вождя сопровождается всеобщим приветствием. Один взмах руки – все падают ниц. Еще один взмах – и воины в едином порыве устремляются на поле битвы.

Седьмая фреска – «Тризна». Здесь перед зрителями разворачивается настоящее пиршество танца. Народные обряды и игры сменяют друг друга. Ишкузы справляют тризну по своему вождю Ишпаку. Каждая игра как законченная картинка художника.

Справедливо полагая, что вместе с изменением и модернизацией действительности должно модифицироваться и отражающее его искусство хореографии, З. Райбаев создает и особый танцевальный язык, отличающийся от пластики традиционных персонажей балетов прошлого. Для этого хореограф вместе с прекрасными интерпретаторами его замыслов солистами Г. Туткибаевой, Е. Асылгазиновым, Т. Нуркалиевым, М. Кадыровой и артистами балетами смело обновляет формы классического танца, сливая его с пластикой быта, спорта, акробатикой, вводя условно-символические и экспрессивные движения, непосредственно выражающие чувства человека.

Постановка отмечена сложностью и многоплановостью хореографического решения: монологи и дуэты героев, массовые танцевальные сцены племени иш-кузов и кентавров, решенные балетмейстером преимущественно на синтезе классической и современной лексики танца, искусно расцвеченного необычным орнаментальным положением рук и головы, ярко контрастны и символичны. Угловатость, огрубленность танцевально-пластических движений еще более подчеркнута механичностью исполнения кордебалета. Балетмейстером найден поэтический, во многом условный язык балета, наполненный разнообразными фигуративными сочетаниями и поиском новых форм выразительного танца.

Сферы, из которых черпает свои художественные средства хореограф, весьма разнообразны. Райбаев делает пластически выразительными и танцевальными, казалось бы, самые не хореографические явления жизни. Говоря о языке, хотелось бы отметить следующее: в балете почти нет чисто казахских танцевальных движений, какие мы обычно привыкли видеть. Он здесь настолько трансформировался, гармонично сливаясь с новым пластическим языком, что уловить это почти невозможно. Но ощущение национальной принадлежности балета все равно определено. Она ощутима в слиянии музыки и хореографии, в полифоническом звучании цвета и света, в условности и пространственном решении спектакля.

Вместе со своими соавторами-единомышленниками постановщик стремится пронизать актуальным содержанием историческое предание, а судьбы далеких предков сделать судьбой нашего современника. Сопричастность современности чувствуется во всем. Музыка необычайно сложная, в ней присутствует мелос казахских кюев и в то же время есть что-то от молодежного хэви-металла. Иногда она представляется сплошной какофонией звуков, иногда гармоничным синтезом симфонического многоголосия. «Фольклорному образно-стилевому комплексу композитор противопоставляет, а порой и взаимообуславливает образный строй иного плана. В нем находят свободное применение новейшие стилевые приемы с их ритмическим многообразием, развитым инструментальным, оркестровым мышлением, гармонической и полифонической усложненностью. Партитура балета насыщена также особыми исполнительскими приемами. Таким образом, композитор, обращаясь к древнему сюжету, воплощает его современным языком» [2, с. 99].

Впервые казахский балет ставился на столь сложную по восприятию музыку. Балеты «Аксак-кулан» А. Серкебаева и «Фрески» Т. Мынбаева обозначили собой обновление музыкального хореографического языка через углубленное освоение фольклора и современной тематики, интереса к театрализации национальных обрядов. То, что еще в 20-х годах XX века открыл в балетной музыке И. Стравинский - новый подход к фольклору и театральную природу балетной музыки, можно почувствовать и в музыке А.Серкебаева. Об этом в свое время интересно писала музыковед Федянина: «Обращенный к доисторическим временам – судьбе племени иш-кузов, он и визуально через стилевую фресковость панно Е.Сидоркина, и на слух благодаря «прорастанию» кюевой целостности из «обломков» характерной ритмики и интонационности архаичен. Этим «Фрески» перекликаются с «Весной священной» И.Стравинского» [3, с. 131].

Отказ З. Райбаева от сюжетной конкретности либретто идет тоже от современного хореографического стиля. Для него важны характеры, завязывающие трагический узел повествования. Поэтому в спектакле нет коллизий, составляющих зачин драмы, нет подробностей знакомства с героями. Отсюда – и оформление спектакля.

Огромный простор сцены вписан в цветовую раму-палитру. Герои все время живут в затемненном мире света и цвета, словно на просторе Вселенной. Убранство сцены, созданное художником Е. Сидоркиным, как бы предвещает значительность и трагедийность всего того, что покажет спектакль. И костюмы, так же как музыка и хореография, играют на современность и образную лаконичность спектакля.

Никакого намека на национальную принадлежность. Трико и купальники телесного цвета при приглушенном свете создают иллюзию обнаженного тела, выделяя лишь украшения на груди жриц. В некоторых сценах к костюму добавляется определенная деталь, дающая обозначение происходящему. Например, легкие шарфы в сцене свадьбы, головные уборы в фреске «Тризна», какие обычно надевают женщины с казахскими балетными костюмами.

Лаконизм средств – первый признак мастерства, именно это отличает балет З. Райбаева от других. Здесь с огромной силой проявился дар обобщений и символов, всеохватная сложность классического танца, его ассоциативная емкость. Во «Фресках» З. Райбаева место действия, как в театре Шекспира, – мир в целом, поэтому так многомерны его художественные образы. «Там приемы театральные и хореографические вырастают из музыкальной образности и, сплетаясь с нею, образуют тот желанный органический союз, которым отмечено лучшее из созданного в балетном мире сегодня» [4, с. 98].

«Фрески» – балет о величии исторического прошлого казахов, спектакль глубоких размышлений и больших проблем. Работа балетмейстера, композитора и художника, работа единомышленников во многом определили его силу и убедительность. Спектакль, в какой-то степени, стал этапным для решения национальной и одновременно современной темы в казахском балетном театре именно потому, что он обобщил накопленные ранее достижения, открыв этим новые пути и перспективы развития казахского балета. Премьера этой балетной постановки состоялась в Ленинграде, далеком 1981 году, когда театр оперы и балета им. Абая поехал на гастроли с творческим отчетом в северную столицу.

Из представленных восьми работ театра балет «Фрески» вызвал наибольший интерес среди коллег и отзывов в газетных и журнальных рецензиях. Известный советский танцовщик и хореограф, партнер легенды русского балета Галины Улановой, Константин Сергеев так отозвался о балете «Фрески». «Авторы и исполнители создали спектакль большого дыхания, глубокого содержания и поэтической образности, ставшей центральным событием гастролей.… Из музыки вытекает пластическое решение спектакля, поставленного главным балетмейстером театра, заслуженным деятелем КазССР Заургали Райбаевым. Музыка подсказывает танцевальную образность, оригинальные приемы фиксации поз, фигур, отдельных групп в форме фресок. Их перекличка, сочетание, со скульптурной лепкой фресок и живописью панно, спускающихся с колосников делает спектакль удивительно целостным» [5, с. 4].

Эти поиски в области национальной хореографии были многолетними и достаточно трудными. Они заключались в выборе темы, сюжета, героя, выразительных средств и самого пластического языка. Просчетов и неудач на этом пути насчитывается гораздо больше, нежели находок и побед. Тем более для сегодняшних деятелей национальной хореографии, важно сохранить те крупицы истины и позитивный опыт, который, с течением времени, развитый и обогащенный достижениями хореографов нового поколения, позволит создать по-настоящему современный национальный балет.

Литературное творчество талантливого казахского поэта современности Олжаса Сулейменова, воссозданное и интерпретированное на балетной сцене Государственного академического театра оперы и балета им. Абая – это щедрый дар, завещанный национальной культуре своего народа гражданином и поэтом. Поэтом, соединяющим времена и культуры, дающим забытому новую жизнь, умеющему вписать современность в вечность и вечность в сегодняшнее течение жизни.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Из интервью хореографа Заургали Райбаева магистранту А.Садыковой 2.02.2008. опубликовано в журнале «Простор» № 12, 2010 г. // Балетный спектакль «Фрески» и его роль в судьбах национальной хореографии Казахстана. С. 163-170.
2. Кузембаева С. Воспеть прекрасное. – Алма-Ата: Онер, 1982. - 246 с.
3. Федянина Л. Классика казахстанского балета. // В сборнике «Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски. Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. 287 с.
4. Соколов-Каминский А. Советский балет сегодня. – М.: Знание, 1984. - 128 с.
5. Сергеев К. Рассказано языком танца. // Ленинградская правда, 18 июля 1981 г.

Каумбаев Е.Ж.
Өнертану ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ.
E-mail: ministr_erasyl@mail.ru

АЛТАЙ ТАРБАҒАТАЙ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, КОМПОЗИТОР, ДАРАБОЗ КҮЙШІ – ДӘУЛЕТ ХАЛЫҚҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Түйіндеме. *Мақалада Алтай Тарбағатай дәстүрлі күйшілік өңірінің өкілі Дәулет Халықұлы тұлғасының шығармашылық келбеті көрсетілген. Дәулет Халықұлының «Қос Шіңгіл», «Тарту», «Тасқын», «Ян-ан» күйлерін негізге ала отырып, музыкалық тұрғыда талдау жасалынды. Шығармаларын талдау барысында күйшінің басқа күйшілерден орындаушылық шеберлігінің өзгешелігіне назар аударылды. Мақалада күйшілік пен композиторлықты қатар ұстанған тұлғаның жан-жақты қырлары сөз болмақ.*

Кілттік сөздер: *домбыра, өнер, күй, орындаушы, жалғастырушы, шығарма, композитор, шығармашылық, шебер орындаушы, аспап, дәстүр.*

Резюме. *В статье говорится о творчестве выдающегося исполнителя традиционной школы кюй Алтай Тарбагатайского региона – Даулете Халыкове. Беря за основу кюи Даулета Халыкулы, такие как "Қос Шіңгіл, Тарту, Тасқын, Ян-ан " был проведен музыкальный анализ. Во время анализа было выявлено, что исполнительское мастерство кюйши имеет своеобразие и превосходство над другими исполнителями. В этой статье будет идти речь об особенностях исполнителя который обладал исполнительскими и композиторскими качествами.*

Ключевые слова: *домбра, искусство, кюй, исполнитель, продолжатель, произведения, композитор, творчество, виртуоз, инструмент, традиция.*

Summary. *In the article is discussed about Daulet Khalykov – a performer of traditional school of kui at Altai Tarbagatai region. Taking as the base the kui of Daulet Khalykuly such as "Kos Shingil, Tartu, Taskyn, Ian- an" a musical analyze was conducted. During the research work, it was found that the performance skill of Daulet Khalykuly has the advantage over the other kui players and has its own peculiarities. In this article, we are going to discuss about the peculiarities of individual who has performing and composing skills.*

Key words: *vocal department, pedagogics, vocal school, solo singing, composition, composer, creation, virtuoso, musical instrument, tradition.*



Қазақ жерінде әр аймақтың өңірлік, орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты дараланған күйшілік мектептер қалыптасқан. Атап айтсақ, Батыс Қазақстан және Маңғыстау, Сыр бойы, Қаратау, Жетісу, Арқа, Шығыс Қазақстан аймақтық күйшілік дәстүрлері. Еліміздің шығыс өңіріндегі күйшілік дәстүрдің тамыры тереңнен бастау алған. Аймақтық жағынан да кең ауқымды болып келеді. Республикамыздың шығыс өлкесі Семей өңірі, Алтай тауынан Сарыарқа даласына дейінгі аймақ, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, Моңғолияның Баян-Өлгей аймақтарына дейінгі аралықты қамтиды. Осы аталған аймақтардың ішінде ерекше көзге түсетіні Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі.

Шыңжаң өлкесі үлкен, ірі үш аймақтан тұрады: Алтай (орталығы Алтай), Тарбағатай (орталығы Шәуешек), Іле (орталығы Құлжа). Тарихи деректер бойынша бағзы заманнан "қазақ" жері болған Шыңжаң өлкесін ата-бабаларымыз Шығыс Түркістан деп те атаған. Бұл территорияда Орта және Ұлы жүз рулары орныққан. Ол Алтай және Тарбағатай керейлер мен наймандардың ертеден келе жатқан бесігі. Бұл рулардың мемлекеті дәл осы жерде пайда болған [1,119 б]. Шыңжаң өлкесі әсем табиғатымен қатар дәстүрлі өнерімен де ерекше көзге түседі. Әсіресе дәстүрлі күй өнері бөлек бір төбе.

Шыңжаң қазақтарының күй өнеріндегі орындаушылығы Қазақстанның орталық, шығыс, оңтүстік және оңтүстік шығыс өңірлеріне тән орындаушылық дәстүрінде қалыптасқан. Аймақта домбыра күйлерімен қатар сыбызғы күйлері де тең дәрежеде дамыған.

Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағында дүниеге келген, дәстүрлі күй өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан күйшінің бірі - Дәулет Халықұлы. Күйші - 1939 жылы Алтай аймағы, Шіңгіл ауданы Аралтөбе ауылының Қарағаш деген жерінде дүниеге келген. Руы - Керей. Әкесі халық домбыра тарта білген, анасы Нұрғайша - еңбекқор, қарапайым жандар болған. Жастық шағынан анасының бесік жырын естіп, әкесінің домбырасынан шыққан қоңыр үнін тыңдап өскен Дәулет, музыка өнеріне бейімделе ержетеді [2, 1-16 б]. Дәулет Халықұлы күй шертуді 7-8 жасында өз әкесінен үйрене бастайды. Ол жастайынан Әшім Дүңшіұлы, Тайыр Белгібайұлы, Әліппек Мәлікұлы сияқты белгілі күйшілерден күй үйреніп, домбыра тартудың қыр-сырын меңгереді.

